



*Қазақ,  
ономастикасының,  
мәселелері*

Қазақ ономастикасының мәселелері. — Алматы: Ғылым, 1986. — 136 б.

Оқырмандар қауымына ұсынып отырған бұл кітапта қазақ ономастикасының салалары — топоним, антропоним, этноним, зоонимдердің шығу, пайда болу тарихы мен олардың түп-төркіндері, тегі және мән-мағыналары тарихи-лингвистикалық тұрғыдан жан-жақты талданады.

Әсіресе, күні бүгінге дейін көпшілікке беймәлім, бұрынғы мағыналары күңгірттеніп, құпия боп кеткен (әу бастапқы тұлғалары өзгерген) көптеген атаулардың (ономастикондар) сырылаты түркі тілдерімен салыстырыла отырып ашылады.

Кітап негізінен лингвисттерге, тарихшылар мен географтарға, жоғары оқу орындары мен орта мектеп оқушыларына, қалың көпшілікке арналды.

Редколлегия мүшелері:

*Ә. Қайдаров, А. Әбдірахманов, Т. Жанұзақов,  
О. Нақысбеков*

Жауапты редакторы

*Т. Жанұзақов*

К 4602000000—121 146.86  
407(05)—86

© Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1986

## АЛҒЫ СӨЗ

Қазақ тіл білімінің жаңа саласы ономастика соңғы 20 жыл ішінде қауырт зерттеліп, жеке-жеке монографиялық еңбектер, жүздеген ғылыми мақалалар мен ономастикалық сөздіктер жарық көрді. Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институтының ономастика бөлімінде істейтін қызметкерлердің біразы кандидаттық және докторлық диссертация қорғады. Қазір де бұл салада еңбек етіп, ізденіп жүрген аспиранттар мен ғылыми қызметкерлер саны аз емес.

Ономастика бөлімі республикамыздың кең-байтақ ұлан-ғайыр жеріндегі жер-су аттарын мұқият жинап, ономастикалық бай картотека қорын жасауға кірісті. Соңғы бес жыл ішінде ұйымдастырған экспедиция нәтижесінде Орталық Қазақстанның Жезқазған, Қарағанды, Көкшетау, Павлодар, Целиноград, Торғай облыстарынан қыруар материалдар жиналды. Бөлімнің онбірінші бесжылдық жоспары бойынша «Орталық Қазақстан топонимдері» атты зерттеу жұмысы қызу қолға алынып отыр.

Ономастика тек қана лингвистикалық тұрғыдан ғана емес, тарих, этнография, география сияқты ғылымның басқа салаларымен де тығыз бірлікте зерттеледі. Сондықтан да оның ғылыми өресі кең. Оның қорамдық мәні мен қызметі зор. Осы себептен де бұл күнгі ономастиканы зерттеу халықаралық мәнге ие боп отыр. Демократиялық Халық Республикаларынан — Поляк Халық Республикасында, Болгарияда, Чехословакияда, Герман Демократиялық Республикасында, Югославия мен Вен-

герияда ірі зерттеулер жасалуда. Ол елдерде «Онома», «Ономастика» атты арнайы журналдар да шығады.

Мұндай журналдар АҚШ, Ұлыбритания, Австрия, Франция сияқты мемлекеттерде де жарық көреді. Отанымыздың Москва, Ленинград, Киев, Минск, Ужгород, Одесса, Томск, Қазан, Уфа, Иркутск т. б. оқу орындарында ономастика жайлы арнаулы дәріс оқылады. Соңғы жылдары бұндай дәріс Қазақ мемлекеттік университеттерінде де оқылып келеді.

Бізде ономастиканың антропонимика, топонимика, этнонимика, астронимика, космономимика, зоонимика, фитонимия, теонимия т. б. бөлімдері әлі толық зерттелген жоқ. Олардың зерттеу объектілері мен қажет мәселелері ұшан-теңіз, бір емес бірнеше ұрпаққа жетері сөзсіз.

Олай болса, қазақ ономастикасының сан салалы проблемалы мәселелеріне зейін қойып, лингвистикалық әрі тарихи-этнографиялық, әрі географиялық қыр-сырын ашып, зерттей беру, лайықты еңбектер беру келелі де зәру мәселелердің бірі болмақ. Осы жағдайды ескере келіп, ономастика бөлімі «Қазақ ономастикасының мәселелері» атты жинақты мамандар мен қалың жұртшылыққа арнап отыр. Бұл жинақ қазақ ономастикасы жайлы істеліп жүрген игі бастаманың жалғасы іспеттес. Оған ономастиканың этнонимика, топонимика, зоонимика, мекеме және ұйым аттары сияқты бөлімдеріне арналған мақалалар еніп отыр. Топонимика бойынша жазылған мақалалардың дені топонимдер этимологиясы мен семантикасына және регионалдық топонимика мәселелеріне арналса, этнонимика жайлы мақалада қазақ этнонимдерінің құрлыстары мен сипаттары баяндалған. Ал зоонимика жайлы мақалада қазақ мал атауларының лингвистикалық табиғаты мен зоотехникалық мән-маңызы айтылған. Кейбір мекеме және ұйым аттары туралы жазылған мақалада олардың жасалу жолдары мен қалыптасу заңдылықтары сөз болады.

## 1. ТОПОНИМИЯ

Ә. ҚАЙДАРОВ, А. МУКАТАЕВА

Қазақ эпосындағы жер-су атаулары мен кісі аттары жайында

(«Қозы Көрпеш—Баян сұлу» дастаны негізінде)

Әрбір халықтың болмысы мен дүние танымы, этникалық мәдениеті мен рухани өмірі қай кезде, қандай жағдайда болмасын, белгілі бір географиялық кеністікте көрініс табады, нақтылы тарихи дәуірлердің жемісі болып саналады. Ал халықтың барлық өмір-тіршілігі, ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени, рухани байлығы болса, ең алдымен сол халықтың ана тілінен өз өрнегін табады да ол асыл қазына болып қалыптасып, атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа ауысып отырады. Бұл тіл атаулының бәріне тән объективті заңдылық, ортақ қасиет.

Тіл өмірі мен сол тілде сөйлеуші қауымның әлеуметтік өмірін осылайша бір медальдің екі жағы сияқты өзара астарлас, бірінсіз бірінің күні жоқ тығыз байланысты дүние деп қарасақ, тілдің де сол халықпен бірге жасап келген мекені, сол халықтың генеологиялық, азаматтық тарихымен бірге туып, біте қайнасқан дәуірлері болатынын жоққа шығара алмаймыз. Осы бір табиғи тұтастықты біз тарихи деректерден гөрі тіл байлығынан көбірек көреміз. Өйткені тарихи деректер әр түрлі объективті себептермен сақталмауы, сақталса да бүгінгі күнге жетпеуі мүмкін. Ал тіл болса, ол қаншама дәуірді басынан кешірсе де, толассыз толығып, ғасырлар бойы жаңғырып, жаңарып отырса да, өткен өмірдің куәгері болуы сөзсіз. Біле білсек, оның тұла бойы тұнып тұрған тарих. Сөз байлығының қат-қабат қойнауларын тереңірек тексеріп, ақтара зерттесек, олардың өткен өміріміз жайлы берер мәліметі, шертер сыры аз болмаса керек.

Осы орайда қазақ тілінің көне де байырғы лексикалық байлығын, әсіресе оның жер-су атаулары мен кісі аттарын тәптіштей зерттеудің тіл тарихы үшін маңызы зор екені айтпасақ та түсінікті. Бұл саланың да өзіндік объектісі аз емес. Солардың ішінде ғасырлар бойы қалыптасып, халық арасында кеңінен тараған батырлық эпостар мен лиро-эпикалық дастандардағы жер-су атаулары мен кісі, ру-тайпа аттарын зерттеудің ономастика саласындағы орны бөлек. Өйткені эпос топонимиясы мен антропонимиясының басқа салаларға қарағанда өзіндік ерекшеліктері көп. Біз жоғарыда сөз еткен тіл дамуындағы географиялық кеңістік, мекен-жай, уақыт-мерзім межесі мен тарихи кезеңдер, әлеуметтік жағдай т. б. сайып келгенде, көбіне-көп эпос антропонимиясы мен топонимикасына қатысты ерекшеліктерге жатады. Қазақ тілі ономастикасы бойынша көптеген құнды зерттеулерде де<sup>1</sup> бұл мәселе арнайы қаралған емес.

✓ Біз мақаламызда жалпы эпос топонимиясы мен антропонимиясын сөз ете отырып, «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» лиро-эпикалық дастанында кездесетін нақтылы жер-су атаулары мен кейіпкерлер есімін қарастырамыз, оларды тұлғалық, мағыналық ерекшеліктеріне қарай талдап, географиялық, хронологиялық белгілері бойынша топтастыруға, эпостың таралу шегін анықтауға тырысамыз.

Қазақ этносымен, этникалық мәдениетімен тікелей байланысты, қазақ топырағында дүниеге келіп, халық арасына кеңінен тараған, тіпті Қазақстаннан тыс көршілес өлкелерге де жайылған<sup>2</sup> эпостардың бірі — «Қозы Көрпеш — Баян сұлу».

М. О. Әуезовтің зерттеуінде бұл эпос өзінің ерекшеліктеріне байланысты «Қыз Жібек», «Айман — Шолпандармен» бір қатарда лирикалық-салттық поэмалар санатына жатқызылады<sup>3</sup>. Өйткені бұлардың негізгі тақыры-

<sup>1</sup> *Конкашпаев Г. К.* Казахские народные географические термины // Изв. АН КазССР. Сер. геогр. 1951. Вып. 3, № 99; *Әбдірахманов А.* Қазақстанның жер-су аттары. Алматы, 1959; *Жанұзақов Т.* Қазақ есімдерінің тарихы. Алматы, 1971; Сол автор. Очерк қазақской ономастики. Алма-Ата, 1982; *Койчубаев Е.* Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. Алма-Ата, 1974.

<sup>2</sup> *Жирмунский В. М.* Тюркский героический эпос. Л., 1974. С. 184, 274.

<sup>3</sup> *Ауэзов М. О.* Мысли разных лет: По литературным тропам. Алма-Ата, 1961, С. 114—115.

бы — екі жастың махаббаты, махаббат жолындағы олардың күресі, шеккен азабы болса, фабуласы — ру-тайпа арасындағы тартыс, көшпелі елдің дәстүрі мен әдет-ғұрпы. Махаббат трагедиясы және сол төңірегінде шиеленіскен оқиға, талас-тартыстар «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» да ескіден келе жатқан қазақтың *ежеғабыл* деп аталатын әдетінс, «Қыз Жібекте» — *әмеңгерлік*, «Айман — Шолпанда» — *барымта* тәрізді салттарға байланысты дамып, өрши түседі. Сондықтан да бұл дастандардың тілі халықтың өткен өмірін суреттейтін, салт-сана, әдет-ғұрпын сипаттайтын көне де байырғы сөздер мен сөз тіркестеріне өте бай. Сол ретте жер-су атаулары мен кісі аттарына қатысты фактілер де ерекше назар аударады.

Біз сөз еткелі отырған «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» поэмасы әдебиетші ғалымдар тарапынан көп зерттеліп келеді<sup>4</sup>. Поэманың отыздан астам жазып алынған нұсқасы мен варианттары бар. Солардың алтауының, атап айтқанда, *Ф. Дербісалин — I*, *И. Н. Березня — II*, *Н. И. Ильминский — III*, *Шөже — IV*, *В. В. Радлов — V*, *Жанақ — VI*<sup>5</sup> нұсқаларының негізінде Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл және Әдебиет институты тарапынан дайындалған ғылыми басылымы 1959 жылы жарық көрген болатын<sup>6</sup>. Біз қарастырылғы отырған жер-су атаулары мен кісі аттары «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» поэмасының осы басылымында кездесетіндері. Олардың 75-і (32 гидроним, 22 ороним, 21 ойконим) жер-су атаулары да, 50-ден астамы — кісі аттары.

Поэмадағы жер-су атаулары мен кісі аттарын қарастырудан бұрын жалпы зерттеу объектісіне қатысты ски-үш мәселенің басын ашып алған жөн. Олар: біріншіден, поэманың дүниеге келу дәуірі, екіншіден, таралу географиясы, үшіншіден, оларды жалпы түркі ономастика-

<sup>4</sup> *Әуезов М. О.* Көрсетілген еңбек; *Смирнова Н. С.* Особенности развития казахского эпоса. Его поэтика. История казахской литературы. Т. 1. Алма-Ата, 1968.

<sup>5</sup> Бұдан кейінгі жерде поэманың нұсқаларына сілтеме оларды орындаушы мен жазып алушылардың тұстарындағы рим цифрлары арқылы «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» I нұсқа — КҚБС-I, II нұсқа — КҚБС-II, III нұсқа — КҚБС-III, IV нұсқа — КҚБС-IV, V нұсқа — КҚБС-V т. б. түрінде беріледі.

<sup>6</sup> Қозы Көрпеш — Баян сұлу. Құрастырған, кіріспе мақала мен түсініктерін жазған *Ы. Дүйсенбаев*. Алматы, 1959. Бұдан кейін бұл дастан КҚБС деп қысқартылып беріледі.

сының тарихи даму кезеңдері мен тілдік ерекшеліктеріне сәйкес топтастыру мәселесі.

1. «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» поэмасы ғалымдардың пікірі бойынша қазақ топырағында тым ерте пайда болған, сондықтан да ол ұзақ даму процесін басынан кешірген, әртүрлі тарихи, мәдени, экономикалық, әлеуметтік жағдайлардың әсерінен өзгере өңделіп, сұрыптала, толыға келіп біздің дәуірге жеткен көне мұраларымыздың қатарына жатады. Мәселен, Қазақ эпостарының шығу тарихын зерттеуші Ә. Марғұлан<sup>7</sup> эпостарды бес тарихи кезеңге бөліп қарайды: бірінші — көне кезең, екінші оғыз-қыпшақ кезеңі; оған VI—XII ғасырлар арасында пайда болған сахара эпостары жатады; үшінші — «ноғайлы» кезеңі, оған XIII—XVI ғасырлар арасында пайда болған эпостар жатады; төртінші — қазақ батырлар жырлары дүниеге келген XVII—XVIII ғасырлар және бесінші — қазақ эпосының ең соңғы кезеңі, оған XVIII ғасырдан кейінгі пайда болған эпостар енеді. Біздің сөз еткелі отырған романтикалық сарындағы «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» дастаны, ғалымның пікірі бойынша, екінші кезеңге, яғни VI—XII ғасырлар аралығында Қазақстан топырағында пайда болған эпостардың ең соңғыларына жатады екен.

2. «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» поэмасындағы топонимдердің басым көпшілігі Қазақстан жерінде бүгін де кездесетіндіктен оның дүниеге келуін тек осы өңірге ғана қатысты деп толық айта аламыз. Оның кен-байтақ Қазақстан жеріне толық таралуын, әсіресе бүгінгі Семей, Павлодар, Қарағанды, Жезқазған, Талдықорған, Алматы т. б. облыстардағы жер-су атауларымен салыстыра отырып дәлелдеуге болады. Поэманың Алтай, Тарбағатай өңірлерінде кездесуі де географиялық жағынан заңды құбылыс тәрізді. Кейбір жер-су атаулары поэманың басынан аяғында дейін және барлық нұсқаларында біркелкі қайталанып, оқиғаның болған мекен-жайын көрсетеді де, кейбіреулері нұсқа сайын ауысып, өзгеріп отырады. Жер-су атауларының енді бір қатары поэманың өз басына тікелей байланысты емес, тек аталып қана кетеді.

Қандай болған жағдайда да жер-су атауларына сәй-

кес поэманың таралу географиясы — Қазақстан топырағы, әсіресе оның шығыс обылыстары екендігі даусыз.

3. Поэманың топоним, антропонимдеріне байланысты тілдік ерекшеліктерін сөз еткенде, екі түрлі жағдайды есте сақтағанымыз жөн. Біріншіден, поэмада кездесетін топонимдер мен антропонимдер Қазақстан жеріндегі нақтылы жер-су атауларымен, бүгінгі қазақ есімдерімен сәйкес болып келсе де, олар кейінгі дәуірдің ғана жемісі емес. Олар бізге көптеген эволюциялық өзгерістер арқылы келіп жеткен, бірақ тамыры тереңде жатқан, тіл дамуының талай тарихи кезеңдерін басынан кешірген көне дүние. Бұл атаулардың көбісі-ақ бүгінде көмескі тұтып, біз үшін мағынасы күңгірттенген. Олардың тілдік табиғатын түсіндіру үшін тарих беттерін ақтарып, көптеген фактілер келтіріп, тарихи-салыстырма методына, тіл дамуының заңдылықтарына арқа сүйеуіміз керек. Екіншіден, жалпы поэманың тілдік негізі мен ондағы топоним, антропонимдердің тіл ерекшеліктерін анықтау үшін олардың статикалық қалпын ғана емес, ретроспектив бағыттағы даму жолын да қарастырған абзал.

Поэма дүниеге келген VI—VII ғасырлар аралығын көз алдымызға елестетіп көрсек, көп нәрселер біз үшін айқын емес. Бұл дәуірде Қазақстан жерінде жүз берген этникалық процестер мен әлеуметтік, экономикалық т. б. жағдайлар біздерге тарихтан біршама белгілі болса да, сол кезеңдегі ру-тайпалар тілінің қалыптасуы мен даму процесі жайында мәлімет жоқтың қасы. Сондықтан да бұл поэманың тілдік негізі жайында арнайы зерттеу жүргізбейінше тиянақты тұжырым айту қиын. Дегенмен, бір жағдайдың беті ашық сияқты. Ол — Қазақстан топырағында туып, қазақ халқының мәдени-рухани мұрасы ретінде бізге жеткен бұл поэманың о бастағы тілі қазақ халқының бір тұтас халық болып қалыптасуына бірден-бір негіз болған көне түркі ру-тайпалардың тіліне тікелей қатыстылығы.

Бұл, әрине, жалпылама айтылған жорамал. Ал тарихи фактілер мен ғылыми-зерттеулерге жүгінсек, эпостық топонимия мен антропонимияға тән тілдік ерекшеліктердің кейбір себептерін ашуға болатын сияқты. Ол үшін, ең алдымен сөз етіп отырған поэманың дүниеге келу дәуірі (VI—XII ғ.) мен бүгінгі дәуір (XX ғ.) арасында жатқан уақыт «кеңістігін» дұрыс түсіндіре

<sup>7</sup> Марғұлан Ә. Өткен күнде белгі бар//Білім және сәбк. 1985, № 4, 24-б.

білуіміз керек. Біріншіден, осы ғасырдың басына дейін «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» дастаны хатқа түспей, тек ауызша жырланып, бүгінгі ұрпаққа өзгеріп, жаңаланып жеткені белгілі. Екіншіден, көршілес тілдердің әсерін былай қойғанда, жер-су, кісі аттарына қазақ топырағында жасаушы ру-тайпалар тілінің өзара ықпалы да аз болған жоқ. Үшіншіден, лексиканың бұл тобында көне түркі элементі мен дәстүрі де молынан сақталды.

Осы факторлар ескерілгенде ғана эпос топонимдері мен антропонимдерінің табиғатын дұрыс түсінуге болатын сияқты. Бұл тұрғыдан алып қарағанда тіл маманы Т. Жанұзақовтың зерттеулеріндегі<sup>8</sup> есімдерді тарихи дәуірлерге бөлу принциптері назар аударады. Автор қазақ антропонимдерінің даму тарихын төрт дәуірге бөліп қарайды: бірінші дәуір — көне түркі заманы, яғни V—VIII ғасырлардағы (*Айкүн, Айжарық, Айтолық, Күнтуар, Күнсұлу, Қаршыға, Сұңқар* тәрізді) антропонимдерді қамтиды; екінші дәуір орта ғасырға тән (*Айнабек, Аймақ, Ақылбай, Жоламан, Нартай, Санабай, Алтын, Айымғұл, Нәзіпа* тәрізді) антропонимдерді, үшінші дәуір жаңа заманда (XVII—XIX ғ.) және төртінші дәуір Октябрь революциясынан кейінгі уақытта пайда болған антропонимдерді қамтиды. «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» поэмасындағы кісі аттары негізінен бірінші және екінші дәуірдегі есімдерді өз ішіне алатын тәрізді. Өйткені поэмадағы *Қарабай, Сарыбай, Қозы, Баян, Қодар, Айбас, Ай, Таңсық, Тайлақ, Әлжаппар, Қаракөз, Жидебай, Тұяқбай* сияқты есімдерден автордың көрсеткен осы дәуірлерге тән тілдік ерекшеліктерінің бәрін табуға болатын сияқты. Атап айтқанда, бұл дәуірлердегі көне түркі есімдерінен айға, күнге, хайуанаттарға, отқа, суға т. б. табиғи құбылыстарға табыну дәстүрін, асыл металл, қымбат тастар мен дәулет-байлықты дәріптеуді, аспан тәңіріне, құдайға, әр түлі сиқыр күштерге, мифологиялық, құбылыстарға бас ию, араб, парсы, моңғол тілдерінен енген діни, мәдени, әскери ұғымдарды дәріптеу салтын көреміз. Жоғарыда келтірілген есімдерден осылар байқалады. Поэмадағы топонимдер туралы да осыны айта аламыз.

Енді «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» поэмасында

<sup>8</sup> Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы. Алматы, 1971. 27—75-б.

кездесетін топонимдер мен кісі аттарын тілдік ерекшеліктеріне қарай талдап көрейік.

Эпос тағы жер-су атаулары. Этностық топонимдерден — Ай топонимдерден өзіндек ерекшеліктері жоқ емес. Оған ең алдымен этнос топонимдерінің реалды географиялық объектілермен сәйкестігін, тарихи шындыққа жанастығын жатқызуға болады. Басқаша айтқанда, поэмадағы белгілі оқиғаларға, кейіпкерлердің іс-әрекетіне тікелей қатысты жер-су атаулары мен жер бетіндегі тарихи ескерткіш ретінде күні бүгінге дейін Қазақстан топырағында сақталып келе жатқан ойконим, ороним, гидронимдер арасындағы ұқсастық, сәйкестік, теңдестік (идентификация) мәселесін қараудың поэма тілі үшін де, оның жалпы тарих үшін де маңызы зор.

Мәселен, «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» поэмасында бастан-аяқ кездесіп отыратын топонимдердің бірі — Аякөз:<sup>9</sup> *Ағып жатқан Аякөз суға барды, Екі мекті толтырып құйып алды; Аякөзден бедеуді бір қаптырып, Екі мекті байлатып қайта салды* (ҚКБС, V, 182). Аякөз — Семей облысындағы ұзындығы 492 км. өзен. Ол Балқаш көліне құяды. Басты салалары: Нарын, Балықты, Батпақты, Айғыз, Қурайлы, Таңсық (ҚСЭ 1-т. 636-б). Эпоста Аякөз — Қарабайдың көшіп келген жері. Бұл ойконим емес, гидроним, яғни көшпенді елдің мал жайылымына қолайлы өзен жағалауы болуы тиіс. Өйткені Аякөз (бұрынғы Сергиополь) қаласы, тарихи мәліметтерге қарағанда, тек 1831 жылы ғана орнаған екен. Сондықтан да кейбір авторлардың поэманы Аякөз өзенінің бойындағы Сергиополь (Аякөз) қаласымен шендестіруі (локализациялауы) дәл болмайтын сияқты. Мәселен, В. М. Жирмунский былай деп жазады: Эпикалық шығармалар арасындағы кеңінен тараған «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» дастаны патриархалдық мылқау қара күштің зорлық-зомбылығына тап болған екі ғашықтың қайғылы тарихы ретінде кең-байтақ қазақ жерінде ғана емес, көрші Орал, Алтай жерлеріндегі түркі халықтары арасында да кеңінен жайылған еді. Жергілікті халық аңызына айналған бақытсыз екі жастың әйгілі күмбезі Балқаш көлінің солтүстік жағындағы

<sup>9</sup> «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» дастанының 1959 (ғылыми бағылымы бойынша алып отырмыз).

Аякөз өзені бойындағы Сергиополь қаласы маңында әлі күнге бәз қалпында тұр»<sup>10</sup>. Шындығында, поэмадағы Аякөз тек гидроним, ол Ертіс бойы, Сыр бойы, Шу бойы, Іле бойы деген ыңғайда ғана қолданылып тұр.

Осы тәсілмен поэмада кездесетін барлық топонимдерді салыстырып шығуға болар еді, бірақ оған мақала көлемі көтермейді. Алайда айта кету керек: поэмада кездесетін жер-су атауларының басым көпшілігі бүгінгі Қазақстан жеріндегі географиялық объектілермен сәйкес келіп жатады.

Поэмадағы топонимдердің бәрін географиялық белгілеріне байланысты бірнеше топқа бөліп қарауға болады. Олар: 1) гидронимдер: Аякөз (*Сарыбай жұртыменен көшіп кетті, Дариясын Аякөздің өтіп кетті...*), Есіл, Нұра (*Айбас құл адасқанын енді білді, Есіл, Нұра бойына қайтып келді*); Қаракөл, Шыршық, Бассу (*Қарабай сол көшкеннен әрмен өтті, Шыршық пенен Бассудан көктей өтті; Әзіреттің тауынан аси көшіп, Шолаққорған Қаракөл жерге жетті...*); Сарысу (*Сарысудың бойында түйең жатыр...*); Ұзынбұлақ, Балқаш, Жайылма, Лепсі, Ұржар (*Арғы шеті Аякөз, Лепсі, Ұржар*); Қатынасуы, Іле (*Алатаудың жағалап ар жағымен, Іле басы Құлжаға тағы барды...*); Шу, Талас (*Шу, Таластың бойына жеткен жерде...*), Бақалы (*Бақалыдай көлім жоқ...*); Зайсан (*Зайсан көлдің жағасына Қарабай кетті...*); Сыр (*Ұдай көшіп барады Сыр бойына...*); Телікөл (*Қарабайдың жайлары Телікөлде...*), Жетісу (*Аз жүрсе, көп жүрсе де аман-есен, Аяғы Жетісуға о да келді...*) т. б.; 2) оронимдер (тау аттары): Алатау (*Алатаудың жағалап ар жағымен...*); Қаратау (*Келеді Қаратаудан Қозыке асып...*); Сауыр, Сойқал (*Арғы шеті Сауыр мен Сойқал қылып, Жылқыны қояберіп, жатып алды...*), Шыңғыс, Қалба, Мыржық (*Не Шыңғыстай болмаса, не Қалбадай, не Мыржықтай ағы көп бір тау еді...*); Тарбағатай, Жылытау, Көкшетау т. б.; 3) ойконимдер (мекен-жай аттары): Қызылжар (*Саудаға Қызылжардай қала бар ма...*), Тәшкент (*Тәшкент барсаң, еліңді табарсың деп, Ташаны тун қатырып жөнелтеді...*); Қоқан (*Бір күні ол қаңғырып Қоқан кепті...*); Ақжар (*Өлеңтінің Ақжар деген жері бар-ды...*);

Шол (Шолаққорған, Қаракөл жерге жетті), Түркстан (*Мінгені Қозыкенің көк төбелді, Астық Ішкен Түркстан тоқ деп еді...*) т. б.

Поэмада бұдан басқа да географиялық объектілер кездеседі. Олардың кейбіреулері (мыс., *Тәшкен, Қоқан, Құлжа, Меке* т. б.) Қазақстаннан тыс жерлердің атауы да, енді бір қатары екіұдай объектіні білдіретіндер (мыс. *Аякөз — өзен аты, мекен аты; Ақсауле — тау аты, Ақша-тау — тау аты, өзен аты* т. б.), немесе ұмыт болғандар.

Поэмадағы топонимдерді анықтауыш компоненттерінің мағынасына қарай да топтастыруға болады. Айта кету керек, анықтауыш сыңары объектінің түр-түсін, сыртқы көрінісі мен формасын, саны мен сапасын т. б. ерекшеліктерін көрсететін топонимдер поэмада басқаларына қарағанда көбірек кездеседі. Олар мыналар: *Ақжар, Алатау, Есіл<sup>11</sup>, Ақкөл, Қызылжар, Құбабел, Қаракөл, Қаратау, Сарысу, Мырзық, Қосмұрын, Жетісу, Ұржар, Шолаққорған, Ұзынбұлақ* т. б.

Поэмадағы топонимдер жасалу моделі мен морфологиялық құрамы жағынан да әртүрлі. Олардың көпшілігі екі компоненттен (*Жәйтөбе, Нұракөл, Ақжар, Ұзынбұлақ* т. б.) тұратын топонимдер болса, енді бір тобы тілдің бүгінгі даму тұрғысынан алып қарағанда құрамындағы морфемаларға бөлшектенбейтін жер-су атаулары: *Жамшы, Аяған, Шыршық, Аякөз, Күреңіс, Бетбақ, Тоқырауын, Аспара*. Сондықтан да бұлардың тілдік табиғатын анықтау үшін арнайы этимологиялық зерттеу жүргізу керек. Бұл, әрине, өз алдына қаралатын мәселе<sup>12</sup>.

Сөз жасау моделіне байланысты эпос топонимдерінің ішінен ерекше көзге түсетіндері *-ты/-ті/|-ды/|ді/|-лы/|-лі* моделі бойынша жасалған топонимдер. Мысалы: *Өлеңті, Шідерті* (*Сарыбай күйеу, қыздан айырылған соң, Өлеңді, Шідертіге көшіп кеткен...*); *Моншақты, Домбыралы, Қарқаралы, Балталы, Бағаналы* (кейінгі екеуі этнопоним) т. б. *Өлеңті* (*Ақмола, Павлодар* обылыстарындағы өзеннің аты), *Шідерті* (өзен аты) гидронимдері Қазақстан жерінде жиі кездесетін Бұғыты, Сөгеті, Алматы тәрізді көне модельмен жасалған.

<sup>11</sup> Есіл гидронимін А. Әбдірахманов «жасыл» сөзімен төркіндес деп қарайды. Қар. Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. Алматы, 1975 95-б.

<sup>12</sup> Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. Алма-Ата, 1974. С. 9.

<sup>10</sup> Жирмунский В. М. Тюркский героический эпос. Л., 1974. С. 274.

Топонимдер тарихын зерттеуде ерекше назар аударатын жәйт — топонимдерге байланысты пайда болған ел аузындағы аңыз-әңгімелер. Бұлар «Қозы Көрпеш—Баян сұлу» поэмасының Шөже мен Жанақ нұсқаларында да кеңінен пайдаланған. Әрине, аңыз-әпсаналар барлық жағдайда тарихи шындықпен жанаса бермейді, ал лингвистикалық тұрғыдан олар көбінесе халық этимологиясына саяды. Дегенмен, поэмада оқиға желісін шиеленістіре түсу үшін, оны тартымды, қызықты, сенімді етіп көрсету үшін жыршылар аңыз мотивін пайдаланған. Жалпы алғанда халықтық ат қою дәстүріне жат емес. Қазақстан жеріндегі кейбір топонимдердің осы дәстүр бойынша жасалып, қалыптасып кеткенін біз ғылыми зерттеулерден жақсы білеміз. Бұл арадағы мәселенің қызығы: аңыз сюжетімен дүниеге келген жер-су атаулары шынымен-ақ жаңа ма, әлде олар бұрыннан бар атауларға телінген бе? — осы арасын ажыратуда.

Поэмадан мысал келтірейік. *Қарқаралы* — қазір де бар таудың аты. *Қыздың берген қарқарасы түсіп қалып, Қарқаралы тау атын қоя салған...* (ҚКБС, VI, 236); *Домбыралы, Моншақты: Айбас байғұс сол жерде жатып қалды. Бақа айғырды суытып, демін алды; Домбырасы, моншағы түсіп қалып, Домбыралы, Моншақты содан қалды* (ҚКБС, IV, 136). Бұл екеуі де Ақмола, Көкшетау облыстарындағы таулардың аты. *Ақкөл, Жайылма: Сарыбайдың сабасы жарылған жер, Ақкөл менен Жайылма содан қалған...* (ҚКБС, IV, 129). Бұл екеуі де Павлодар облысындағы өзендердің аты. *Абыралы, Жалаулы: Жанындағы жаулығы түсіп қалып, Абыралы, Жалаулы қоя сапты...* (ҚКБС, VI, 236). Екеуі де бар топонимдер. *Жалаулы Тарбағатай тауының батысындағы шынның аты. Алтынсандық, Ақшатау: Баянның алтын сандық түсіп қалып, Алтынсандық, Ақшатау содан қалды...* (ҚКБС, IV, 137).

Ақшатау Қарағанды облысындағы, Балқаштың солтүстігіндегі таудың аты. *Қызылбелбеу, Құбажон: Қыздың берген белбеуі түсіп қалып, Қызылбелбеу, Құбажон қоя сапты...* (ҚКБС, VI, 236). *Мейізек Қыздың берген мейізі түсіп қалып, Мейізек деп тау атын қоя сапты...* (ҚКБС, VI, 236) т. б.

Көріп отырмыз, поэма сюжетіне өрілген аңыз-атаулардың көпшілігі бұл күнде реальді географиялық

объектілер болып саналады. Сондықтан да бұларды зерттеудің өзіндік мәні бар.

Эпостағы кісі аттары. Эпос антропонимдеріне тән ерекшелік дегенде, ең алдымен, олардың көнелігі көзге түседі. Мәселен, сөз етіп отырғаны поэмадағы есімдердің біразы (*Баян, Қозы, Тайлақ*, т. б.) дәстүр жалғасы ретінде бүгін де қолданыла беруі мүмкін. Бірақ бұлардың тілдік табиғаты өте көне, оған таласуға болмайды. Ал поэмада кездесетін мына тәрізді есімдер: *Танас, Айбас, Қодар, Қаратоқа, Бұланқара, Нұрқара, Көсемсары, Ай, Таңсық, Күліп, Шақшақ* т. б. бүгінде қолданылмайды, не сирек қолданылады.

Эпос антропонимдерінің екінші бір ерекшелігі — көп жағдайда кейіпкер есімдерінің алдынан да артынан да (препозитивті, поспозитивті)<sup>13</sup> анықтауыштың қолданылуы: *Қозы Көрпеш — Баян сұлу, Қара хан, Сары хан (Қарабай, Сарыбайдың варианттары), Ақ Баян, Қыз Баян, Ер Танас, Ер Күліп, Нұрқара би, Тайлақ би, Қодар құл, Қодар мұндар, Айбас сері, Манап хан, Баян жас* т. б.

Бұл жалпы эпос пен фольклор антропонимдеріне тән көне дәстүр. Оны біз кез-келген эпостан, ертеқ, дастандардан кездестіреміз. Мысалы *Ер Сайын, Ер Тарғын, Қобыланды батыр, Алпамыс батыр, Қыз Жібек, Қыз Күртқа, Ақ Тоқты, Ақ Жүніс, Ер Төстік, Қият Аққозы, Біржан сал, Ақан сері, Шық бермес Шығайбай, Алдар көсе, Аяз би, Маман би*<sup>14</sup> т. б. Антропонимдерге тән бұл ерекшеліктер де өз алдына тексеруді қажет етеді.

Поэмада кісі аттарына еркелету, құрметтеу форманттарын қосып айту жиі кездеседі. Мысалы, *Қозыке: Сұлу Баян айтыпты әкесіне, (Қозыке келер ме екен мұнда депті...)* (ҚКБС, III 102). Сондай-ақ, *Қозыке, Қозыкең, Қозыжан* түрінде де, *Сарыкең, Қареке, Баянжан, Баян еркеш* болып та айтылады. Кейде контекстке байланысты жағымды кейіпкерлердің атына жағамсыз анықтама-тенеулер, керісінше, жағымсыздарының есіміне жағымды тенеулер, экспрессив форманттарда да кездеседі. Мысалы: *сұм Баян, сұмырай Баян, қу Баян, Қодар батыр, Қодар мырза, Қодаржан, Кодеке*. Салыстырыңыз: *Баян*

<sup>13</sup> *Жубанов К.* Исследования по казахскому языку. Алма-Ата, 1966.

<sup>14</sup> Бұл арада біз жазылу дәстүрін ескеріп отырғанымыз жоқ.



сұлу, Баянжан, Ақ Баян, Қодар құл, Қодар мұндар, Қодар сұм, Қодар кәпір, т. б.

Эпостық топонимдер мен антропонимдердің тілдік ерекшеліктерінің негізгілері, міне, осылар. Әрине, қазақ тілі байырғы лексикасының бұл саласы өзінің көнелігіне байланысты әрқашан да тереңірек тексеріп, түбегейлі зерттеуді қалайды. Бұл лексиканың шынайы сыры түркі тілдерінің фактісін салыстыра, салғастыра қарайтын этимологиялық ізденістер арқылы ғана ашылмақшы. Бұл салада істелініп жатқан жұмыстар, бірлі-жарымды ат үсті айтылған, тиіп-қашты пікірлер аз емес. Олардың біразы гипотеза, жоба-жорамал ретінде айтылып жүрсе, енді бір қатары қызықтауға тұрарлық халықтық этимология дәрежесінде<sup>15</sup>.

Ал шын мәнісіндегі тарихи зерттеулер, жүйелі түрдегі ғылыми этимологиялар қазақ тіл білімінде әлі де қолға алына қойған жоқ. Жоғарыда көрсетілген Т. Жанұзақов, А. Әбдірахманов, Е. Қойшыбаев тәрізді ғалымдардың зерттеулерін біз болашақтағы осындай үлкен жұмысқа негіз бола алады деп ойлаймыз.

Қорыта келгенде айтарымыз: эпостық ономосиллогия эпостың туын тіккен қазақ халқының тілі үшін өзіндік ерекшеліктері мол, бірақ әлі күнге дейін арнайы зерттелмеген көкейкесті проблемалардың қатарына жатады.

А. ӘБДІРАХМАНОВ

### Кейбір топонимдердің этимологиясы жайында

Совет тіл білімінде этимологияның теориялық мәселелері де және этимологиялық сөздіктер жасау ісі де соңғы 30—40 жыл ішінде, әсіресе кейінгі жылдары, пәрменді түрде қолға алынып отыр. Этимологияның теориялық мәселелеріне арналған В. И. Абаевтың, А. А. Белецкийдің, В. Н. Топоровтың, О. Н. Трубачевтің, Н. М. Шанскийдің, Ж. Ж. Варботтың, М. Н. Петерсонның, Э. А. Ма-

<sup>15</sup> Осыған орай Е. Жұбановтың жариялаған мақаласында («Аңыздағы есімдер»//Қазақстан мұғалімі, 1985, 18 янв.) келтірілген Алпамыс, Алдар Кесе, Қозы Көрпеш, Қарабай, Сарыбай, Қыз Күртқа жайындағы этимологиясын әлі де жетілдіре түсу қажет-ау деп білеміз.

каевтің, Х. Шустер — Шевцтің т. б. ғалымдардың еңбектері мен мақалалары бұл саладағы ізденістердің деңгейін көтерді.

Түркология саласындағы этимологиялық зерттеулер В. В. Радловтың, П. М. Мелноранскийдің, Е. Д. Поливановтың, Н. А. Баскаковтың, Н. К. Дмитриевтің, А. Н. Кононовтың, Э. В. Севортяның, В. Г. Егоровтың т. б. еңбектерінен көрініс тапты.

Қазақ тіл білімінде бұл мәседемен шұғылданатын ғалымдардың ішінен С. Аманжолов, А. Ысқақов, Ә. Қайдаров, І. Кенесбаев, Ғ. Мұсабаев, Ә. Құрышжанов, Р. Сыздықова, Ш. Сарыбаев, Т. Жанұзақов, Ә. Пұрмағанбетов, П. Уәлиев т. б. зерттеушілердің есімін атауға болады.

Ал жер-су аттарының (топонимдердің) этимологиясын зерттеуге мұндай жалпы сөздердің шығу, даму төркінін іздеген еңбектердің тигізер пайдасы мол. Әсіресе, топонимдер құрамында кездесетін *ойпат, қайнар, айрық, қапшағай, құдық, асар, балқаш, басат, жарма, мұқыр, сеңгір, шұбар* т. б. толып жатқан географиялық терминдердің этимологиясын ашу — әдеттегі сөздердің түп-төркінін ашудан алыстап кетпейді. Алайда топонимдердің этимологиясын ашу жай сөздердің түп-төркінін ажыратудан бір шама ерксшеленеді, өйткені топонимдер әдетте қойылаған соң көп өзгеріске түспейді, тілдің көне көрінісін сақтайды. Сондықтан олардың этимологиясын зерттеуге сол көне тілдер деңгейінен келу қажет. Оның үстіне атау мен географиялық атаудың жағдайы мен реалия де сай келуін қарастырған жөн. Қысқасы жер-су аттарының этимологиясы көбіне комплексті методты қолданғанда ғана дұрыс ашылады. Топонимдерді этимологиялық жағынан зерттеу принциптері біздің «Топонимика және этимология» (Алматы, 1975) атты еңбегімізде толық айтылғандықтан (3—49-б.), бұл мәселеге тоқталмаймыз.

Ал, бұл мақалада ұсынып отырған зерттеулеріміз сол кітапта берілген «Қазақстан жер-су аттарының қысқаша сөздігінің» жалғасы болып табылады. Зерттеу методы жағынан бұл екі еңбектің бір-бірінен айырмасы жоқ. Бұл мақалаға барлығы 20-ға тарта атау енді. Этимологиясы қаралатын сөздің сипатына және материалдың ретіне қарай атауға берілген мақалалардың көлемі үлкенді-кішілі әртүрлі болып отырды. Автордың

бұл бағыттағы ізденістері әлі де жалғастырыла бермек.

**Ақсеңгір** — Алматы облысы Жамбыл ауданындағы жер, село, совхоз аты. Атау екі бөлімнен құралған: **ақ** — **сеңгір**. Ақ сөзі түсінікті. Ал **сеңгір** сөзі, біздіңше, иран тілдерінен енген болуы керек. Қазақ тілінде **сеңгір** — «таулар тізбегі» деп түсініледі. Сөздің түбірі **санг** — тажик тілінде «тас» деген сөз. Ал «сангкори — тасты, тастан жасалған» деген мағынаны білдіреді<sup>1</sup>. Сөйтіп **сангкори сеңгір** өзгерісіне түскен. Фольклорда «сеңгір-сеңгір таулардан, секіре басып жөнелді» деп кездеседі. Бұл жерде «тасты таулар» деген мағынаға ие болып тұр. М. Әуезовте кездесетін мына сөйлем атаудың мағынасын дәлірек ашып тұр: «Олар кейде биік шоқы болып, кейде қызық бітімді жартастары бар сеңгір боп көрінеді.»<sup>2</sup> Сонымен «сеңгіртау» дегеніміздің арғы түбі — «тасты тау». **Сангкори** > **Сеңгір** этимологиялық өзгерісінде субституция (басқа тілдің дыбыстарын өз тілінің ұқсас дыбыстарымен ауыстыру) және гаплогогия (айтуға қиын дыбыс немесе дыбыс тіркестерінің түсіп қалуы) заңдылықтары қатар орын алған.

**Боралдай** — Шымкент облысындағы тау және өзен аты. Ғ. Қоңқашбаевтың пікірінше, бұл монғолдың боралда (жусан) деген сөзінен қойылған.<sup>3</sup> Сөздің этимологиясы туралы, Е. Қойшыбаев бұл атау түркі тілдері негізінде жасалған: «борал» (бұру, бұрма) «тай» (тау), яғни «бұрма таулар», «негізгі тізбегінен алыс таулар» дегенді білдіреді деп жазды.<sup>4</sup>

Қырғыз топонимисі Д. Исаев атау монғолдың борлж (боролжин) сөзінен (ақтал деген мағынада) алынған, — **дой** қырғыз тіліндегі — **луу** аффиксінің параллелі — деп көрсетеді.<sup>5</sup>

Бұл пікірлердің ішінде, біздіңше, Д. Исаевтың айтқаны көңілге қонымды. Өйткені сөз түбіріне «жин» жұрнағы монғол тілінде жиі жалғанады да, оған жаңа жұрнақ қосылғанда түсіп қалады. Ал — **дай** монғол тілінде қазақ

тіліндегі туынды сын есім жасайтын — **лы** жұрнағымен сөйкес. Атаудың этимологиялық үягісі мынадай: борол (жин) + **дой-боралдай** («жусанды, талды» деген мағынада).

**Бораходзир** — Алматы облысы, Панфилов ауданындағы жер, өзен және елді пункт аты. Бұл атаулардың бәрі жер атынан алынған. Атау, біздіңше, екі бөлімнен құралған. Бірінші бөлімі — **боро** бурят — монғол тілінде «боз, бұрыл» дегенді білдіреді.<sup>6</sup>

Монғол тіліндегі **бор** қазақша **боз** түрінде. Монғол тілдеріндегі **р** дыбысы түркі тілдерінде **з** дыбысымен алмасатыны белгілі.<sup>7</sup> Топонимнің екінші бөлімі де монғолдың **хужир** (сортаң) деген сөзінен алынса керек.<sup>8</sup> Хужир сөзінің **ходзир** түріне ауысуы орыс тілінің әсерінен деп қараған орынды. Сөйтіп, атау мына жолмен жасалған: **Борохужир** > **Бораходзир**. Мағынасы — «боз сортаң». Атау жердің геоморфологиялық қасиетін дәл көрсетіп тұр.

**Борандай** — Алматы қаласы маңындағы өзен және елді пункт аты. Сөздің түбірі, біздіңше, алтай тіліндегі боронтық, бороны, куманды тіліндегі **порон** — мутный (о воде) сөздерімен түбірлес және бұл **лай** (мутный) деген мағынаны береді.<sup>9</sup> Монғол және бурят-монғол тілдерінде **бороон** — «жанбыр, жауын» дегенді білдіреді. Ал сөз соңындағы — **дай** (**тай**) қосымшасы — түркі-монғол тілдерінде ортақ туынды сын есім жасайтын көне жұрнақ. Бұл қазақ тіліндегі туынды сын есім жасайтын — **лы/ (лі)** варианттарымен/ жұрнағымен мәндес.

Сонымен атау былай жасалған: **борон/ (боран) лай/ + дай** (көне туынды сын есім жұрнағы) - **Борандай**, яғни **лайлы** деген мағынаны береді. Шығында да Бірінші Май тоғанына құятын бұл кішкене өзен лайланып ағады. Өзеннің осы қасиетін атау дәл көрсетіп тұр.

**Жаланаш** — Алматы облысы, Кеген ауданындағы жер және сельсовет аты. Сөз мағынасы ашық болғаны-

<sup>1</sup> Таджикско-русский словарь. М., 1954. С. 339—340.

<sup>2</sup> Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 1961. 260-б.

<sup>3</sup> Қоңқашбаев Ғ. Некоторые малопонятные географические названия в Казахстане. Вопросы географии Казахстана. 1962. Вып. 9. С. 243.

<sup>4</sup> Қойшыбаев Е. Краткий толковый словарь. Алма-Ата, 1974. С. 70.

<sup>5</sup> Исаев Д. Жер-су аттарының сыры. Фрунзе, 1977, 92-б.

<sup>6</sup> Черемисов К. М. Бурят-монгольско-русский словарь. М., 1951. С. 115.

<sup>7</sup> Ряснен М. Материалы по исторической фонетике тюркских языков. М., 1955. С. 26—27.

<sup>8</sup> Хабшиай С., Минис Э. Монғолша-қазақша сөздік. Ұланбатор, 1954. 495-б.

<sup>9</sup> Молчанова О. Т. Топонимический словарь Горного Алтая. Горно-Алтайск, 1979. С. 162.

мен, жасалу жолы этимологиялық жағынан қарастыруды талап етеді. Сөздің түбірі, біздіңше, **жалаң** алтай тіліндегі **дылан** (поле, долина, равнина, открытое место, ровный, открытый) сөзімен түбірлес. Бұл сөз арқылы алтай тілінде көптеген атаулар жасалған<sup>10</sup>. Ал сөз сонындағы **ан** қосымшасы — түркі тілдерінде зат есімнен зат есім тудыратын жұрнақ<sup>11</sup>. Алғашқы зат есімдік қасиеті осы атауда сақталған. Атау бұл өңірдің тау етегінде үлкен алаңқай болып келуін дәл көрсетеді. Ал сөз мағынасының сын есім ретінде қолданылуы кейінгі өзгеріс болса керек.

**Жаманты** — Жоңғар Алатауының солтүстік-шығыс жағындағы тау және содан ағатын өзен аты. Ғ. Қоңқаибаев бұл атаулар монғолдың **яматы**, немесе **яманты** (тау еңкі) деген сөзінен қойылған дейді<sup>12</sup>. Алайда бұл пікір толықтыруды, сөз этимологиясын тереңірек ашуды керек етеді.

Монғолша — қазақша сөздікте **ямаа** — «ешкі» делінген<sup>13</sup>. Бурят — монғол тілінде де **ямаа** (н) — «ешкі» деп аударылған<sup>14</sup>. Атау таза монғол тілінде «ямаатай» формасында болуы керек еді. Олай болмай, **Жаманты** түрінде айтылуының тарихи-тілдік себебі болса керек. Алдымен сөз аяғындағы **ты** жұрнағы **нты** дыбыс тіркестерінің тізбегінде келетін көне түркі тілдерінің көрсеткіші. Сондықтан бұл атау ерте заманда жасалған.

Ал сөз басында монғол тілі мен қазақ тілінде й ~ ж дыбыстарының алмасуы басқа сөздерде де кездеседі:

**бурят — монғол тілерінде:**      **қазақ тілінде:**

ядуу	жадау (бедный)
ялан	жалаң (плешина)
янгираа (н)	жаңғырық (звон)
янгириха	жаңғырығу (звенеть)
яра	жара (рана, язва)
ярагай	жаралы (имеющий язву)
ярвайх	жарбию (опускаться) т. б. <sup>15</sup>

<sup>10</sup> Там же. С. 175.

<sup>11</sup> *Серебрянников Б., Гаджиева Н.* Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Баку, 1979. С. 103—104.

<sup>12</sup> *Қоңқаибаев Ғ.* Географические названия монгольского происхождения. Изв. АН КазССР. Сер. филол. 1959. Вып. 1(2). С. 91.

<sup>13</sup> *Хабшай С., Минис Э.* Аталған сөздік. 393-б.

<sup>14</sup> *Черемисов К. М.* Бурят-монгольско-русский словарь. М., 1951. С. 756.

<sup>15</sup> Бұл мысалдар жоғарыдағы сөздіктерден алынды.

Осындай дыбыстық алмасудың нәтижесінде **Яманты** атауының қазақ тілінде **Жаманты** болуы әбден заңды. Сөйтіп атау көне монғол — түркі тілдерінің негізінде жасалып, «сшкілі» деген мағынаны береді. Шынында да бұл тауларда тау ешкі және оның суреттері көп кездеседі.

**Жүйнек** (өзбектер Югнак деп атайды) — Шымкент облысы Түркістан ауданындағы төбе, қыстақ және сельсовет аты. Өзбек топонимісі С. Қараев бұл атау XII ғасырда өмір сүрген және «Хибату — л -- Хақайқ» («Шындық сыйы») атты дастанның авторы Ахмед ибн Махмуд Югнаки деген ақынның атымен байланысты қойылуы мүмкін деп қарайды<sup>16</sup>. Бұл туралы Казак совет этникопедиясында мынадай мәлімет бар: «Ахмед Югнаки (лақап аты, шын аты — Ахмед Махмудұлы Жүйнески) — XII ғасырда өмір сүрген, түркі тілдес елдердің ортақ ақыны. Шығармаларын араб тілінде жазған. Түркістан қаласының маңындағы **Югнек** немесе **Жүйнек** деген жерде (қазіргі Шымкент обл. Түркістан ауд.) туып өскен<sup>17</sup>.

Бұл мәліметтерге қарағанда, оның Югнаки деген лақап аты жер атынан алынып, югнактың (жүйнектік) мағынасында айтылған. Дәл осы маңда **Қарнак**, **Шорнак** деген жер, қыстақ аттары бар. Ендеше **Югнак**, **Қарнак**, **Шорнак** атауларындағы — **нак** бөлігі қайталанып келуі кездейсоқ емес. Біздіңше, атаудың түбірі **үйык** / **юг** — көне түркі тілдерінде «шұрайлы, жақсы жер» деген мағынаны білдіреді<sup>18</sup>. Асапқайғының **жер үйықты** (жақсы, шұрайлы жерді) іздеуі де осыдан туған. Қазақ тіліндегі **үйек** сөзі де осы сөздің дыбыстық варианты болса керек. **Үйек** сөзінің мағынасы «Табиғаты тіршілікке қолайлы, күні жылы, шөбі шүйгін жер»<sup>19</sup>.

М. Қашқари сөздігінде **үйүк** сөз екі рет кездесіп, оған мынадай түсінік беріледі:

«**Үйүк** — төбеге ұқсас биік, төбелі орын», «**Үйүк**: үйүк йерсу және басқа нәрселер көптігінен аяқ басқанда батып, оны суырып алу қиын болған құмдақ жер»<sup>20</sup>.

<sup>16</sup> *Қараев С.* Географик номлар магносии биласизми? Тошкент, 1970. 143-б.

<sup>17</sup> КСЭ, 1-т. 1972. 613-б.

<sup>18</sup> Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 1961. 2-т. 414-б.

<sup>19</sup> Сонда. 431-б.

<sup>20</sup> *Қашқарий М.* Дебону луғотит турк. Тошкент, 1-т. 113-б.

Үйк сөзі «төбе» мағынасында түрік тілінде кездеседі<sup>21</sup>. «Түрікмен тілінде үйк — «слякоть», ал ок сөзі «жыра» мағынасында<sup>22</sup>.

Жоғарыда көрсетілген М. Қашқари еңбегіндегі үйүк сөзінен түркі тілдерінде екі сөз тараған: 1) үй («бір нәрсенің үй, биіктет» мағынасындағы етістік) + үк (етістіктен зат есім тударатын жұрнақ -үйүк (үйілген биік жер, төбе); 2) ұйы («қоюлан, сулан» деген мағынадағы етістік) + к (етістікті зат есімге айналдыратын жұрнақ) - үйық («сулы, шұрайлы жер»). Ұйы//үй етістігінің этимологиялық жасалуы Э. Севортянның сөздігінде жеткілікті баяндалған<sup>23</sup>.

Сөйтіп, Югнак (Югнек) атауы құрамындағы Юг (үйг) сөзі — ұйық сөзінің көне оғуз және қарлық тілдеріндегі фонетикалық варианты. Ал сөз соңындағы -нак//нак жұрнағы қазіргі туынды сын есім жасайтын, бір нәрсенің молдығын, барлығын білдіретін -лы (варианттарымен) жұрнағының көне варианттарының бірі. Дәл осындай жұрнақ якут тілінде өнімді қосымша ретінде сақталған. Бұл жұрнақ якут тілінде мынадай варианттарда кездеседі: -лаах, -лоох, -лөөх, -лээх, -таах, -тоох, -төөх, -даах, -доох, -дөөх, -дээх, -наах, -ноох, -нөөх, -нээх. Мәселен, қазақша Өленті // Өлеңді, Шортанды деген атаулар якут тілінде Өлөннөх, Сордоннох түрінде кездеседі<sup>24</sup>. Қазақ тіліндегі тас+так, құм+дақ, саз+дақ деген сөздерде осы көне жұрнақ сақталған. Сонымен атаудың этимологиясы былай: ұйық//сұйық//йүг («сулы, шұрайлы жер») +нак (бір нәрсенің барлығын білдіретін сын есім жұрнағы) - Ұйықнақ > Ұйгнак > Югнак. Ал қазақша Жүйнек атауы Югнак атауы — мағынасының көмескіленуінен: Югнак//Югнек > Жүйнек.

ИСФИДЖАБ (ИСПИЖАБ) — Оңтүстік Қазақстан облысындағы тарихи ірі қалалардың бірінің аты. Ескі орны Сайрам поселкесінің оңтүстік батысында, Шымкент қаласынан 12 км жерде. Қаланың аты жөнінде М. Қаш-

<sup>21</sup> Радлов В. ОСТН. Т. 1. Ч. 2. С. 1595.

<sup>22</sup> Атанязов С. Түркменистанның топонимик сөзлүгі. Ашгабат, 1970. 183-б.

<sup>23</sup> Севортян Э. В. Этимологический словарь тюркских языков. М., 1974. С. 575.

<sup>24</sup> Гриценко К. Якутские топонимы па — лах //Тез. докл. Всесоюз. конференции по топонимике СССР. Л., 1965. С. 250—251.

қари еңбегінде мынадай дерек айтылады: «Сайрам — Ақ шахар деп әм аталатын. Исфиджаб деп әм аталатын шахар аты»<sup>25</sup>. Осы сөйлемді аударушы С. Муталлибов «Басим Ағалай неге екені белгісіз Испиджабты қазіргі Шымкент деп түсіндірген» деген комментарий берген де<sup>26</sup>, М. Қашқари еңбегінің I томында және «Индексте» «Испиджаб — қазіргі Шымкент» деп қате түсіндірген. Жоғарыда айтылған М. Қашқари сөзінде бір қаланың үш аты (Сайрам, Ақ қала, Исфиджаб) бар екені анық айтылған. Оның да тарихи себебі бар: біріншісі — Сайрам аты түркі тілдерінен қойылған<sup>27</sup>, екіншісі — түркі — араб сөздерінен (ақ+арабша қала), ал үшіншісі, — біздіңше, иран-түркі тілдерінен қойылған. Бұл маңда қалалардың түркі және иран (соғди — тәжіктердің арғы атасы) тілдерінде екі аты болуы ол кезде заңды, өйткені бұл өлкедегі халықтар соғдиша және түркіше екі тілде сөйлейтінін М. Қашқари екі рет ескертіп айтады (1, 66-б).

Біздіңше, Исфиджаб (М. Қашқари де Испиджаб деп те кездеседі) екі сөзден жасалған: соғдиша — испич (отқа төзімді қыш) + түркіше-жаб (арық, су жүретін канал, немесе құбыр). Соғдилардың тікелей ұрпағы болып табылатын тәжік тілінде «испич — огнесупорная глина»<sup>28</sup>.

Ал атаудың екінші бөлігі түркі тілдерінде йаб//жаб түрлерінде келеді. В. Радлов сөздігінде «йаб-вырытая канава»<sup>29</sup>, түркмен тілінде «яп-арық, канава»<sup>30</sup>, өзбек тілінде «еп обла оросительный канал»<sup>31</sup>, қарақалпақ тілінде «жап-канава»<sup>32</sup>, қазақ тілінде «жап обл. егін суаратын үлкен арық»<sup>33</sup>. Өзбек топонимисі С. Қараев, өзбек тілінде ёб//ёп сөзі үлкенді-кішілі канал мен арықтарды білдіреді және бұл термин қосылып жасалған атаулар Өзбекстан мен Түкменстанда көп екендігіне мысалдар келтіреді<sup>34</sup>.

Сөйтіп оңтүстік түркі тілдерінде яп//жап сөздері

<sup>25</sup> Қашқари М. Девону луғотит турк. Ташкент, 1963. 3-т. 191-б.

<sup>26</sup> Сонда. 191-б.

<sup>27</sup> Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. Алматы, 1975. 148—152-б.

<sup>28</sup> Таджикско-русский словарь. М., 1954. С. 164.

<sup>29</sup> Радлов В. В. Узкз. словарь. Т. 3. Ч. 1. С. 259.

<sup>30</sup> Туркменско-русский словарь. М., 1968. С. 816.

<sup>31</sup> Узбекско-русский словарь. М., 1959. С. 144.

<sup>32</sup> Русско-каракалпакский словарь. М., 1967. С. 326.

<sup>33</sup> Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, 1959. 1-т. 216-б.

<sup>34</sup> Қараев С. Жоғарыда аталған еңбек. 46—47-б.

канал, арық деген мағынаны білдіреді. Мұндай канал, әсіресе арықтардың ашық және жабық екі түрі бар екені белгілі. Мәселен, арықтың суы былғабауы және салқын болуы үшін оның үстіне бұтақ, шыршы және шөп жауып, топырақпен бастырып тастайды. Қала жағдайында Орта Азияда бұл мақсатқа қыштан жасалған құбырлар да пайдаланылған. Мұндай арықтардың суы таза болуы үшін қыштан жасалған плиталар да (ИСПИЧ) төселуі әбден мүмкін. Қаланың аты осындай қыштан жасалған арықтардың, құбырлардың көптігін білдіру үшін испич (қыш) және яб//жаб (арық, құбыр) сияқты сөзді және түркі сөздерінің бірігуінен жасалуы заңды сияқты. Атаудың этимологиялық схемасы: Испич+яб-Испичяб//Исфиджаб.

ҚОРДУАН—Гурьев облысы Теніз ауданындағы село аты. Орпалысқан орны Астрахан қаласынан алыс емес. Сол жақта тұрушы Жолжанов Махсұттың айтуына қарағанда осы маңдағы көл де Қордуан деп аталған. Біздің ойымызша, атау екі компоненттен құралған: көр (түркіше)+дуан (иранша).

Көр сөзі татар, башқұрт тілдерінде «жақсы, бай» деген мағынаны білдіреді:

«көр 1) тучный, упитанный, откормленный, жирный, сытый (на пр. о скоте); 2) перен, бодрый; здоровый храбрый; көр күнелле бодрый; 3) перен. богатый, материально обеспеченный, живущий в достатке; ▽ көр тавышлы имеющий зычный (сильный) голос»<sup>35</sup>. «Көр упитанный, откормленный, жирный; Δ көр тауыш зычный голос: көр күнел бодрый дух; көр күнелле кеше бодрый человек»<sup>36</sup>.

Көр сөзінің татар, башқұрт тілдерінен табылуы заңды да, өйткені көрдуан селосының Астрахан қаласының маңына орналасуы да кездейсоқ емес. Бұл Астрахан татарларының тілінен қойылған атау болуы керек.

Ал дуан не деген сөз? Бұл туралы В. В. Радлов былай деп жазды: «дуан (кіч из перс. диуан) — диван.

1. окружной суд; 2. округ, место, где находится русское правление киргизским (т. е. казахским — А. А.)

округом.— Семи дуаны, Торғай дуаны — Семипалатинский, Тургайский округ»<sup>37</sup>.

Тәжік тілінде «девои ист.— государственная канцелярия, управление»<sup>38</sup>.

Сөйтіп түркі — иран тілдерінен жасалған бұл атау «жақсы дуан», «бай өлке» дегенді білдіреді.

ҚАЛДЫҒАЙТЫ — Орал облысының Қаратөбе ауданындағы өзен аты. Аңғары кен, жер асты және жауын-шашын суымен қоректенеді. Жайылмасы шабындыққа, жайылымға қолайлы. Атау этимологиясы туралы екі түрлі жорамал айтуға болады. Біріншіден, атау қырғыз тіліндегі қалдағай сөзімен түбірлес сияқты. Беретін мағынасы «үлкен, өте үлкен, кен»<sup>39</sup>. Шынында, бұл өзен маңайындағы Өлеңті, Шідергі өзендерінен әлдеқайда ұзын да үлкен. Атау осы қасиетіне қарап қойылса керек. Ал сөз соңындағы -ты туынды сын есім жасайтын көне жұрнақ. Өлеңті, Шідергі атаулары да осы жолмен жасалған.

Екіншіден, сөз түбірі монғолдың хандгай сөзі болуы да ықтимал. Бұл сөзге «Монғолша-қазақша сөздікте» бұлан (бұғының бір түрі) деп түсінік берілген<sup>40</sup>. Осы хандгай сөзі мен гидронимдегі қалдығай сөздері тым жақын, айырмасы н/л дыбыстарының алмасуында ғана. Проф. С. Аманжолов мұндай дыбыс алмасуы батыс говорларына тән екендігін айта келіп, мынадай мысалдар келтіреді: қандел//қанден, жамалдат//жамандат<sup>41</sup>. Әдеби тілдегі қанден, жамандат сөздері батыс говорында қандел, жамандат болып айтылуы — н/л дыбыстары алмасуының белгісі. Ендеше хандгай//қалдығай алмасуы да заңды. Қазақша бұлан аталатын бұл жануардың Қазақстанда Орал, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Қостанай облыстарында ғана кездесуі<sup>42</sup> аталған гидронимге мұндай аттың қойылуы заңды екендігін дәлелдейді. Қазақстанда Бұланғы (өзен), Бұландыкөл (көл) сияқты атаулар да бар.

<sup>37</sup> Радлов В. В. ОСТН. Т. 3. Ч. 2. С. 1782—1783.

<sup>38</sup> Таджикско-русский словарь. М., 1954. С. 126.

<sup>39</sup> Юдахин К. К. Киргизско-русский словарь. М., 1965. С. 330.

<sup>40</sup> Хабшай С., Минис Э. Көрсет. сөздік. 261-б.

<sup>41</sup> Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959. С. 293.

<sup>42</sup> КСЭ. 2-т. 521—522-б.

<sup>35</sup> Татарско-русский словарь. М., 1966. С. 327.

<sup>36</sup> Башкирско-русский словарь. М., 1959. С. 281.

Ал сөз аяғындағы **-ты** — түркі тілдеріне тән туынды сын есім жасайтын көне жұрнақ. Осы өзен маңында **-ты** жұрнағы арқылы жасалған **Өленті, Шідерті** деген өзендер бар. Сонымен атаудың этимологиялық схемасы былай **Хандгай+ты, Қалдығай+ты**.

**ҚАРАТҰРЫҚ** — Алматы облысы Шелек ауданындағы жер және елді пункт аты. Атау екі компоненттен жасалған. Біріншісі — қара түсті білдіретін сын есім. Ал екінші сыңары **тұрық** сөзінің түбірі — **тұр** — етістік, осыған көне етістіктен зат есім жасайтын **-ық** жұрнағы қосылған. Бұл ұйғыр тілінің әсерінен болса керек. Өйткені ұйғыр тілінде **турук** сөзі қазақ тілінде **тұрақ** (**тұр+ақ**) түрінде айтылады да, кісінің тұратын жерін, орнын білдіреді. **-Қ/ /к, ақ/ /ек, -ық/ /ік** жұрнақтары түркі тілдерінде кеңінен тараған<sup>43</sup>.

**ҚАРНАК** — Шымкент облысы, Түркістан ауданындағы жер, қыстақ аты. Бұл атау М. Қашқари еңбегінде «огуз қалаларының бірі» деп түсіндіріледі<sup>44</sup>. Атаудың түбірі — **қар** (снег), осыған көне түркі тілдеріндегі **-лы** туынды сын есім жасайтын жұрнақтың бір варианты **-нақ** қосылуы арқылы жер аты жасалған. Мағынасы: «қарлы». Бұл жұрнақ якут тілінде өнімді жұрнақ есебінде сақталып, — **лаах/ /лоох/ /лөөх/ /лээх, -таах/ /тоох/ /төөх, -даах/ /доох/ /дөөх/ /дээх, -наах/ /ноох/ /нөөх/ /нээх/ /** варианттарында қолданылады және жер-су аттарына қосылады. Мәселен қазақша **-Өленті/ /Өленді, Шортанды** аудандары якутша **Өлеңнөх, Сордоннох** түрінде кездеседі<sup>45</sup>. Қазақ тіліндегі **тастақ, құмдақ, саздақ** деген сөздерде осы көне жұрнақ сақталған. Осы өлкеде **-нақ** жұрнағы арқылы жасалған **Югнак (Жүйінек), Шорнак** деген атаулар бар. Сонымен атаудың этимологиясы **қар (снег) +нақ** (бір нәрсенің барлығын білдіретін, туынды сын есім жасайтын көне жұрнақ) -**Карнак**. Мағынасы: **қарлы (жер)**. Бұл маңдағы сай-салада қар көбірек жататын болғандықтан осылай аталған болуы керек.

**ҚҰЛАНҚОРЫҚ** — Талас өзенінің жоғарғы жағында Қырғыз жотасының оңтүстігіндегі жер аты. Сол сияқты Шымкент облысының Түлкібас, Ленгир және Жамбыл

облысының Жуалы ауданының түйіскен жерінде атақты Аксу-Жабағылы қорығы бар. Өзбек топонимісі С. Қарастың зерттеулеріне қарағанда, орта ғасырларда **Құланқорықта** хан қорығы /заповедник/ болған, мұнда құлан қамалған және ол жылқымен будандастырылған<sup>46</sup>. Атау екі компоненттен құралған **құлан+қорық**. Біздің көңіл аударатынымыз — екінші **қорық** бөлімі. Бұл термин **қоры/«күзет, қорға»** деген мағынада/ етістігіне **+қ** жұрнағы (етістікті зат есімге айналдырады) қосылу арқылы жасалған. Бұл жұрнақ — түркі тілдерінде өте өнімді қосымша<sup>47</sup>. Қазақ тіліндегі **тара+қ, ор+ақ, күр+ек, жүр+ек** т. б. ондаған сөздер осы жолмен жасалған.

**САЙҚАН** — Жонғар Алатауының солтүстік — шығыс сілеміндегі жота, тау аты. Жотаның оңтүстік беткейі тік құлама, солтүстігі көлбеу, жайпақ келеді. Солтүстік баурайынан басталатын бірнеше киші-гірім өзен тауға әлемі сипат берсді.

Атау, біздіңше, монғолдың **Сайхан** (әдемі, сұлу) деген сөзінен алынған<sup>48</sup>. Ұзындығы 30 км созылатын, ені 6 км-ге жететін, жазда жайлау, қыста басында қар жататын (биіктігі 2342 м.) таудың әдемілігіне қарап монғолдардың бір бөлегі жоңғарлар, немесе жоңғар қалмақтары осылай атаған. Осы маңнан өтіп, Орталық Азияға қарай соғатын Сайқан желі де осы тау атынан қойылған болуы керек.

**САЙҚЫН** — Орал қаласының оңтүстік-батысында Қаспий маңы ойпатында орналасқан. Орда ауданының орталығының, темір жол станциясының аты. Бұл аттар сол маңдағы Сайқын көлінің атына байланысты. Атау, біздіңше, қалмақтың **сәэхи** (әдемі) деген сөзінен<sup>49</sup> қойылған. Нарын құмының батыс сілеміне орналасқан бұл жерлер мен Сайқын көлі, әрине, көзге әдемі көрінген. Өзбек тіліндегі **сайхон**<sup>50</sup> сөзі де осы қалмақ тілінен сипен болуы керек.

**СУСАМЫР** — Шу-Іле Алатауының тау аты. Атау екі бөлімнен жасалған оның алғашқы су бөлімі **бұлақ**, бастау дегенді білдіреді. Ал екінші бөлімі, — біздіңше,

<sup>46</sup> Қариев С. Жоғарыда аталған еңбек. 250—251-б.

<sup>47</sup> Серебренников Б., Гаджиева Н. Указ. раб. С. 106—107.

<sup>48</sup> Хабайи С. Минг Э. Көрсет. сөздік. 148-б.

<sup>49</sup> Краткий русско-калмыцкий словарь. М., 1969. С. 222.

<sup>50</sup> Узбекско-русский словарь. М., 1959. С. 351.

<sup>43</sup> Серебренников Б., Гаджиева Н. Указ. раб. С. 106—107.

<sup>44</sup> Қашқари М. Көрсет. еңбегі. 1-т. 439-б.

<sup>45</sup> Гриценко К. Жоғарыда аталған еңбек. 158-б.

самар/самыр (семіз, мол, бай) деген көне түркі сөзі. Мұның өзі Самарқанд атауындағы Самар сөзімен түбірлес бір сөз<sup>51</sup>. Түркі тілдеріндегі Р~З дыбыстарының сәйкестігіне, яғни ротацизм құбылысына алғаш көңіл аударған И. Клапрот болды. Ал чуваш тілі мен басқа түркі тілдерінің арасындағы бұл айырмашылықты В. Шот зерттеулері кеңейте түсті. Кейінгі зерттеушілер арасында бұл дыбыстардың қайсысы бұрын деген мәселеде екі түрлі пікір бар: Г. Рамстедт, М. Рясенеп, Н. Баскаков сияқты ғылымдар Р дыбысынан З дыбысы дамып шықты десе, В. Радлов, Ю. Немет, Г. Гомбоц, Б. Серебрянников З дыбысынан Р дыбысы өрбіген дейді. Ал Н. Ашмарин, П. Дмитриев сияқты түркологтар бұл дыбыстардың шығуы жөнінде пікірлерін айтпай, конкретті материалдарды талдаумен болды. Оның үстіне Н. Дмитриев Р//З дыбыстарының алмасуы абсолютті құбылыс емес екенін көрсетті<sup>52</sup>.

Алайда бүгінгі таңда түркологтардың басым көпшілігі З дыбысы Р дыбысынан дамып шықты деген пікірде. Қалай болғанда да Самар/самыр/семіз сөздеріндегі р/з дыбыстарының алмасуы анық.

Махмуд Қашқари заманында Самарқанд // Семізкенд қатар қолданылған. М. Қашқари «Самарқандты үлкендігі үшін Семізкенд — Семіз шахар дейді. Мұны форсылар Самарқанд түрінде қолданады» деп көрсеткен<sup>53</sup>.

Сусамыр атауы қазіргі түркі тілдерінің заңдылығы бойынша Самырсу («мол су, көп су» деген мағынада) болуы керек еді, ал олай болмай кері құрылымды, яғни анықтауыш сөздің соңында болу себебі неде?

Бұл сұраққа проф. К. Жұбановтың мына сөзі жауап болады:

«Қазак сөйлемінде сөздердің орналасуында қатаң тәртіп бар екені баршаға белгілі. Бүкіл түркі тілдеріне ортақ бұл заңды былай сыпаттауға болады: анықтауыш анықтайтын, толықтауыш толықтайтын

<sup>51</sup> Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. Алматы, 1975. 152—153-б.

<sup>52</sup> Дмитриев Н. К. Соответствия р/з: Исследования по сравнительной грамматике тюркских языков. Фонетика. М., 1955. Ч. 2. С. 222.

<sup>53</sup> Кашгарий М. Девону луготин түрк. 3-т. 330-б.

сөздің, ал барлық сөйлем мүшелері баяндауыштың алдында келуі керек.

Алайда сөздердің бұлайша орналасу тәртібінің бас тапқы түрі бұлай болмаса керек. Өйткені қазіргі қазақ тілінің өзінде бұдан әлдеқайда ауытқулар кездеседі, мұның өзі ерте замандарда синтаксистік норманың басқаша болғанын көрсетеді<sup>54</sup>.

Осы пікірін дәлелдеу үшін автор ономастикалық атауларға біраз шолу жасайды. Күнсұлу, Айсұлу, Күнжарық, Айжарық сияқты кісі аттары қазіргі тілдің заңы бойынша Сұлуқүн, Сұлуай, Жарыққүн, Жарықай болуы керек еді, бірақ бірінші қатардағыдай сұлу, жарық анықтауыштарының анықтайтын сөздің соңынан келуі — ертедегі сөйлем ішіндегі сөз тәртібін көрсетеді деп гүяді автор<sup>55</sup>.

Осы тұрғыдан қарағанда атаудың Самырсу болмай, Сусамыр түрінде қалыптасуы осы заңдылықтан шығады. Сөйтіп, Сусамыр атауы фонетикалық жағынан көне р дыбысын сақтаса, синтаксистік құрлысы жағынан да көне құрылымды формада қалыптасқан. Мұндай құбылыс Шайқұрық (сай+құрғак) атауында да орын тепкен<sup>56</sup>. Сөйтіп, Сусамыр атауы «мол су», «бай бұлақ» деген мағынаны білдіреді. Расында да таулар бұлаққа өте бай.

ТҮРГЕН — Алатаудың солтүстігінен ағып, Іле өзеніне құятын өзен аты. Бұл, біздіңше, монғолдың түргэн (тез, жылдам, шапшаң) деген сөзінен қойылған. Атау өзеннің тез, арынды ағатын қасиетін дәл көрсетеді. Қырғызстанда Түргөн, Түргөн-Ақсу деген өзен аттары кездеседі. Монғолияда да мұндай атаулар жиі кездеседі. Атаудың этимологиясы жөнінде Г. Қоңқашбаев пен Д. Исаевтың пікірлері де осындай<sup>57</sup>.

ҮШҚОҢЫР — Алматы облысы Шамалған селосы маңындағы таулы өлкедегі жайлау, үш сайдың аты. Атау екі компоненттен құралған: үш+қоңыр. Мұның

<sup>54</sup> Жұбанов Х. Исследования по казахскому языку. Алма-Ата, 1966. С. 33.

<sup>55</sup> Сонда. 37—38-б.

<sup>56</sup> Әбдірахманов А. Көрсет. еңбегі. 189-б.

<sup>57</sup> Қоңқашбаев Г. Географические названия монгольского происхождения//Изв. АН КазССР. Сер. филол. и искусствоведения. Вып. 1 (2), 1959. С. 95; Исаев Д. Жер-су аттарының сыры. Фрунзе, 1977. 104-б.

екінші бөлімі түсті білдіретін сияқты көрінгенімен, шындығында басқа жолмен жасалған. Бұл біздіңше, монғолдың **хонхор** сөзінен алынған болуы керек. Ол монғол тілінде «ой, шұңқыр, ойпат, төмен жер, тау үстіндегі қазан тәрізді үлкен шұңқыр, үңгір, сай, жыра»<sup>58</sup> деген мағынада қолданылады.

**Үшқоңыр** деп аталатын Алатаудың етегінде, шындығында да, үш адырдың ортасында үш сайлы өлке бар. Сондықтан монғол тіліндегі **хонхор**/**хонхур** сөзінің мағынасы объектінің осы геоморфологиялық құрлысын дәл көрсетеді. Талдықорған облысы Қанал ауданындағы **Қоңыр** атауы да осы жолмен жасалған. Атаудың болжалды этимологиясы мынадай: **үш+хонхор**/**хонхур**>**қоңғур**>**қоңұр**//**қоңыр**.

**ШОРНАҚ** — Шымкент облысы Түркістан ауданындағы жер және елді пункт аты. Шор сөзінің өзбек тілінде «солончак» деген мағынасы бар<sup>59</sup>. Қазақ тілінде бұл «сор» деп аталады. Атау осы **шор** сөзіне көне түркі тілдеріндегі туынды сын есім жасайтын **-нақ** жұрнағы қосылуы арқылы жасалған. Бұл жұрнақ якут тілінде **-наах**/**ноох**/**нээх** т. б. фонетикалық вариантта кездесіп, жер-су аттарына қосылады. Мәселен, қазақ тіліндегі **Өлеңті**/**Өлеңді**, **Шортанды** атаулары якут тілінде **Өлөңнөх**, **Сордоңнох** түрінде айтылады<sup>60</sup>. Қазақ тіліндегі **гастақ**, **құмдақ**, **саздақ** сөздерінде осы көне жұрнақ сақталған. Осы Түркістан ауданында **-нақ** жұрнағы арқылы жасалған. **Қарнақ**, **Югнақ** сияқты атаулар бар. Сонымен атаудың этимологиясы былай: **шор** (сор, сортаң) + **нақ** (бір) нәрсенің барлығын білдіріп, туынды сын есім жасайтын көне жұрнақ **-Шорнақ**. Мағынасы: «сорлы, сортаң» (жер).

Қорыта келгенде айтарымыз, бұл этимологиялық зерттеулер біздің соңғы жылдарда жазылған ізденістеріміздің бір бөлігі ғана. Ал қалған бөліктерін мақала және еңбек түрінде жарыққа шығара беру, сол сияқты Қазақстанның басқа да топонимдері сияқты осы бағытта ғылыми-зерттеулер жүргізе беруді халық алдындағы өзіміздің қасиетті міндетіміз деп есептейміз.

<sup>58</sup> Хабшай С. Миніс Ә. Көрсет. сөздік. 279-б.

<sup>59</sup> Узбекско-русский словарь. М., 1959. С. 549.

<sup>60</sup> Гриценко К. Якутские топонимы на —лах//Тез. докл. Всесоюз. конференции по топонимике СССР. Л., 1965. С. 250—251.

## Жер-су аттарының тек-төркіні туралы

Соңғы жылдарда тіліміздегі жеке сөздер немесе тұрақты сөз тіркестерінің ғана емес, республикамыздағы кездесетін қыруар жер-су аттарының сырына зер салып, төркінін (этимологиясын) зерттеуге көп көңіл бөлініп жүргендігіне—**Ғ. Қоңқашбаев**,<sup>1</sup> **Т. Жанұзақов**,<sup>2</sup> **Е. Қойшыбаев**,<sup>3</sup> **А. Әбдірахманов**<sup>4</sup> сияқты ғалымдар қаламынан туған кітаптар кепіл бола алады. Бұлардың сыртында, жер-су аттарының шығу тарихы жөнінде, осы және басқа да ғалымдар немесе зерделі де зиялы қалам иелерінің ойынан өрбіген, газет, журналдар бетінен орын алған мақалалардың өзі бір бөлек. Демек, халық атамекеніміздегі жер-су аттарының тарихына қызыға да құмарта қарап қана, тек оқырман қатарында қалуды қанағат етіп қоймайды, ой қосып, ат салысып отырады екен. Бұл құртарлық өрі қуанарлық жағдай. Алайда, дәл осы тұста Абайдың «Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы. Сонда да солардың бар таңдамасы»,—деген, халық ішінде мақалға айналған екі жол өлеңін еске салмай кете алмадық. Көңілге қонып, ойға оңай ораларлық озық өлеңді жазу ақын үшін қандай қиып болса, жер-су аттарының тарихи тамырын, төркінін тап басарлық зерттеу жүргізу ғалымдарға оңай жұмыс емес, оған да өткен қиын.

Осы себептен де біз шығу төркіндері әлі де талас тудырып жүрген кейбір жер-су аттарын талдауды жөн көрдік.

**ҚАЛДЫҒАЙТЫ**. Орал облысы Қаратөбе ауданына қарасты өзен аты.

**Ғ. Қоңқашбаев** сөздігінде бұл өзен аты «Қалдықанты» болып тұлғаланған да, мағынасы «қалды, қайтты» етістік сөздермен түсіндірілген<sup>5</sup>. Әрине, бұл түсінікпен келісе қою қиын. Алайда, осы автор Семей, Шығыс Қа-

<sup>1</sup> *Қоңқашбаев Ғ.* Словарь казахских географических названий. Алма-Ата, 1963.

<sup>2</sup> *Жанұзақов Т.* Қазақ тіліндегі жалқы есімдер. Алматы, 1965; *Джанұзақов Т.* Очерк казахской ономастики. Алма-Ата, 1982.

<sup>3</sup> *Қойшыбаев Е.* Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. Алма-Ата, 1974.

<sup>4</sup> *Әбдірахманов А.* Топонимика және этимология. Алматы, 1975.

<sup>5</sup> *Қоңқашбаев Ғ.* Аталған еңбек. 54-б.



зақстан облыстарындағы Қалба тауының бір бөлегі — Қандағатай атауына талдау жүргізу үстінде «хандгай» сөзінің монғол тілінде — бұлан мағынасын беретіндігін көрсеткен<sup>6</sup>.

Бұл пікір өте орынды. Өйткені, шын мәнінде, монғол тілінде: бұлан — хандгай; бұланды жер — хандгайтай гавар<sup>7</sup>.

«Қалдығайты» атауының шыққан төркінін де монғол тіліндегі «бұлан» мағынасын беретін «хандгай» сөзімен ұштастыра қарау ләзім. Оның «қалдығай» тұлғасына дейін өзгеруі түркі тіліндеріндегі, қала берді, қазақ тіліндегі дыбыс сәйкестіктері заңдылығына қайшы келмейді. Бұл жерде қазақ тіліне ежелден жат «х» дыбысын «к» алмастырса, монғол тіліндегі «и» дыбысы орнына жергілікті тұрғындар «л» дыбысын қолданған. Бұл—осы өңірдегі қазақтар тіліне, жергілікті ерекшелік ретінде, тән құбылыс («жамалдату»—жамандату орнына, Лепес—Непес орнына). Ал «д» мен «г» дыбыстары арасында қысқа дауыстының («ы») қыстырылуы және «л»-нің «ғ»-ға ауысуы да қазақ тіліндегі заңдылықтап шет кетпеген. Сөйтіп, хандгай > қандгай < қалдығай қалпына дейін өзгеріске түскен. Сөз соңындағы **-ты** көптік мөлшерді білдіретін қазіргі **-лы** жұрнағының ертедегі дыбыстық варианты. Осыдан келіп, «қалдығай+ты» — қалдығайты пайда болып, дәл қазақша мағынасы — бұланды дегенді аңғартады. Бұған қарағанда, өте ерте заманда өзен бойында бұландар жайласа керек. Дәл солай болғанын экспедиция кезінде ел арасындағы көпешің көзі — қариялар ауызынан естіген әңгімелер де анықтай түседі.

«Бұлан» мағынасын беретін бұл тұлғалас сөз тек монғол тілінде кездесіп қала қоймай, сәл-кем дыбыстық өзгерісте тунгус-маньчжур тобына жататын тілдерде де ұшырасады. Маньчжурларда: қандахан — бұғы; эвенкілерде: қандагаа — бұлан (лось).

Осы тілдік деректердің бәрін салыстыра келгенде (монғолдарда — хандгай, маньчжурларда — қандахан, эвенкілерде — қандагаа), көрсетілген тұлғалардың түбірі жөнінде тағы да ой туады. Салыстыра қарағанда, сөз түбірі «қанда» екендігі байқалады да, ал одан кейінгі дыбыстық құрамдар (-ғай, -хан, -гаа) әр тілдің өзіне тән

<sup>6</sup> Қонқашбаев Г. Географические названия монгольского происхождения // Изв. АН КазССР. Сер. филол. и искусствоведения. Вып. 1 (2). 1959. С. 92.

<sup>7</sup> Қазақша-монғолша сөздік, 1977. 72-б.

қосымшалары болып шығады. Мұндай жағдай сол ортақ түбір «қанда» тұлғасының мағынасын талап етіп, соны іздеуге итермелейді. Бұл тұлғалас сөз түркі тілдері ішінен тувалардан табылады: қандай — икемсіз, ыңғайы жоқ<sup>8</sup>. «Хандгай» атауына арқау болған осы сөз болар деуге — бұғыны икемсіз хайуанға тенеуге көңіл дауаламайды. Бұдан гөрі мына бір тілдік деректер «хандгай» сөзінің пайда болуына көмекші тигізген десек, ойға оралымды да қонымды көрінеді. Маньчжур тілінде — «қанда», нанай тілінде — «қандо» тұлғалары спырдың, бұғының әукесі (мойын астындағы салбыраған тері) ұғымын береді<sup>9</sup>. Шын мәнінде, «әуке» тек сиыр тектес хайуандарда болатынын еске алсақ, бұғының «хандгай» аталуы өте орынды. Демек, «қанда» түбірінде әр тілдің өзіне тән — «бар» мағынасын немендетін қосымшалар жалғану арқылы — «хандгай», «қандахан», «қандагаа» сөздері пайда болған. Бұлардың қай-қайсысының да қазақша мағынасы — «әукесі бар», «әукелі» дегенді ұғындырмақ.

**БОСАҒА.** Шымкент облысының Шәуілдір ауданы, Семей облысының Абай ауданы және Торғай облысының Жанкелдин аудандарындағы жер атауы. «Босаға» сөзінің төркіні туралы бұрын-соңды жазылған пікірді кездестірмедік. Тек Ғ. Қонқашбаев пен Е. Қойшубаевтың жоғарыда көрсетілген сөздіктерінде шағын сөйлем не сөз тіркестерімен берілген түсініктер ғана бар. Алғашқысында: Босаға (Босаға), р. Узкая долина (вход)<sup>10</sup> делінсе, соңғы сөздікте: Босаға — ... Букв. «боковые стороны двери», «порог»<sup>11</sup>. Бұларды қазақшалағанда: біріншісіндегі — Жінішке алқап, ал екіншісіндегі — есік жақтаулары, табалдырық болмақ. Бұл жерде анық, айқын сөз төркінін аңғару қиын. Кейбір тіл деректеріне көз салсақ, «босаға» сөзінің өзіміз білетін мағынасынан басқа да (есікпен байланысты), алғашқы түсінігі болғанын байқаймыз. Мысалы, якут тілінде: моцоҕо — 1) есік босағасы; 2) тау кемері<sup>12</sup>. Одап әрегірск барсақ, алтай семьясына жататын тунгус-маньчжур тобындағы кейбір тіл-

<sup>8</sup> Тувинско-русский словарь. М., 1955.

<sup>9</sup> Сравнительный словарь тунгусо-маньчжурских языков. Л., 1975. Т. 1. С. 372.

<sup>10</sup> Қонқашбаев Г. Словарь казахских географических названий. Алма-Ата, 1963. С. 35.

<sup>11</sup> Қойшубаев Е. Аталған сөздік, 71-б.

<sup>12</sup> Пекарский Э. К. Словарь якутского языка. 1959. Т. 2. С. 1579.

дерде: Босою — баурай (таудың) <sup>13</sup>. Көрсетілген тіл деректерін еске алсақ, «Босаға» сөзінің алғашқы мағынасы тек жер бедерімен байланысты туғандығын түсіну қиын емес.

Бұл жерде адам баласы алғашқы ат-атауын табиғат құбылыс, құрылыстарына арнап, қолдан тұрғызылған құрылысқа, соларға ұқсастығына қарай, сол аттарды қайталап отыратындығы байқалады.

**БҮЙРЕК.** Бұрынғы бір автордың еңбегінде Қостанай облысындағы төбелі, қыркалы даланың «Бүйректал» аталатынын еске салып, оны ертедегі түркі этнонимдерінің бірі — бүйрекпен байланыстырады <sup>14</sup>. Пікір несінің бұл жорамалды қандай дерекке сүйеніп жазғаны беймәлім.

Біз өз тарапымыздан Торғай облысының Жанкелдин ауданы территориясында орналасқан Бүйрек деген жер атауын қосамыз.

Ерте кездерде түркі ру, тайпаларының ішінде «Бүйрек» атына ие болғандары болды ма, жоқ па, қолда тілге тек етер дерек болмаған соң, біз оны ашып айта алмаймыз.

Біздің шамалауымызша, жер аттары — Бүйректал, Бүйрек жер бедеріне байланысты шықса керек. Қырғыз тілінің сөздігінде «бөйрек» сөзінің екінші мағынасы — тау бөктеріндегі ойпаң, шұңқыр жер деп түсіндірілген <sup>15</sup>.

Егер мұны негізге алсақ, «Бүйректал» — ойпаң жерге өскен тал, ал «Бүйрек» -тек қана «ойпат» дегенді аңғартпакшы.

**ДЕГЕРЕС.** Қазақстанның оңтүстігіндегі таулы өлкеде бұл қалыпта дыбысталатын жер аттары біршама ұшырасады. «Дегерес» сөзінің пайда болуы, тарихы жөнінде мынадай жорамал, топшылауды оқуға болады. А. Әбдірахманов өзінен бұрын пікір жазған Ғ. Қоңқашпаевтың «Дегерес» сөзі монғол тіліндегі «дзэр герес» немесе «дзэрлиг герес» сөздерінен жасалған деген болжамын қостайды да ол сөздердің мағынасы — жабайы ешкі, тау ешкісі екендігін айтады <sup>16</sup>. Екінші бір пікір несі — Е. Қойшыбаев «Дегерес» сөзінің түбірін түркі тіл-

деріндегі «тегер» (дөңгелек, шеңбер мағынасын беретін) сөзімен байланыстырып, -ес тұлғасын зат не құбылыстың сынын, қасиетін немесе санын көрсететін өлі жұрнақ қатарына қосады. Және -ес қосымшасы туралы жорамалына өзі күмәндана қарайтынын ескертіп, оның шекесіне болжам белгісін қойған <sup>17</sup>.

Көрсетілген пікірлердің қай-қайсысына да қосыла қою біз үшін қиын. Оның да өзіндік себептері бар.

Алғашқы авторлардың жорамалы бойынша, «Дегерес» екі сөздің («дзэр» немесе «дзэрлиг» және «герес») бірігуінен пайда болса, «дзэр» «дзэрлиг» сөздерінің мағынасы несі ұғындырады. Ол туралы авторлардың берген мәліметі жоқ. Өзімізше іздестіріп, сөздіктерді сүзіп шыққанда, тіпті монғол тілінде «дз» дыбыс қосағынан басталатын бір сөз болмай шықты. Демек, «дзэр», «дзэрлиг» сөздерінің мағынасы беймәлім. Ғ. Қоңқашпаев пікірін А. Әбдірахмановтың қостауына басты себеп, оның өз сөзімен айтқанда: «Осы пікір дұрыс болуы мүмкін, өйткені осы таулардағы жартастарда тау ешкінің суреті өте жиі кездеседі» <sup>18</sup>. Осы автор көрсеткендей, «монғолша-қазақша сөздікте» «герес сөзінің «гөрөөс» тұлғасы кездесіп — бөкен, ал «бор гөрөөс» болса — таутеке, «бухан гөрөөс» тіркесі — тұр жабайы өгіз) мағынасын беретіні рас. Бірақ осы тіркестердегі «гөрөөс» (авторша айтсақ — герес) біткеннің бәрі «ешкі» немесе «текс» мағынасын беріп тұр деп сендіру де қиын болар. Соңғы екі тіркестегі сөздердің жеке мағыналарын анықтағанда мынаны көреміз: бор — сұр, боз; гөрөө — аң; бухан — бұқа <sup>19</sup>. Біздегі «ешкі», «теке» мағыналарын монғол тілінде «ямаа», «тэх» тұлғалары ұғындыратынын да еске сала кеткен жөн.

Соңғы, Е. Қойшыбаев пікірі дыбыс ұқсастығына бой ұрудан туғандығын дәлелден жату артық сияқты. Өйткені жер атауының ескі түркі тілдеріндегі түбір «тегер» мен өлі жұрнақ -ес қосындысынан пайда болу себептері одан әрі баяндалмай, келте қайырылған. Тіпті өлі жұрнақтың қазақ тілінде басқа қандай сөздерде (бірен-сарпа болса да) қолданылатыны да сөз болмаған.

Біздің байқауымызша, «Дегерес» жер атауына негіз

<sup>13</sup> Сравнительный словарь тунгусо-маньчжурских языков. Л. 1975. Т. 1. С. 97.

<sup>14</sup> Қойшыбаев Е. Аталған сөздік. 73-б.

<sup>15</sup> Юдахин К. К. Кыргызско-русский словарь. М., 1965. С. 150.

<sup>16</sup> Әбдірахманов А. Аталған еңбек, 87-б.

<sup>17</sup> Қойшыбаев Е. Аталған сөздік. 78-б.

<sup>18</sup> Әбдірахманов А. Аталған еңбек. 87-б.

<sup>19</sup> Монғолша-қазақша сөздік, 1954, 42, 49, 64-б.

болған монғол сөзі: дэгүүр — жоғары, үсті; дээгүүр — жоғарғы, үстіңгі<sup>20</sup> болса керек.

Монғол тілін зерттеуші Т. А. Бертагасвтың еңбегінде: дэгэрэ — жоғарғы (верхний)<sup>21</sup> десе, қалмақ тілінде: деерэс немесе *деггур* — бір нәрсенің үсті, жоғарғы жағы<sup>22</sup>.

Осы келтірілген тіл деректерінен «Дегерес» жер атына тұлғасы әрі мағынасы жағынан да сәйкес келетіні Т. А. Бертагаев көрсеткен «дэгэрэ» мен қалмақ тіліндегі — «деерэс». Алғашқы тұлғаға монғол тілінде көптікті білдіретін -с қосымшасын қоссақ, соңғы сөзде «г» дыбысы түсірілген десе, тұлғаластық заңды түрде туып тұр. Егер жер бедерін ой, қыр немесе жазық, тау деп бөлсек, ой мен жазық едетте «төменгі (жақ)», қыр мен тау — «жоғарғы», «үстіңгі (жақ)» болып та аталатынын ескерсек, біздегі «дегерес» пен монғол тіліндегі «дэгэрэ» не қалмақтардағы «деерэс» сөздерінің мағына жағынан да айнақ кетпейтіндігі келін туады. Сөйтіп жер аты — Дегерестің пайда болуын осылайша қарастырған дұрыс деп ұғынамыз.

ЖАБАСАҚ. Ақтөбе облысы Комсомольск ауданындағы елді мекен және республиканың орталық бөлігіндегі өзен аты.

«Жабасак» атының шыққан төркінін Е. Қойшыбаев: «От этанонимов жаба и сак» деп түсіндіреді<sup>23</sup> де, одан әрі қалайша «жаба» және «сак» ру, тайпа атауларынан пайда болғандығына дәлел етерлік деректер жоқ.

Сондықтан жер атының төркінін басқаша іздестіру қажет. Байқап қараған адамға «Жабасак» атының тууы өзең-сумен байланысты сияқты. Бұл жорамалды, біріншіден, «республика орталығындағы өзен аты» деген сөйлем мақұлдаса, екіншіден, Ақтөбе облысына қарайтын Жабасак елді мекенінің орналасқан жері Өлкөйек өзенінің кішкене гана саласының бас жағы. Картада бұл саланың аты жазылмаған. Әңгіме болып отырған ауыл аты сол саланың ежелгі атымен байланысты болуы ғажап емес. Түркі, монғол тобындағы тілдермен туыс саналып жүрген тунгус-маньчжур тілдерінен бұл жорамалымыз-

ды қуаттарлық дерек те табылады: дзавас/а/—өзен саласы (приток)<sup>24</sup>. Осы дерекке табан тіресек, «Жабасак» қазақ тілінде тек қана «өзен саласы» деген ұғым бере алады екен.

Б. ӘБІЛҚАСЫМОВ

«Дала уалаяты» газетіндегі Қазақстан топонимдерінің қазақша, орысша транскрипциялану тәжірибесінен

Географиялық атауларды транскрипциялау мәселесінде дәстүрлі — тарихи берілу формасы дегеннің орны ерекше қаралады. Көп жағдайда географиялық атаулар о баста қалай транскрипцияланып қағазға түсуіне қарай сол күйінде өзгермей сақталып қалып отырады. Қазіргі Қазақстан территориясында бірсыпыра жер-су, қала аттарының транскрипциясы, негізінен, ХІХ ғасырдың соңғы ширегінде қалыптасқаны мәлім<sup>1</sup>. Өйткені бұл кезде Қазақстан территориясында топографиялық жұмыстар кенінен жүргізіліп, әртүрлі карталар жасалынды. Сондай-ақ жер-су, қала, ауыл аттары іс қағаздарына, жергілікті баспасөз беттеріне түсіп, қалыптаста бастады.

Міне, біз бұл мақаламызда осы тұстағы Қазақстан территориясындағы қазақ топонимдерінің орысша, орыс топонимдерінің қазақша берілу тәжірибелерін әңгімелеп, оның дұрыс, теріс жақтарына өз пікірімізді айтқымыз келеді.

Мұндағы негізгі объект етіп алғанымыз — ХІХ ғасырдың 80-жылдарынан бастап шығып тұрған «Дала уалаяты» газеті мен облыстық ведомостылар.

«Дала уалаяты» газеті (1888—1902) — Дала генерал-губернаторының ресми органы. Оның бетінде патша үкіметінің жергілікті әкімдерінің қазақ даласына қатысты бұйрық-жарлықтары, шетел хабарлары басылумен қатар, мал, жер шаруашылығын өркендету, оқу-ағарту мәселесін жолға қою туралы жазылған мақалалар да басылып тұрған. Орыс, қазақ тілдерінде қатар шығып тұр-

<sup>20</sup> Сонда, 84, 85-б.

<sup>21</sup> Бертагаев Т. А. Морфологическая структура слова в монгольских языках. М., 1969. С. 170.

<sup>22</sup> Русско-калмыцкий словарь. М., 1964. С. 632.

<sup>23</sup> Қойшыбаев Е. Аталған сөздік, 89-б.

<sup>24</sup> Сравнительный словарь тунгусо-маньчжурских языков. Т. 1. С. 241.

<sup>1</sup> Архангельский Н. П. Среднеазиатские вопросы географической терминологии и транскрипции. Ташкент, 1935. С. 33.

ған бұл газет бетінде жергілікті саяси әкімшілік орындарының аттары (болыс, уезд, облыс), топонимдер (өзен, көл, тау т. б. аттары) жиі кездеседі. Біз үшін қажеттісі — сол топонимдердің екі тілдегі транскрипциясы.

Дала генерал-губернаторының қарамағына енген үш облыс, он алты уезд атауларының ішінде қазақтың ертеден келе жатқан өз топонимдері де, патша үкіметінің әдейі өзгерткен орысша топонимдер де кездеседі. Мәселен, Ақмола, Атбасар, Көкшетау, Қарқаралы, Қопалы, Жаркент сияқты ежелгі түркі аттарымен қатар, Петропавловск, Семипалатинск, Павлодар, Верный, Семиречинск тәрізді облыс, уезд атаулары да кездеседі. Бұлардың ішінде де тарихи жағынан ертеден келе жатқаны, сондай-ақ патша үкіметінің орыстандыру саясатының негізінде әдейі өзгертілген атаулар бар. Бұл жөнінде «Түркістан ведомостыларының» 1899 жылы бір нөмерінде ашықтан ашық айтылған. «Жергілікті атауларды орысшамен алмастыру, — деп жазылған мақалада, — кейде үстемдік етуші халыққа жергілікті халықтың сінісіп кетуі үшін пайдалы фактор болады. Жайықты Оралға, Алматыны Верныйға, Ақмешітті Перовскіге өзгертіп атауда белгілі саяси себептер болғаны мәлім»<sup>2</sup>. Патша үкіметінің бұл сияқты дәрекі озбырлығына сол кездегі срыстың алдыңғы қатарлы шығыс зерттеушілері қарсы шығып, Орта Азия топонимдерін, оның транскрипциясын тұрақтандыру туралы мәселе де көтерген. Алайда жеке адамдардың бірен-саран жазған мақалалары ескерусіз қалып отырды.

Жоғарыдағы облыс, уезд атауларының «Дала уалаяты» газетінде берілуіндегі бір ерекшелік мынадай: газеттің орыс тіліндегі тексінде, сондай-ақ қазақша ресми материалдарда олар сол орысшаланған күйінде берілсе, өзге қазақша материалдарда олар халық аузындағы бұрыннан айтылып келе жатқан қазақша атауымен берілген. Мәселен, Верный — Алматы, Сергиопол — Шұбар ағаш, Павлодар — Керску, Петропавловск — Қызылжар, Семиречинск — Жетісу түрінде жазылып отырған.

Осы сияқты орыс топонимдерінің қазақша транскрипциалануында да біраз өзгешілік бар. Газет ол

<sup>2</sup> Бұл цитата мына кітаптан алынды: *Архангельский Н. П.* Среднеазиатские вопросы географической терминологии и транскрипции. Ташкент, 1935. С. 27.

топонимдердің көбіне дерлік жергілікті халық аузында қалыптасқан нұсқасын берген. Мысалы: Уст-Каменогорск — *Өскемен*, Семипалатинск — *Семей*, Омск — *Омбы* т. т.

Ал Ресми аударма материалдарда орыс тексіндегі тұлғасы толық сақталғаны соншалық, тіпті орыстағы родтық көрсеткіштер де түсірілмей алынған. Мысалы: Ишнски деген қаладан Ешім округіне қараған...<sup>3</sup>

Қазақ топонимдерін орысша беруде біршама жағдайда оның бастапқы тұлғасын бұзбай алуға тырысушылық байқалады. Болыс аттары көбіне-көп жергілікті халық аузындағы жер-су атауларынан алынып қойылған және біршама дұрыс транскрипциаланған. *Ақ келін, Қалмақ қырған, Атақозы, Қарамола, Кеңтүбек, Қоржынкөл, Мезгіл* сияқты болыс аттары орысшасында *Ак-келлинская, Калмак-кырганская, Ата-гозинская, Кара-молинская, Кентюбекская, Коржункульская, Мезгилская* түрінде берілген. Бұзылып берілген дегендердің қатесі де көпшілік жағдайда орфографиямен байланысты болып келеді. Ол қателердің кейбіріне тоқталсақ, төмендегідей.

1. Қазақша «ж» дыбысынан басталатын атаулар орысшасында ДЖ дыбыстарының қосындысымен берілген. Мысалы: Жарқайып — *Джаргаинская*. Жылаңды — *Джеландинская*, Ішжарғыш — *Иш-джарғышск.*

2. Қазақ топонимдерінде кездесетін у дыбысының орнына орысшасында көп жағдайда в дыбысы жазылған. Ортау — *Ортавская*, Ұлытау — *Улытавская*, Жуан төбе — *Джуван-тобе*, Хиуа — *Хивинск*, т. т. Жалпы құрамында «тау» сөзі келетін топонимдердің барлығы дерлік орысшада «тав» түрінде кездесіп отырады.

Бұл жөнінде А. Әбдірахманов мынадай пікір айтады. «Большой Чертеж» кітабындағы түсіндірмеде Аралтау, Ұлытау, Қарашатау деген топонимдер *Аралтав, Улутав, Карашитав* түрінде кездеседі. Демек, бұл дәуірде *тав* формасына көшіп болған...»<sup>4</sup>

3. Құрамында «су» сөзі кездесетін қазақ топонимдерін «суй» түрінде жазу тәжірбиесі орын алған. Сарысу — *Сары-суйская*, Қызыл су — *Кзыл-суйский*.

<sup>3</sup> Дала уалаятының газеті, 1888. № 21. Бұдан әрі аталған газет «ДУГ» түрінде қысқартылып, одан соң, оның шыққан жылы, номері көрсетіледі.

<sup>4</sup> *Әбдірахманов А.* Қазақстанның жер-су аттары. Алматы, 1959. 148-б.

4. Екі сөзден құралған топонимдер қазақша бірге, бөлек жазылғанына қарамастан, орысша берілгенде дефис (-) арқылы жазылған. *Ыстық көл* — Иссык-күл, *Төртауыл* — Тюрт-ауловская, *Құм қоңыр* — Кум-конурская, *Қызыл көл* — Кызыл-кульская.

Бұл қателер, біздіңше, не орыс тіліндегі графикалық таңбаңыз жеткіліксіздігінен, не орыс оқушысы олай айта алмайтын яғни артикуляция жағынан ыңғайсыз болғандықтан амалсыздан кеткен қателер емес. дыбысталу оңайлығына қарай айтыла салып, кейін айтылуда, жазылуда дәстүрге айналып кеткен сияқты. Өкінішке орай, сол дәстүрлі қате жазудың салдары күні бүгінге дейін байқалады.

Географиялық атаулар (жер-су аттары) түгелге дерлік жергілікті халық атауынша берілген. Пікіріміз дәлелді болу үшін «Дала уалаятының газетінде» орысша берілген текстен бірер мысалды қазақша аударып берейік (жақшаның ішінде текстегі топонимдердің орысша берілуі келтірілді).

— Осы жылдың 17 апрелінде 26 жасында Құлмахамед Байбакин қайтыс болды, Баян Аула («Баян-Аульск») тауының сол түстігіндегі Баян Ауланың («Баян-Аула») маңындағы Қарасу («Қара-су») жайлауына жерленді (ДУГ, 1889, 28). Қайсақтардың көшіп-қоныс жүретін бізге жақынырақ таулары: Алтай, Тарбағатай («Тарбағатай»), Жетісулық Тянь-Шань (небесные горы), Алай, Памир т. б. (ДУГ, 1888, 2).

Газетте шет ел топонимдері де жиі кездесіп отырады. Ол топонимдер, негізінен, орысша берілу дағдысы бойынша алынған. Алайда, әдеби, тұрмыстық мақалаларда олардың қазақ халқында бұрыннан қалыптасқан тұлғалары да кездесіп қалып отырады. Мысалы: Египет — Мысыр, Индия — Үнді, Афганистан — Ауған т. т.

Көпшілік халыққа жете мәлім емес мемлекет, халық аттары, кездескен жағдайда, оның соңына «деген» сөзін қосып беріп отырады.

— Белгілі жолаушы Ішкі Азида жүрген жандарал Пржевалски бесінші қайтара жолаушы барады Қытай жағына Тибет деген жерге... (ДУГ, 1888, 28). Жаңадан Саломон яғни Сүлеймен Шанхай деген шаһардың қазілерінің ішінен мағлұм болдыкі... (ДУГ, 1888, 9).

Осымен байланысты бір айта кететін жай төмендегідей. Орысша «государство» деген термин қазақша «мем-

лекет» деп берілген де, «страна» сөзі «жұрт» деп берілген. Мысалы: Англия жұрты, Үнді жұрты т. т. Қазір «Странаны» «ел» деп аударатын болсақ, ол кезде «ел» сөзі «болыс» сөзінің қазақша баламасы ретінде жарыса қолданылған.

Мысалы: Мәзкүр көлінің күн шығыс жағында Төрт ойыл деген ел жайлап жүреді, күн батыс жағында Қожұмбет деген ел жайлап жүреді.

Орысшасы: На восточной стороне озера имеют летние кочевки Тюрт-ауловская волость, а на западной — Кучумбетовская (ДУГ, 1888, 21).

«Дала уалаяты» газетіндегі мақалаларда Қазақстан территориясындағы кейбір топонимдердің этимологиясы туралы халық аңыздары да кездеседі. «Шыңғыстау» топонимі туралы, мәселен, мынадай болжамдар айтылады.

...Өзінің басқыншылық шабулдарының бірінде Темушин қазіргі Шыңғыс деп аталатын таудың маңына шатырын тігіп, аялдама жасайды. Қазақтар өзара ақылдасып, Темушинге қан төгіссіз берілуге келісіп, Майқы биді бас қылып елші жіберіпті. Қазақ рулары Темушинге бағынған бұл манайдағы соңғы, 12-халық екен. Сондықтан Темушин өз атын өзгертіп, «Шыңғыс хан» деп атамақшы болады. Сонда бағынған 12 тайпа таудың ең биік жотасына 12 қада қағып, үстіне ақ шатыр тігіп, Темушинді ақ киізге көтеріп, «Шыңғыс хан» атандырады. Содан былай хан шатырын тіккен Шоқы «Хан тауы» деп, тау жоталары «Шыңғыс таулары» деп аталған. «Доғалақ», «Шонай» тауларының маңына Шыңғыс ханның әскерінің алдыңғы топтары орналасқан екен, ол жердегі таулардың аттары сол әскер басшыларының атымен аталған -мыс<sup>5</sup>.

Енді бір мақалада Павлодар облысындағы Ямышево станциясының қалайша аталғанын әңгіме етеді. Мақала авторының айтуы бойынша, бұл станцияны қазақтар бұрын «Тұз қала» дейді екен және бұл қазақ жеріне ең бұрын салынған қала екен. Бұл қаланың орнында бұрын Жамшы деген қалмақ батырының аулы отырған екен. Содан барын бұл қаланы Иамүмұф (Ямышево) деп атап кеткен екен<sup>6</sup>.

<sup>5</sup> Писзабываемое из прежней жизни казахов. ДУГ, 1894, № 31, 32.

<sup>6</sup> ДУГ, 1895, № 10.

Сол сияқты газет бұрынғы Қаракөл (қазіргі Пржевальск) қаласының 1868 жылы салына бастағанын, оның атының Алатаудан басталып Ыстық көлге құятын Қаракөл деген өзеннің атынан шыққанын әңгімелейді<sup>7</sup>.

Газетте «Қарқаралы» топонимін «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырының шығуы туралы халық аңызымен байланыстыра қарайды. Қозыға қызын бергісі келмей Сарыбай аулы (Жырдың «Дала уалаяты» газетіндегі варианттыда Сарыбай Баянның әкесі ретінде көрсетіледі. Б. Ә.) үдере көшкенде, Баян сұлу Қозыға жол көрсету мақсатымен өзінің бойындағы нәрселерін жол бойы тастап отырған. Бір таудың басына өзінің шашындағы Қарқара қауырсынын тастапты, содан тау Қарқаралы атаныпты-мыс, — делінеді<sup>8</sup>.

Қорыта айтқанда, географиялық атаулардың өткен ғасырдағы транскрипциалану тәжірибесін білу — қазіргі күнде қате беріліп жүрген талай атаулардың себебін анықтауда белгілі дәрежеде себін тигізуі мүмкін.

А. МАХМУТОВ

#### Көне топонимдердің мағынасы

Қазақстан топонимдерінің шығу төркіні жайында жарық көрген елбектер мен сөздіктер бар<sup>1</sup>. Біз бұл мақалада жер-су атауларының тұрақты сөз болып қалыптасуында әлі толық сыры ашыла қоймаған көлденкелі-күнгірт жағына оқушы назарын аудармақпыз. Топонимдер туралы пікір айтқан кейбір авторлармен ғылыми тұрғыда кеңесеміз. Осы уақытқа дейін жер-сулың қалай аталғанын зерттеушілер арыдан, тілдің шығуына байланысты дәуірден немесе оның жаңа мағынаға не болған кейінгі кезеңінен іздестіріп келеді. Соңғы кезеңде пайда болған жер-су атаулары көп мағыналы болып келеді де, ол туралы қалам тартқан авторлар арасында пікір қайшылықтарын тудырады. Бір атаудың мағынасын әркім әр түрлі түсіндіреді. Пікір таласы кезінде шындыққа

<sup>7</sup> ДУГ, 1889, № 19.

<sup>8</sup> ДУГ, 1899, № 8, 9, 10.

<sup>1</sup> Джанузакон Т. Очерк казахской ономастики. Алма-Ата, 1982; Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. Алма-Ата, 1974; Обдірахманов А. Топонимика және этимология. Алматы, 1975.

жеткізетін ғылыми тұжырым болмайды да, жер-су атауларының шығу төркіні бұрынғыдан кемескілене түседі.

Кейбір қазақстан ғалымдары Қазықұрт тауының мағынасын ежелгі түркі тайпаларының құрамында жүрген қаз және құрт руларының атынан шығарады. К. Өмірәлиев: — «Араб географтары қаланы Крқрд деп жазған, бұл сөзді: Гаркерд, Газгерд, Газкурд, Гузкерд, Геркурд, Гуркурд деп оқуға көне беретіні ескерілсе, онда қазіргі Қазықұрт осы қала атының кейінгі заманда дыбыстық өзгеріске ұшыраған фонетикалық варианты деуге әбден болады. Гаркурд (не Гузкурд) екі түбірден (гер-курд) біріккен сөз. Кер (қар) — керемет, қорқынышты, зор жылан, екі басты айдаһар... Қазақ тілінде бұл түбір «кер ауыз», «кер мыық» деген тіркестерде ғана сақталған... Қазықұрт сөзінің екінші құрт бөлімін башқұрт сияқты этнонимнің құрамына енген тайпа аты деп қарайды<sup>2</sup>.

К. Өмірәлиев «Қазықұрт» жөніндегі пікірлерінде тым еркін кеткен. В. Радловтың сөздігіндегі кер не себептен екені белгісіз қар болып құбылады. Бұл сөздікте үстінгі ерні көк тіреп, астыңғы ерні жер тіреп тұрған керемет үлкен қорқынышты аң — Кер (Кер Иутпа). Осы сөз қамтылған түркі тіліндегі текст орысша сөзбе-сөз аударылғанда: — «верхней губою он хватает за небо, нижней губою он хватает за землю, он Кер — Ютпа там стоит», — болып түсіндірілген. Бұл ұғымның кер күш (огромная птица), кер йлан (огромная змея) мағыналары көрсетілген. Бірақ оның қар, қар йутпа екендігі айтылмаған<sup>3</sup>. Ғылыми дәйек дегеннен де ұстап қала алмайсыз. Белделі басылымдарда сөз болып отырған тау атының ортасында келетін дыбыс -р, қ емес, неге екені белгісіз. Қаз-құрт сөзі, Қазықұрт болып жазылған. Гаркерд деген қала атының «дыбыстық өзгеріске ұшыраған варианты — қазіргі Қазықұрт» (?) деген автор пікірі ғылыми тұрғыдан дәлелденбей қалған. Арабша жазылған сөзге: фатқа, кәсрә, дамма сияқты белгілердің болатынын айтпай, осы бір сөзді алты түрлі құбылтып оқып, жетінші ақыр аяғын Қазықұртқа әкесі тірейді. Бұлай болғанда, араб алфавитіне жүйесі қатаң оқу принципі жоқ па, бір сөзді әркім

<sup>2</sup> Өмірәлиев К. «Қазықұрт» және оған қатысы бар топонимдер жайлы//Қазақстан мектебі, 1967, № 4, 78—84-б.

<sup>3</sup> Радлов В. Опыт словаря тюркских наречий. 1899. Т. 2. СПб., С. 1083.

эртүрлі оқи бере ме деп қаласыз. . . Ешбір дәлелсіз *гар* > *газ* > *қаз*; *гур* > *гер* > *кер* және *кер* > *қар* болып құбылады. Байқасаңыз, *гар* — универсал, бұдан *қаз* да, *қар* да, *кер* де, *гур* де шығады. Бұл қалай болғаны?

Егер араб географтары пікір айтса, жергелікті халық тауды осы уақытқа дейін қасиетті, киелі деп санаса, онда ең алдымен араб тілінің (екі тілді) сөздіктері қараған теріс болмас. Қазақ тілінде көптеген кісі аттары араб, иран тілдеріндегі мағынаға не сөздер. Демек, жер-су аттары да арабизм мен иранизмнен күр алақан қалмаған болар. Арабша-орысша сөздікте *قاضی қази* (судья, кадий; судья решающий дело по шариаду) — шарифат бойынша істі шешетін би; мұсылмандардың діни билік жүргізушісі; *قاراة қарат* (бугор, горка, холм) — төбе, таусымақ, қырат<sup>4</sup>.

Осы екі сөз қосылғанда, *Қазарат* болып айтылады, бұл қазақ тілінің ауызекі айтылуы нормасы бойынша Қазығұрт болатыны күмәнсіз. Ал мағынасына келсек, «әулие тау» сөзіне де шек келтірмейміз.

Бұл талдаудан байқағанымыз, араб тіліндегі *қазы* сөзі тау, жота тәрізді жер-су ұғымдарына қосылып, оны ерекшелеп, оған діни мағына таңғынтайды. *Қазығұрт* аласа тау, сондықтан оның басына бұлт үйіріле бермейді. Дегенмен, басқа жерге қарағанда ылғалды, суы мол, шөбі шүйгіп, төрт түлікке қолайлы кең жайлау. Таудың тіршілікке тиімді осындай қасиеттері Нұр әулиеге байланысты діни аңызды тудыраған. Араб тілінде: *нұр* (разнообразит; видоизменяет; сортировать; вид, род, сорт) түр, тұқым дегенді білдіреді<sup>5</sup>.

Тауды, әсіресе, адам үстіне шыға алмайтын биік шыңдарды көптеген елдің адамдары «тәңірі тұрағы», «әулие-әнбиә жүретін жерлер» деп түсінген. Ондай жерлерге Хаптәңірі, Қонтажы, Кавказ, Қазбек т. б. атаулар берілген.

Алғай тобына кіретін түркі-монғол тілдерінде, тіпті бұл топқа жатпайтып араб, иран т. б. тілдерде *хан*, *қаң*, *қоң*, *қар*, *қор* (*қорум*, *корум тас*), *каф*, *қап* (*қап тауы*), *кая*, *қия*, *қый* *құз*, *қыр* (*қыр-қа*, *қыр-ат*), *Қаз* (*Қазығұрт*, *Қазбек*, *Кавказ*) *кур*, *гора* — тау, биік, биіктік деген ма-

ғыналарды білдіреді. Қазіргі қазақ тіліндегі жер, тау, ел ұғымдары біздің заманымыздан 5000 жылдай бұрын өмір сүрген шумер халықтарының тілінде *кур* аталған<sup>6</sup>. Бұл сөз дәл осы мағынада: *кур*: уч курхан (уч курхан елі), *қыр* (*қырат*, *дала*) түркі тілдерінде әлі қолданылып келеді. Орыс тіліндегі *гора* сөзі де ежелгі *кур* түбірінен алшақ кетпеуге тиіс. Арабша *قار* қар (холодный) — суық.

Қазіргі қазақ тіліндегі *қар* — судың қатқан ұлпа түйіршіктері, мұз ұнтағы сөзінде де суық деген мән бар.

Тау басында қар, қатқан мұз жатыр. Себебі, ол жер суық. Тау мағынасындағы ұғым осы қар мәнінен алынуы ықтимал. Салыстыр: *Қарқара*, *Қараш-қараш*, *Талғар*, *Қарпат* т. б.

Жоғарыда аталған Қазбек (әулие биік) — тау биігі, *Кавказ* (*тау әулие*) — тау-тау (қырқа-қырқа) тәрізді ұғымды да білдіреді. Араб тілінде *قاف* (*реп*) пазвание горы, якобы окружающей землю) — бүкіл жерді қоршап жатқан тау<sup>7</sup> дегенді білдіретін діни атау. Бұл ұғымдардың тілден орын тебуі, мағыналық өзгеріске түсуі, адамның жер-су аттарына иелік етіп, оның атын өздеріне қоюы шумер заманынан да бұрын болуы мүмкін.

*Хантәңірі*: *хан* және *тәңірі*, *Қонтажы*: *қоң* және *тажы* сөздерінің бірігуінен жасалған тау аты. Бұл сөздердің бірінші түбірлерінің мәні баяндалады, енді екінші түбірлерді сарапқа салып көрейік. *Тәңірі*, *тәңәрә*, *теңірі*, *тегірі*, *теңрі*, *танры*, *таңры*, *тажы* (бог небо) — жаратқан, аспан. Бұл сөздердің бастапқы түбірі *та-* *те-*, *тә-*; жеке тұрып-ақ *көк аспан*, мағынасын аңғартқан болу керек. Бастапқы *та-* түбіріне *ң-* қосылғанда (утренняя заря) — аспанның таң шапағы, аспан сәулесі деген мағына шыққан. *Таң* сөзіне *р-* қосылғанда, аспан сәулесі *-таңр* немесе *көк тәңір* ұғымы жасалған. *Таңры*, *тәңірі* сөзінің сонында келетін *-ы*, *-і* тәуелдік жалғауының үшінші жағының көрсеткіші. *Таңры* немесе *тәңірі* аспан сәулесінің иесі (жаратушы, аспан) ұғымын аңғартады. *Қонтажы* сөзіндегі *та-* (аспан) түбір сөз, *-жы* үшінші жақта тұрған тәуелдік жалғауының көрсеткіші. Салыстыр: *бала*, *бала-сы*, *қала*, *қала-сы* т. б.; *-жы*, *-сы* жұрнақтары бір-бірінің

<sup>4</sup> Арабско-русский словарь. М., 1958. С. 826, 850.

<sup>5</sup> Сольда. 1068-б.

<sup>6</sup> Истрич В. А. Возникновение и развитие письма. М., 1965. С. 187, 195.

<sup>7</sup> Арабско-русский словарь. М., 1958. С. 805, 808, 851.

варианты. Сонда: *Қоңтағы* — тау аспаны, тау биігі; *Хантәңірі* — тау төңірі, тау құдайы.

Жер-су атаулары кейде кісі есіміне ауысып отырады (Эльбрус, Қазбек, Алтай, Жамбыл). Қоңтағы тарихи адам болғанымен, оның есімі тау атынан алынған да, халыққа белгілі аңызды туғызған.

*Толағай* дейтін тау жайында да бір қызық аңыз бар. Оның мазмұны мынадай. Құрғақшылықтан егін, шөп шықпай, ел қатты күйзеледі. Елді қиыншылықтан құтқару үшін алып бала, ер *Толағай* жолға шығады. Басы бұлтпен таласқан бір шынның жанына келіп, оны жерден жұлып алады да иығына салады. Тау көтерген алып, шөлге ұшыраған туған жеріне қарай беттейді. Езіп жібере жаздаған ауыр салмақтан қатты кншалса да жотасындағы тауды тастамайды. Ілбіп алға баса береді. Әбден шаршап-шалдыққан Толағай ел шегіне жеткенде сүрініп кетіп құлайды да тау астында қалады. Тауды қайта көтеріп тұра алмайды. Ел қамын жеген асыл ер осылай мерт болады. Осы кезде аспанда найзағай ойнап, шың басындағы бұлт жанбырды төгеді. Сел жүреді. Қансыған даланың мейірі қанады. Белдерде балауса шөп көктем, егін жайқалады. Ерін сүйген ел содан бері қарай бұл тауды Толағай деп атайтын болыпты.

Толағай сөзін Ғ. Қоңқашбаев «шоқы», «жеке тұрған биік» десе, А. Әбдірахманов: — «монғолша бас, жорықта жүрген батырлар жатқанда қу толағайды (аттың қу басын) тоқымның астына жастанып жатуы да көміл сендіреді»<sup>8</sup>, — дейді. Е. Қойшыбаев бұл екі пікірге қарсы шығып, сөз түбірін толы, толық (уштаный, полный) дегеннен табады<sup>9</sup>.

Соңғы осы пікір ғылыми тұрғыдан бір шама дұрыс. Толағай сөзін этимологиялық тұрғыдан талдамас бұрын оның қандай-қандай мағыналары бар екенін білу керек. 1. Тау, шың атауы. Ертіс жағасына еміне ерейіп, Толағай тау сарайып тұр (С. Бегалин. Замана белестері. 1975, 260-б.). 2. Үлкен, мол. Толағай тартулармен қарсы алды («Лен. жас»). 3. Шабуыл, шапқын, төгілген қан; қатты дауыл. Толассыз соғып толағай, Құлазып қалдым далада-ай... (Қ. Шанғытбаев, Аққу әні,

<sup>8</sup> Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. Алматы, 1975. 175-б.

<sup>9</sup> Қойшыбаев Е. Көрсетілген еңбек. 221-б.

1968, 17-б.). 4. Жұмыр, домалақ (бас туралы да айтылады). Толағай басты пенде қол ұшын бермес пе? (О. Бөкеев, Үркер, 1971, 46-б.). Махамбеттің «Түн қатып жүріп түс қашпай, Тебіңгі теріс тағынбай, Темір қазық жастанбай, Қу толағай бастанбай, Ерлердің ісі бігер ме? (М. Өтемісов. Өлснд., 1951, 26-б.) деп келетін өлеңдегі *толағай* — бас деген ұғымды білдіріп тұрған жоқ. Мұнда «шабуыл, жорық» деген мағына бар. Жинақтай келсек, қазақ тілінде *толағай* көп мағыналы сөз. Бізге қажеттісі тау және шың аты. Аңыздағы тау аты жанбыр, қар, суымен байланысты емес пе? Қазақ үзілмей тоқтаусыз жауатын жауынды *ақ жауын* дейді. Осындағы *ақ* түс пе? Әлде *ақ* (ағу) етістік пе? *Ақ жауын* бірнеше күнге созылады, аспан тесіліп кеткендей, сілбіреп ағады да тұрады. Кейбір жерлерде мұндай жанбыр бір айға жуық болады. *Ақ жауын* сай-саланы суга толтырып, өзендерді тасытады. *Ақ жауыннан* кейін жер бетінен қақ, көлшік сияқты жиналып қалған суларды көресіз. Бұл жағдай *Толағай* деген батыр атын да, содан пайда болды дейтін *тау* мен *шыңды* да сумен байланыстыра зерттеудің қажеттілігін аңғартады. Түбірлерді қоссақ: *толаққай* > толағай болған. Мағынасы: *тол, ақ су*.

Ж. Болатов; Ғ. Қоңқанбаев, А. Әбдірахманов «монғол тілінде тарбаған немесе тарвага(н) — суыр, осыдан Тарбағатай тауының атауы қалыптасқан, -тай жұрнағы қазақ тіліндегі -ты(-ті), -ды(-ді), -ы(-лі) жұрнағына деп келеді» — деп тұжырады да, мағынасы суырлы тау<sup>10</sup>, — дейді.

Тарбағатай тауы дыбысталу жағынан тарбаған (суыр) сөзіне ұқсал тұрғанымен логикалық жағынан қабыспайды. Алтай тілдерінде суыр әртүрлі аталады. Оның есебсі, әр халық суырға ат бергенде біреуі түсіне (сұр) караса, екіншісі, жүріс-тұрысынан, (балл-балп), (балпақ) мағына тапқан, үшіншісі тарбиған аяғына көңіл аударған. Корей тілінде *тари* (нога, лапа, положение ног) — аяқ, аяқтың пішіні<sup>11</sup>. Монғол тіліндегі тарбаған сөз жоқ осы тари (аяқ) сөзінен жасалған. Қазақ тіліндегі *тасбақаша тарбима* дегендегі *тарби* да аяқ. Жер-су аттарында, көбінесе, алтай тілдеріне тән ортақтық болады. Кейбір жер-су атауы бүкіл Европа мен

<sup>10</sup> Әбдірахманов А. Көрсетілген еңбек. 171—172-б.

<sup>11</sup> Большой корейско-русский словарь. Т. 1. С. 274.



## Топонимиялық деректердегі аңыз бен ақиқат

Азияны қамтиды. Мысалы, бо->бор- немесе мо->мор- бірнеше континентте — су ұғымын білдіреді. Тарбаған (суыр) атауында мұндай ортақтық жоқ. Екінші ескертпе, аң-күсы көп жер аталғанда, тек аң-күс аты ғана емес, оған сол жердің атауы қосарлана тіркесіп айтылса керек. *Арқарлы тау, Бұғылы тау. Арқарлы, Бұғылы* деп жеке айтсақ та тау не асу ұғымы ойда тұрады. Авторлардың -лы, -ды қосымшасын -тай аффикісіне деп келеді деуі ақылға сымайды. Бұған қарағанда, Тарбағатайды тарбаған (суыр) сөзінен шығарарлық қисын жоқ. *Өгізкөл, Көзкөл, Шошқакөл, Бозайғыр, Торайғыр* т. б. бар. Осыларды аң, мал атынан шығара салуға тіпті болмайды.

Халық жер-суды өте қадірлеген. Бұларды бір-бірінен бөліп қарауға да болмайды. Бірінсіз бірінің күні жоқ. Жері құнарлы, шұрайлы десек, көкейде су тұрады. Ал жер атауларын талдасақ, оның суға қатысты екеіні тағы байқаймыз. Жер бетіндегі *тас, орман, тоғай*, аспаннан түсетін әртүрлі ылғал аттары (*бұршақ, қар, жауын*), *ін, үңгір, аңғар, кір, шық* т. б. сөздердің мағынасы тікелей сумен, не су қимылынан, не судың қопару, бұзу тәрізді әрекетінен табиғатта пайда болған зат мағыналарымен мәндес болып келеді.

Түркі-монғол, тунгус-маньчжур және корей тілдерінің туыстық қатысын Ф. Е. Кори, Х. Педерсен, Е. Д. Поливанов, Г. И. Рамstedт, В. Л. Котвич т. б. көрсеткі, ғалымдар өз еңбектерінде сан рет айтып, дәлелдеген болатын. Түркі тілдерінде *аб*, монғолша *аба*, сөз соңына а- қосылады (аң аулау); ер (түрк.), ере (мон.), е- қосылады (ер кісі); өг (түрк.), өке (мон.), е- қосылады (ана, шеше); көк (түрк.), көке (мон.), е- қосылады (жасыл түс) т. б. сөздердің алғашқы дүниеге келгенінің қайсысы жайында талас пікірлердің болғанын, ең әуелгісі ықпал-қысқа түбірлі сөз деушілердің басым екендігін ескерген жөн.

Әрбір халықтың болмысы, оның жер бетіндегі өмір-тіршілігі сөзбен таңбаланады. Халық тіліндегі осындай дәйекті де деректі атаулардың күрделі бір саласы — топонимдер, яки жер-судың, туған-өскен өлкенің атаулары, әралуан географиялық объектілерге тағылған тілдік айырым белгілер болып табылады. Тіл білімінің дербес саласы ретінде танылатын топонимика лингвистиканың диалектология, этимология, тіл тарихы, лексикология сияқты тарауларымен бірлікте дами отыра, тарих, география, этнография т. б. тәрізді пәндермен де еңішлес болып келеді. Осы себепті де ғалымдар ономастикалық ізденістердің басты принциптерін белгілеу барысында топонимика сияқты комплексті ғылым саласын тұрғызушы жағдаяттарды одан өңге, немесе пегаралас пәндерді дүниеге келтіретін шарттардан бөліп қарауды ұсынады<sup>1</sup>.

Топонимиялық деректер белгілі бір географиялық ұғым атаулары болғандықтан тіл ішінде өз алдына сұрыпталған лексикалық қабат түрінде өмір сүреді. Негұрлым ірілеу аймақтардың, өлкелердің аттары географиялық карталарда, әкімшілік аудандардың номенклатуралық тізімдерінде, әр түрлі тарихи кітаптар мен анықтама әдебиеттерде хатталады. Алайда біздің бұл айтып отырғанымыз жазу мәдениеті жетілген ел-жұртың азаматтық хал-жағдайының көрінісі. Ал, ежелгі дәуір топонимдері, сонымен бірге, халықтың этнографиялық, қоғамдық-әлеуметтік жай-күйінен, өткендегі тіршілік қалыбынан орқилы мәлімет беретін аңыз-әңгімелерінде, жыр-дастандарында, ертегілік сюжеттерінде де бірқыдыру сақталады. Әрине, ондай деректердің бәрі тарихи шындық тұрғысынан аса дәлелді болмағанымен, белгілі бір өлкені мекен еткен жұрттың, бұқара көпшіліктің ой-арманын, кәсібі мен характерін танытатын елеулі тілдік-әдебиеттік кепілдеме ретінде сөздік қорымыздың құрамынан тиісінше үлес алады.

Ш. Уәлиханов қырғыз эпосы «Манас» жөніндегі өзі-

<sup>1</sup> Қараңыз: Принципы топонимики. М., 1964. С. 124—126; Сондай-ақ: Никонов В. А. Введение в топонимику. М., 1965. С. 164.

нің бір пікірінде былай дейді: «Манас» — бір кезенге және бір адамның, Манас батырдың, төңірегіне жинақталған қырғыздардың барлық ертегілерінің, аңыздарының, ескі нақыл сөздерінің энциклопедиялық жинағы. Бұл — дала Илиядасы сияқты нәрсе. Осы орасан зор жырда қырғыздардың тұрмыс қалпы, әдет-ғұрпы, салт-санасы, географиясы, діни және медициналық түсініктері, олардың халықаралық қатынастары баяндалады»<sup>2</sup>.

Осылайша халық ауыз әдебиетінің туындылары — жыр, ертегі, аңыз-әңгімелер, тағы басқа поэтикалық үлгілер — өз мазмұндарына сәйкескен көркем образдар, бейнелі суреттер, шиеленіскен оқиғалар желісін баяндаумен бірге сол әдеби үлгілерді жасаушы халықтың өмірінен де мол мәлімет береді. Сондай деректі ұғымдардың бір арпасы — ел-жұрттың, яғни, фольклор шығармасының әрі кейіпкері, әрі жасаушысы болып табылатын халықтың жайлаған, қыстаған, көшіп-қонған мекендері, географиялық жағдайын танытатын жер-су атаулары, тағы басқа сол сияқты мәліметтер болмақ. Осы авторлардың бірі бұдан бұрынырақта жарық көрген бір еңбегінде халық эпосынан орын алатын алуан текті мәліметтердің мысалы ретінде «Қобыланды батыр» жырынан мынадай үзінді келтірген-ді:

Қара қыпшақ Қобыланды,  
Атасы мұның Токтарбай.  
Көздікөлді жайлаған,  
Қалың қыпшақ жағалай.  
Қыс қыстауы — Қараспан.  
Қараспан көкке таласқан.  
Әліп таңба қыпшақтың  
Атағы озған алаштан<sup>3</sup>.

Осы азғантай үзіндінің өзінде қапшама мәлімет жатқандығына көз жүгіртсек, бұдан, біріншіден, батырдың аты Қобыланды, әкесінің аты Токтарбай екенін, оның руы қыпшақ, оның ішінде — қара қыпшақ екенін, жаз жайлауы Көздікөл, қыс қыстауы — Қараспан тауы болғандығын, Қараспанның биіктігі аспанмен таласатынын, қара қыпшақтардың атағы алаштан озған қалың жұрт екенін, олардың рулық белгісі, яғни, гербі — Әліп таңбалы болып келетінін көреміз<sup>4</sup>.

<sup>2</sup> Уәлиханов Ш. Мақалалары мен хаттары. Алматы, 1948. 103-б.

<sup>3</sup> Жубанов Е. Эпос тілінің өрнектері. Алматы, 1978. 171-б.

<sup>4</sup> Сонда, 172-б.

Міне, бұл келтірілгендердің бәрі де шағын хабарлама түріндегі деректер. Бұндағы Көздікөл географиялық терминнің (көл) көмегімен жасалған топоним болса, Қараспан — таудың аты. Әйтсе де Көздікөл микротопоним дәрежесіндегі атау болуы ықтимал, өйткені ғылыми әдебиеттерде ол танымал географиялық объект санатында ұшыраспайды. Ал, Қараспан сөзін тау аты және соның негізінде қойылған елді мекен аты ретінде топоним сөздіктерінен табамыз<sup>5</sup>.

Әрине, «Қобыланды батыр» жырындағы жер-су атаулары тек бұлар ғана емес. Мәселен, жырдың құрамындағы топонимдер ішінде Тайбұрыл тұлпардың шабысын суреттейтін тұстарда қолданылған көптеген жергілікті атаулар да бар. Салыстырыңыз:

Сонда Бұрыл түледі,  
Табаны жерге тимеді...  
1. Аманбайдың ақ тікен  
Асыл Бұрыл жөнелді...  
2. Қарсы келген қабақтан  
Қарғып Бұрыл жөнелді...  
3. Сенгір-сенгір таулардан  
Секіріп Бұрыл жөнелді...  
4. Ол төбе мен бұл төбе,  
Бауыры шұбар Құл төбе,  
Онан да өтіп жөнелді...  
5. Қамыстының Қазды көл,  
6. Қоғалының Қулы көл,  
7. Қызғыштының Қызды көл,  
8. Шағалалы Шалқар көл,  
9. Жскендінің Желді көл,  
10. Құмра — Қотан қос көлден,  
Айпаласы — бес көлден  
Бөрінен өтіп жөнелді...  
11. Күдердің қара дөңінен  
Бесінде өтті деңінен<sup>6</sup>.  
12. Барлы, Барлы, Барлы тау,  
13. Басы биік Қарлы тау,  
14. Хан жайлаған Қара тау,  
15. Би жайлаған Ала тау,  
Онан да өтіп жол шекті-ау...

<sup>5</sup> Қараңыз: «Қараспан — гора, по ней населенный пункт в Чимкентской области. Название по наименованию высокой травы «кара аспан» — («черное небо»); Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. Алма-Ата, 1974. С. 123.

<sup>6</sup> Ескерту: деңінен сөзі не «дөңінен», немесе «деңгейінен» болуы ықтимал (А. және Е. Ж. үзінділер мына жинақтан: «Батырлар жыры». Алматы, 1959. 7—161-б.

16. Түйе мойнақ Иір тау,
17. Қыз емшекті Сүйір тау,
18. Атасу мен 19. Манащы,
- Мал оттауға оты ашы,
- Шейін десе, суы ашы,
- Мұнап-дағы жол шекті...
20. Кампай-құмпай қасынан,
21. Жем, 22. Темірдің басынан,
23. Қалбағайлы шөлдерден,
24. Қасқалдақты көлдерден,
- Асқар, асқар белдерден,
- Айдын шаақар көлдерден,
- Қая сасыған жерлерден,
25. Тобылғылы Нұралан,
- Сексеуілді жырадан,
- Баялышты құмайттан,
- Бүлдіргенді шышайттан,
- Жалғыз шауып жол шекті...

Қобыланды батырдың жауға шапқан сапарын нақтылы шылдық етіп көрсету үшін жыршы осы ізбен көптеген географиялық аймақтарды қамтитын атауларды, терминдерді, микротопонимдерді келтірумен бірге, жер бедерін (рельефті) суреттейтін толып жатқан сөз қолданыстарын да пайдаланады. Жырды айтушының реалистік позициясы түштеп келгенде қазақ жерінің көрінісіне, Қазақстан даласының пейзажына негізделеді. Сондықтан да батырдың жол азабы мына секілді қиын-қыстау жерлерден мүдірмей өткендігі арқылы түсіндіріледі. Қараңыз:

Ебелек ұшпас елсізден,  
Көбелек ұшпас көлсізден,  
Құла мидай шөлдерден,  
Адам жүрмес жерлерден,  
Батпақ, ылай, көлдерден,  
Асқар, асқар белдерден...  
Қараспан тауды жайлаған  
Қалың қыпшақ елдерден  
Намаздігер өтті енді...

Сөйтіп, «Қырық күншілік Қазанға жалғыз күнде жетпек болған» Қобыланды Қазақстанның оңтүстігінен шығып, Қараспан тауын жайлаған қалың қыпшақ елімен қоштасып, «Ел жайлауы — Арыс-ты, Батырлар қылды намысты» деп, жауына бет алады. Ол арқадағы Атасу<sup>7</sup>

<sup>7</sup> Мәселен, Қойшыбаев Е. Атасу топонимын былайша түсіндіреді: «...река, один из истоков р. Сарысу, поселок железнодорожников в центр. части Казахстана» (Көрсетілген еңбек. 41-б.).

мен Манашыны басып өтіп, қазақ жерінің батыс өңіріне құлайды, Шалқар көлден асып, Мұғалжар тауынан басталатын Жем (Эмба) өзенінен, онымен жарыса агатын Темір өзенінен өтеді, ақыр соңында келіп:

Намазшамның кезінде,  
Бесағаштың түбінде,  
Қазанның салған жылқыға  
Ағыны қатты Бұрылмен  
Аңқытып келін жолықты, — дейді.

Жырдағы Қобыланды әуелі Қазан ханның өрістері жылқысын қуып кетеді, одан кейін Сырлы қала деген шөһарын шауып алады, «Қаланың қиғаш қасына, Қасқарлық таудың басына» шығып, Қазан ханның өзі тұратын Қырлы дейтін қаласын қырық мың қолмен қоршап тұрған Қараман батырды көреді. Міне, осы суреттеулердегі: Қырлы-қала, Сырлы-қала деген бекіністер, Бесағаш дейтін жылқы жайылымы, Қасқарлық атты тау нақты тарихи географиялық объектілер ме, жоқ жыршы хиялына желеу болған аңыз атаулар ма? — деген сұрақ та туады. Әрине, халық ауыз әдебиетінің туындыларында әйгілі этнотопонимдердің ұшыраса беретіндігі даусыз, олай болмайынша оқиға шындығы тиісті көркемдік шешімін таба алмас та еді. Әңгіме тек сол топонимиялық деректердің табиғатына, яғни, олардың белгілі бір сюжетке орынды, не орынсыз қатыстырылуына байланысты демекпіз. Басқаша айтқанда, жыршының дүние тану деңгейінің шектеулі болатыны себепті фольклор шығармаларындағы деректер кейбір жағдайларда жансақ найымдаулар да туғызады. Соның салдарынан жалған социологиялық талдауларға бой ұрған зерттеуші, тіпті, ертегілік, аңыздық желімен өрбитін ауызекі сөз өнерінен болжамды тарихи дәуірді, кезенді, өткен күндердің елеулі оқиғаларын, сондай-ақ, кейіпкерлердің «күні кеше» жүрген жерін, белгілі бір географиялық аймақты нақпа-нақ атап бермекші де болады. Алайда фольклор дәстүріне тән анахронизмді ескере отырып, тарихи шындықты ауыз әдебиетінің көркемдік шындығынан айырып қарай білсек, ол секілді қайшы түсініктер мен жадағай болжамдардың төркінін саралап тану қажеттігі айқын сезіледі.

Топонимиялық деректерге бұлайша екіұдай мағына теліп қолданудың себебі — нақты тарихи шындықты жыршылар әулетінің жете игермегендігі болса, ал, оның

салдары — сол ауыз әдебиеті туындысының идеялық мазмұнын тыңдаушы көпшіліктің теріс позициядан қабылдауына әкеліп соғады. Яғни, Қазан есімін Еділ бойындағы Қазан қаласына икемдей түсінуден келіп шыққан эпосының көптеген бас кейіпкерлерінің іс-әрекеті Еділ — Жайық үшін тартысқа айналып кеткен. Сөйтіп, эпостың елді сыртқы жаудан қорғау идеясын ұрандайтын негізгі арқауы босап, батырлар өз еліміздегі бауырлас жұрттармен майдандасып та жатады<sup>8</sup>.

Жырда Қобыландының елі-жұрты сөз болғанда: «Алатаудың қырғызы» (жинақта, 58-б.), «Жаз жайлауым — Көздікөл, Қыс қыстауым — Қараспан» (76-б.), «Ел жайлауы — Арыс-ты» (60-б.), «Келіп қонды көп қыпшақ Азулы деген көліне» (130-б.), «Жүгіртіп келді Қобыланды Айнакөлде Құртқаның Ордасын тіккен жеріне» (95-б.), «Қараша таудың жалғасы»<sup>9</sup>, «Бауырында ойнар құлжасы» (103-б.), «Күдерден күдер<sup>10</sup> асыпты» (150-б.), «Төрт көлден<sup>11</sup> соққан төбе еді» (111-б.), сон-

<sup>8</sup> Тарихи шындық былай: «... ряд исторических материалов о кзылбашах и их хане Газане (Казане), а также казахские шеджре (легосись) характеризуют борьбу кипчакских племен; Кобланды ведет борьбу с кзылбашами, т. е. с иноземными захватчиками, и отстаивает независимость своего рода Кара-Кипчак» (Габдуллин М. Казахское народное поэтическое творчество дооктябрьского периода. Автореферат докт. дисс. Алма-Ата. 1958, С. 33).

<sup>9</sup> Қараша тау — поэтикалық қолданыстағы Қаратау болуы тиіс. Осы үлгіде «Қарабек батыр» жырында да ұшырасалы: «Қараша таудың қасы деп, Тасбұлақтың басы деп» (Батыр, ж., 3-т., 89-б.). «Алпамыс» жырында Қарахан тауы болып, Қобыланды батыр жырында Қараспан тауы болып айтылады (Ескерту біздікі. — А. Ж., Е. Ж.).

<sup>10</sup> Күдер — бұл жерде бел-белес деген мағынаы білдіретін төрізді. Салыстыр: «Күдердің кара дөңінен, Бесінде өтті деңінен» (50-б.). Күдер ұзу — торығу, кара ұзу (Ескерт. А. Ж., Е. Ж.).

<sup>11</sup> Төрт көл — жаңсақ оқылған төрткүл, яғни, төрт бұрышты (төрткүл) төбе болуы да ықтимал. Сонда жоғарыдағы жолды «Төрт көлден соққан төбе» демеі, «Төрткүлден соққан...» деп оқыр едік (Ескерт. — А. Ж., Е. Ж.). Мурзасев Э. М. Тұрткуль термині қырат белінде (үстіртте) ерекше дөңестеніп тұратын, шөгінді жыныстардың үйіндісінен ірге кетерген, төбесі тегіс шоқыны білдіретінін айтады. «Эффективную картину создают турткули по правобережью Амударьи, выше Хорезма, а также в Тургайской столовой стране. Варианты — дорткуль, торткуль, квалп. төрткуль — «развалины древней крепости». Ср. др. тюрк. төрткіл — «четырёхугольный» дей келіп, автор Қазақстан топонимиясынан А. С. Типова осы терминнің қатысуымен жасалған Төрткүл, Сүлүтөрткүл, Хантөрткүл деген тау аттарын, Сарытөрткүл деген төбе атын, ұзып саны тоғыз мысал келтіргенін айтады. (Мурзасев Э. М. Словарь народных географических терминов. М., 1984. С. 567—568).

дай-ақ «Төрт көл деген төбесін шауып шығып көреді» (147-б.), «Ұзын көлдің басына, Жағалай тіккен шатырды» (155-б) деген төрізді жер-судың аттары аталады. Сол сияқты, жау жағының — қызылбас хандарының — жайлаған, бекінген жерлері де негізінен қазақ тілінде қалыптасқан ұғымдардың атауы болып келеді. Олар жоғарыда аталған Қазан (шәһар), Сырлы қала мен Қырлы қала, оның қасындағы Қасқарлық (бірде Қасқырлық. 101-б.) тауы. Сонымен бірге жау жерін сипаттағанда мынадай топонимдер де ұшырасады, қараңыз:

Екі батыр кезікті,

Құба көлде Көбікті  
Отар салған жылқыға  
(68-б.).

Сондай-ақ: Құба көлден өткенде,  
Сары өзенге жеткенде,  
Көбіктінің Тарлан ат  
Құйрығын құстай тарайды  
(80-б.).

Немесе: Қаладан қиғаш өткенде,  
Сары белге жеткенде,  
Қайта айналып Көкбесті  
Шәһарға қарап жөнелді  
(81-б.).

Одан әрі: Бурыл ат ақсап жүрмегенсің,  
Қалың қосын көше алмай,  
Қүн бата қонды Ақсайға  
(87-б.).

Тағы да: Қол Ақсайға қонғансың,  
Қарлығаны алып оңғансың,  
Қайтуға көңлі бұзылды...  
(сонда)

Ал, Қазан ханның қырық мың қолы Қобыландыны Қырлы қала түбінде қоршауға алған жер *Ортөбе* деп аталады, қараңыз:

Қырық мың атты қызылбас  
*Ортөбеде* топтанып,  
Жекпе-жектең тоқталып,  
Бірте-бірте жиналды  
(62-б.).

Қобыланды дүзде жүргенде елін шауып кететін қалмақтың Алшағыр ханы бекініс салған жердің аты *Алтын-*

ды тау. Бұл топоним жырда төрт рет қайталанады. Қараңыз:

Қалмақтың ханы Алшағыр,  
Алтынды таудың астында,  
Тастап соққан қорғанды  
(91-б.)

Бұдан әрі осы қолданыс «Алтынды таудың етегінде» (92-б.), «Алтынды таудың етегіне» (96-б.), «Алтынды тауға ақырып» (101-б.) түрінде кездеседі. Ескеретін нәрсе — *алтын* сөзін басқа бір заттың эпитеті ретінде («Алтын тонның етегі, Тамтық қалмай тозды гой», 90-б.) қолданумен бірге, жоғарыдағыдай меншіктілікті білдіретін *-ды/-ді* аффиксін қосарлап: «Батыр Қобылан құлады, Алтынды ерге сүйеніп» (94-б.) деп қиыстыру аталған эпос стилистикасына жат емес. Ал, топонимдік мағынада тек қана Алтынды тау болып тұлғаланған.

Жасалу тәсілі ерекше топонимдік атау деп жыр тексінде бір-ақ рет ұшырасатын Шалқар тоғай тіркесін айтуға болады. Әдетте *шалқар* сөзі тура мағынасында қолданылғанда тек *теңіз*, *көл* тәрізді гидронимдердің анықтаушы болып, «суы мол» деген ұғым беретіні белгілі. Ал, ауыс мағынада ол «көңлі шалқар» типтес тіркесімдер құрайды<sup>12</sup>. Біз қарастырып отырған «Қобыланды батыр» жырында Алшағыр ханның Алтынды тау түбіндегі тас қорғанының төңірегі осылайша шалқар тоғай деп аталады, қараңыз:

Қаланың қиған шетінде,  
Шалқар тоғай бетінде,  
Арыстан туған батырды  
Құртқаның көзі шалады  
(106-б.)

Алайда біз бұл секілді тосын тіркесті көне қазақ тілінің сөйлеу нормасына сәйкес қалыптасқан қолданыс деуден гөрі, ауызекі поэзия тіліне тән «асқақ стильдің» («высокий стиль») бір көрінісі, яки образды көркемдікке талпыныстың тілдік-әдебиеттік айырым белгісі болар деп шамалаймыз.

Соңғы топтағы, яғни жау мекенін нұсқайтын жер-су атаулары ішіндегі көңіл қоярлық топоним — екі рет қайталанатын Құба көл. Түс-реңкін білдіретін *құба* сөзінің

этимологиясына зерттеушілер бірталайдан бері-ақ назар аударып келеді<sup>13</sup>. Құба сөзі: құба жон, құба бел, құба күрен, құба тай, құба тал, құба төбел, құба(а) інген деген тәрізді тіркестер ішінде анықтауыштық қызмет атқарады, ақ құба дегенде анықталушы сөз дәрежесіне көшеді. Құба түбіріне сын есім тудырушы аффикстер жалғанып құбақан, құбаша түріндегі туынды сөздер де жасалады. Заттың өні-түсін таңытатын сын есімдер ішінде *құба* түске жақын келетіні *құла*. Негізінен жылқы малының түсін білдіретін, әрі басқа түстермен қосылып, құлакер [көркұла], құла жирен тәрізді реңктерді бере алатын, кейде абстракт мағына таңытып, ақ құла [бет алды] типіндегі қатыстық сын есім жасайтын *құла* жер-судың анықтауышы ретінде: құла дала, құла тұз [дүз], құла су болып та қолданылады. Міне, осы қызметі жағынан ол құба жон, құба бел дегендегі *құба* а сын есіміне жуықтайды. Өйткені бұл екі сын есім де өз реңктері жағынан сары түске жақын, сондықтан өзімен тіркес құрайтын географиялық терминдерге сар дала, жапап тұз [дүз], қу [ай] тақыр дегендей ұғым телиді. Әйтсе де сөйлеу тілінде *құба* судың [өзеннің, көлдің] эпитеті ретінде айтылмайды. Ал, «Қобыланды батыр» жырында ол гидронимді анықтап, *сары* сөзіне синоним болып тұр. Қараңыз:

Құба көлден өткенде,  
Сары өзенге жеткенде<sup>14</sup>.

Аталған жырдың тілінде негізгі сюжетке тікелей қатысы жоқ, бірақ Қазақстан территориясын қамтитын бірсыпыра топонимдер бар. Олар республикамыздың екі үлкен ареалын нұсқайды. Оның бірі — терістік [арқа] жақ болса, екіншісі — батыс өңірі. Мысалы, жырда жиі кездесетін, көбінесе «Арқаның бөрі көзіне» болып келетін үш компонентті фраза (өлсең жолы) арқа жерінде «бөрі көз» деген шөл өсетінін, оны жылқы малы сүйсініп жейтінін баян етеді. Қараңыз:

<sup>13</sup> Қараңыз: Родословная туркмен. М., Л., 1938, С. 43. Гусейнзаде А. Об этимологии топонима Куба // Советская тюркология. 1971. № 2. С. 119—125; Ибатов Ә. Жубанов Е. Атаулар мен аңыздар тарихына зер салсақ // Қазақстан мектебі, 1975. № 12. 86—88-б. Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. Алматы, 1975. 126—128-б.

<sup>14</sup> Салыстыр: ақ құба — ақ сары; құба жон — құла дала; құла су — сары су; «акка тантық» түстер: сары — құла — құба т. с. с.

<sup>12</sup> Жоғарыда көрсетілген Е. Қойшыбаев сөздігін қараңыз, 249-б.

Бұл жібердім базардың  
Бояғы менсі бөзіне,  
Салса жылқы тоқтайды  
Арқаның бөрі көзіне...  
(150-б.)

Арқа топонимін кірістірген осы поэтикалық формула [тұрақты өлең тармағы] жырдың бірсыпыра жерінде қайталанады. Бір ғана рет сәл өзгеріспен: «Арқада бар бөрі көз» болып айтылады. Арқа сөзінің бұдан өзге қолданысы «Арқада құлан топтады, Мерген мылтық оқтады» (146-б.) және екі қайтара кездесетін «Арқада бар қарағай» (133—134-б.) түрінде болып келеді. Солтүстік өңірдің гидронимінен текске енген атау — Есіл. Қараңыз:

Есіктің алды Есіл-ді,  
Есілдің талы кесілді  
(128-б.)

Алайда бұл жердегі қолданыстың жырдағы оқиғаға, оның географиялық жағдайына еш қатысы жоқ, тек параллель ұйқас үшін тұрған тәрізді. Сондай-ақ, екінші жердегі:

*Есілден шыққан көл еді* (111-б.) деген жолдарды да нақты бір бағыт-бағдарға қатысы бар деп айту қиын. Себебі бұл сөздерді Қобыланды арқа жерінде емес, Алшағыр ханның бекінісі түбінде айтады.

Жырда Қазақстанның батыс аймағы гидронимдерінен: екі рет Жайық атауы, екі рет Елек өзенінің және сонымен бірге екі рет Башқұртстан жеріндегі Ишимбай [Есімбай] өзенінің аттары кездеседі. Егер осы қолданыстардағы Жайық атауы тек ұйқас құрау үшін тұр десек, қараңыз:

Жайықтың суы ылай-ай,  
Көр болды көзім жылай-ай  
(99-б.)  
Жайықтың бойы қамыс-ты,  
Бермейміз деп намысты,  
Екі батыр екпінмен,  
Жақындасып қаласты...  
(121-б.)  
Жайықтың бойы қамыс-ты,  
«Бермеймін, — деп, — намысты»,  
Саз балшықтай жабысты...  
(146-б.)

Қобыландының өз аузынан айтылатын:

Електен өтсең, Есімбай,  
Қыс қыстауы — Бұқаржай  
(135, 145-б.)

деген қолданыста белгілі бір жол сілтеу, бағыт нұсқау бар секілді. Өйткені Елек өзені қазіргі Ақтөбе қаласының іргесінен ағып жатса, Есімбай [Ишимбай]: жырдың бұрынғы басылымдарында бұл екі жол: «Електен өтсең, Есенбай, Қыс қыстауға көңіл жай» болып айтылатын. — авт.] Қазақстан жерінен өтіп, батысқа қарай жүргенде көлденең кездесетін өзен аты. Бұл екі су да Жайық өзеніне қосылатын арналар.

Сонымен біз бұл мақаламызда негізінен «Қобыланды батыр» жырында кездесетін жер-су атауларына тоқтадық. Мақала барлау сипатында болғандықтан жырдан келтірілген мысалдарға аса терең лексикалық, семантикалық, грамматикалық, әсіресе, этимологиялық талдаулар жасамадық. Оның екі себебі болды. Біріншіден, бұл атаулардың көпшілігі ғалымдар жұртшылығына жалпы таныс деп білсек, екіншіден, біз топоним деректерінің жырды құрайтын поэтикалық жүйеге қаншалықты қатысты екенін анықтауды мақсат тұттық. Сөз жоқ, бұл ауыз әдебиеті құрамындағы бір сала лексикалық қабаттарды — ономастикалық атауларды зерттеудің нобайы ғана. Келешекте фольклор тіліндегі осы тәріздес деректерді түгел хаттай отырып, жан-жақты мұқият зерттеу жүргізілсе, мол нәтижелерге қол жететіні сөзсіз деп білеміз.

Б. БЕКТАСОВА

#### Қостанай облысының көне топонимдері

Топографиялық сипаты жағынан ертеде Қостанай Уезі аталған өңірде аздаған ойпат — адырлар болғанмен негізінен кең, байтақ жазира жазық келеді де Тобыл, Ой, Аят, Жылқуар, Шортанлы, Құмақ өзендері мен үлкенді-кішілі көлдер жарқырап жатады.

Ондағы қазақ ауылдарының, олардың мекендеген

жер-суларының атаулары сол кездегі көзі ашық зиялылардың назарынан тыс қалмады.

Ол географиялық атаулар кейбір материалдарда, статистикалық есептерде жүздеп, мындап беріліп отырды. Біз архив материалдарын ақтарып, іздестіре жүріп, Қостанай жерінің көне топонимдерін хаттап, карточкаға түсірдік. Осы шағын мақаламызда ол атауларды лингвистикалық тұрғыдан талдап, тілдік табиғатын анықтауды мақсат тұттық.

Ең алдымен қала аты Қостанай жайында аз-кем әңгіме қозғайық.

Қостанай деген атаудың шығуы туралы түрлі аңыз-әңгіме де бар. Сол аңыздардың ішіндегі ерекше назар аударатын әңгіменің мазмұнын келтірейік.

«Ертеде бір кедей өзін және егіз қызы Қос пен Танайды асырап, күн көру үшін ертеден қара қосқа дейін байлық жұмысын істеп, малайы бол жүреді. Күндердің күнінде бай мен кедей арасында жер жайлы дау туады. Бай өктемдігін көрсетіп, кедей пайдаланып отырған жерді тартып алады да, оны елден қуып жібереді. Кедей бейшара Тобыл өзенінің бойына барып, бір сайға жайғасады. Кедейдің сорына күндердің күнінде екі бірдей сұлу қызы Қос пен Танай өліп қалады да, оларды Тобыл өзенінің жағасына жерлейді. Осы екі қыздың бейіті жапынап өтіп бара жатқан адамдар ұзақ уақыт тоқтай қайғыратын, кейде қонып та қалатын болған. Сөйтіп ол қыздар жерленген жерді Қостанай атап кеткен».

М. К. Қозыбаевтың бір әңгімесінде: «Ертеде шешек ауруының салдарынан бір әйел екі бірдей қызынан айрылып қалады. Сол кезде қазіргі қала орнында отырған ауылда бір бай өктемдік жасап, екі бірдей қызынан айрылған әйелді қуып жібереді. Катты қайғыланған әйел екі қызын екі қос танаға балап жылайтын болған. Далада қаңғырып қалған бұл әйелді қоныс аударған орыстар кездестіреді де өз қамқорлықтарына алады. Олар бейшара әйелдің қыздарын қос танаға тенең жылайтынын аңғарып, ол қыздың шын аты екен деп түсінеді де өздері қоныстанған жерді Қостанай атайлы».

Бұл аңыз бізге орыс және қазақ халқының достық ынтымағын көрсетеді. Алайда бұл аңыздар қала атының шығуы жайында толық мағлұмат бере алмайды. Ең қиыны — Қостанай қаласының пайда болуы, атының қойылуы жайында бізге жеткен жазба деректің бол-

мауы. Біздің пікірімізше, бұл мәселенің анық-қанығына тарихи мағлұматтар мен лингвистикалық талдау жасау нәтижесінде ғана жетуге болатын сияқты. Деректерге сүйенгенде, Қостанай деген атау қала салынбастан көп бұрын пайда болғанға ұқсайды. Өйткені Торғай губернаторы тарапынан болашақ қаланың орнын анықтап, талдауға жіберген комиссия мүшелері қаланы Қостанай аталатын кең жерге салуды ұйғарғанын айтады. Демек, қала салынбастан бұрын сол жерде Қостанай аталған жердің болғаны анық байқалады. Қала салынбастан бұрын ол жер кең сай болғанын жергілікті өлке зерттеушілер мен тарихшылар тарихи деректі жоққа шығармайды. Бұған қарағанда, Тобыл өзені маңындағы сайлау келген жерді Қостанай деп атаған болуы керек. Лингвистикалық тұрғыдан қарағанда, Қостанай сөзінің түбірі көне дәуірге кететін тәрізді. Бұл атау қос және танай деген екі сөзден жасалған. Біздің пікірімізше, қос «даладағы малшы қосы», ал танай ерте кездегі ру, тайпа аты. Демек, Қостанай атауы «қазақ тайпасы немесе руы танайдың қосы» деген мағынаны білдіретін сөз.

Қостанай өңіріндегі көне заманнан келе жатқан жер-су аттарын мағыналық жағынан топтап, жікке бөліп қараудың да өзіндік ғылыми маңызы бар. Өйткені қай елдің болмасын жер-су аттары семантикалық (мағыналық) заңдылыққа сай жасалып отырады. Ал өзіміз әңгіме етіп отырған Қостанай аймағының топонимдерінің де бірнеше топқа бөлінетінін көреміз.

1. Топонимдердің басым көпшілігі жер бедерін, сипатын көрсетеді. Мысалы: Жайылма, Ақшат, Жаркопа, Қарасор, Сарықопа, Қайрақты, Ақжар, Қаракемер, Сарыкемер, Қараадыр, Қаражал, Сор, Жартас, Жарсор, Ой.

2. Гидронимдік атаулар:

а) түске байланысты (су, жер, өсімдік): Алақопа, Ақсуат, Қарақұдық, Қызылкөл, Жалтыркөл, Ақ өзек, Ақсай, Ақсу т. б.,

б) көлемі, үлкендігі, формасына қарай қойылған атаулар: Қоржынкөл, Аралкөл, Ұзынкөл, Қішкенекөл, Шолақкөл, Үлкен көл, Құлақкөл,

в) судың терендігіне байланысы топонимдер: Қайранкөл, Шұқыркөл, Жартыөткел, Дөңгелексор т. б.,

г) судың ашылығына байланысы атаулар: Ащыкөл, Сұлусоркөл, Соркөл, Керменкөл, Түзсор, Тұщықұдық,  
д) судың дәмі, есіне байланысты топонимдер: Майкөл, Ескікөл, Сасықсай,

ж) бағалау мәнді топонимдер: Сұлукөл, Сақаукөл, Балықтыкөл,

з) тұрған жер жағдайына байланысы топонимдер: Егіндікөл, Жарықкөл, Суаткөл, Қарағайлыкөл, Томаркөл, Тоғызкөл, Жотақона, Қараой.

3. Табиғат, өсімдік, хайуан атауларымен байланысы топонимдер:

а) хайуан, құс атауларымен байланысы: Қулыкөл, Аккукөл, Жылаңдысай, Түйесай, Сиыркөл, Текеағаш, Балықты, Шортанды, Бозбие, Аюлы, Түйемойнак, Тырпақөл, Атанақ,

б) өсімдік атауларынан қойылған топонимдер: Талдықөл, Қамыстыкөл, Жалғызғағаш, Миялы, Шнеліағаш, Қайың, Қаратап, Ағаш, Мойылдытал, Көктерек, Талшілік, Теректі, Ақши, Табантал, Сарыөлсең, Жалаңқамыс.

4. Кісі есімдерінен қойылған топонимдер: Бұл топқа бір кезде белгілі бір адамға тән, меншікті болған жер аттары жатады. Жолбарыс, Есеналы, Қаратай, Жолдыбай, Базарбай, Қаламбайағаш, Айжанағаш, Қанайсай, Қойлыбайсай, Меңдібайсай, Құшқбайкөл, Даныбайкөл, Тоғызбайкөл, Ноғайкөл.

5. Этнонимдерден жасалған топонимдер: Керейкүл, Ноғай, Аят, Қаракыпшақ, Тобыл.

6. Кейбір топонимдер объектінің орналасқан жерін білдіреді: Қосарал, Бестамақ, Бесқарағай, Қырыққамыс, Қосқол т. б.

7. Ұқсату, салыстыру, теңесумен байланысы топонимдер: Ақсақаағаш, Шұбартал, Төбелесағаш, Көкарал, Шалбаркөл, Шұжықкөл, Шұжық т. б.

Қостанай өңіріндегі көне топонимдердің көпшілігі кісі аттарынан қойылған микротопонимдер боп келеді. Олардың екінші сынарларындағы қолданыс тапқан лексикалық синонимдер сол замандары ел адамдарының өмір белгісі іспетті. Мәселен, Оразауыл, Қарабайауыл, Медебайқыстау, Ортабайқыстау болмаса, Қаламбайағаш, Мынбайағаш, Төлегеншоқ, Дәуітбайшоқ, Қаратайшілік, Танабайшілік.

Құрылыстарына қарай микротопонимдердің ішінде дара тұлғалылары да: Жақан, Тобыл, Қайың, Ащы, Ой,

Сор; екі не үш құрамдылары да: Мәмбетсай, Итөлген, Обалыкөл, Егіндікөл, Сабынкөл, Тереңсай, Үшкөл, Дөңгелексор, Бестамақ, Қосарал, Бөртебайкөл, Айтбергенкөл, Бұзауөлген, Тыныбайсай т. б. бар. Бұл топонимдердің бірінші сынарларында көбіне кісі есімі немесе анықтауы сөздер тұрса, екінші сынарларында апеллативтер басым келеді, кейде екінші сынарда етістік тұлғалы сөздер мен формалар кенінен қолданыс табады.

Біз зерттеу ретінде алып отырған Қостанай облысындағы Октябрь революциясынан бұрынғы 1160 микротопонимдердің ішінде 160 атау кісі аттары және олардың бәрі ер адамдар аттарынан қойылған. Мұның өзі сол кезде қоғам өмірінде, үй тіршілігінде еркектердің басты роль атқарғанын аңғартады. Бұлардың басым көпшілігі яғни 514 атау екі құрамды да, бір құрамдылары 89 ғана атау үлесіне тиген. Бұл шағын дәлелдің өзі-ақ географиялық атаулардың топонимдерді зерттеудегі басты да негізгі салалардың бірі екенін көрсетеді.

Көп құрамды топонимдердің жасалу заңдылықтарын білу — олардың жер сипаты мен шығу төркінін анықтауда көп септігін тигізеді, өйткені жаңа атаулардың шығуы «белгілі бір топонимдік реттердің, морфологиялық және семантикалық типтердің, сөз жасау тәсілдердің пайда болуымен байланысты»<sup>1</sup> болатыны белгілі.

Қостанай топонимдеріне талдау жасау барысында олардың көпшілігінің жалпы есім сөздер мен географиялық терминдердің тіркесуі арқылы жасалатынын байқадық. Ол сөздер мен терминдердің өн бойында қазақ халқының ертедегі көшпенді өмір тіршілігі мен мал кәсібін көрінісі айқын сақталған. Сондықтан да Ф. Қ. Қонқашпаев оларды «Қазақтың халықтық география терминдері», — деп орынды атаса»<sup>2</sup>, Б. А. Серебренников «индикатор — терминдер» деген<sup>3</sup>. Бұл аталған географиялық терминдер Қазақстанның басқа өлкесіндегідей Қостанай топонимдері құрамында да жиі кездеседі.

Өзінің құрылысы жағынан ежелгі Қостанай топоним-

<sup>1</sup> Беленькая В. Д. О топонимических категориях. Конференция по топонимике Северо-Западной зоны СССР: Тез. докл. и сообщ. Рига, 1966. С. 22.

<sup>2</sup> Конқашпаев Ф. К. Казахские народные географические термины //Изв. АН КазССР. Сер. геогр. 1951. Вып. 3. С. 3.

<sup>3</sup> Серебренников Б. А. О методах изучения топонимических названий //Вопросы языкознания. 1959. № 6. С. 37.



дері — «анықтауыш пен анықталушы» құрамды тіркестерден, кейде екі, үш не төрт сөзден жасалған тіркестерден тұрады. Олар алуан түрлі тәсілдер арқылы жасалған.

1. Бірінші сынары анықтауыш, екінші сынары анықталушы сөз боп келетін екі зат есімнің тіркесуі арқылы жасалған топонимдер: Егіндікөл, Сабынкөл, Суаткөл, Жотақопа, Түйемойнақ, Төреқарағай, Тұщыкөл т. б.

2. Көптеген топонимдер адам аттарынан қойылып екі сынары да зат есім сөздерден жасалған: Базарбай, Өміртай, Рысбай, Қаламбай, Қалайсай, Иманқона т. б. Мұндай топонимдердің саны тым мол.

Т. Жанұзақов кісі аттарының географиялық атауларға, географиялық атаулардың кісі аттарына ауысуын айта келіп, сондай-ақ, ру аттарының кісі аттарына, ал кісі аттарының ру аттарына, соңғысының топонимдерге ауысып қойыла беретінін белгілі бір тарихи лингвистикалық заңдылықпен байланыстырады<sup>4</sup>.

3. Көптеген топонимдер анықтауыш тұлғада сын есімдердің қатысуы арқылы жасалған: Сұлукөл, Қішкенкөл, Ақсай, Алакөл, Жалтыркөл.

4. Сан есім мен географиялық терминдердің тіркесуі арқылы жасалған атаулар: Үшбала, Үшсай, Үшсор, Бесқарағай, Тоғызкөл, Бестамақ, Қырыққамыс, Қоскөл, Ащыкөл, Көкарал т. б.

5. Географиялық терминдер мен етістіктер тіркесі арқылы жасалған топонимдер өз алдына бір топ. А. Әбдірахманов мұндай топонимдік типтерді лексико-семантикалық тұрғыдан топтайды да, есімшенің *ған* (*ген*, *кен*), *ар* (*ер*) е қосымшалары арқылы жасалған топонимдерді ерекше атап өтеді. Бұндай топонимдердің жасалуы белгілі бір жағдаймен байланысты. Олардың әуел баста жеке дара сөйлем болғанын көрсетеді. Зат есімге айналуды барысында ол конструкциялар бірте-бірте қысқарып «лексикалық единица ретінде жұмсалған»<sup>5</sup>.

Қостанай аймағының көне топонимдері құрамында да зат есім мен етістіктен жасалған біріккен тұлғалы атаулар көп ұшырайды. Мәселен, Есен асберген, Сұл-

танбике асберген, Соғым сойған, Бөкпей ұзатқан, Қасқыр соққан, Өгіз өлген т. б.

Бұл өңірдегі топонимдер құрамында да географиялық апелляциятивтер мен терминдер жиі қолданыс тапқан. Әсіресе басым қолданылатындар: *көл*, *сор*, *су*, *өзен*, *сай*, *ағаш*, *ауыл*, *тоғай*, *төбе*, *жар*, *шоқ* т. б. Қазіргі топонимдермен салыстырғанда, Қостанай өңірінің көне топонимдері құрамында әсіресе *көл*, *ағаш*, *сай* сияқты апелляциятивтер арқылы жасалған топонимдер тым көп кездеседі. Оның куәсі ретінде айтар дәлеліміз — 1160 топонимнің ішінде 161 топоним *көл* сөзі, 83 топоним *ағаш* сөзі, 61 топоним *сай* сөздерінің тіркесуі арқылы жасалған. Бұл дәлелдерге қарағанда, географиялық терминдер мен апелляциятивтер қазақ, жалпы түркі тілдеріндегі топонимдердің жасалуында негізгі арқау бола отырып, объектінің түрлері жайында толық мағлұмат береді.

К. ЕСПАЕВА

#### М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы топонимдердің қолданылу аясы

Көркем әдебиеттердегі топонимдердің қолданылу аясы қазақ тіл білімінде күні бүгінге дейін мұқият қолға алынбай, тіптен арнайы зерттелмей келеді. Алайда көрнекті ақындарымыз бен жазушыларымыз: Абай Құнанбаев, Жамбыл Жабаев, С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин, Қ. Аманжолов, Т. Жароков, А. Тоқмағамбетов, Х. Есенжанов, І. Есенберлин т. б. туындыларындағы топонимдік лексикаларды мұқият жинап, тарихи-лингвистикалық әрі әдеби-стистикалық тұрғыдан зерттеудің мәні айрықша зор.

Осы ретте М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы топонимдік материалдарды өз алдына дербес зерттеу халқымыздың тіл тарихы мен әдебиет, мәдениет саласынан қыруар, мол да бай мағлұмат берері даусыз.

Бұл зйгілі эпопеяның тілін арнайы зерттеген Е. Жанпейісов ондағы онмастикалық материалдарға да назар аударғаны мәлім. Оның айтуынша: «Абай жолында» тікелей кейіпкер ретінде қатысқан төрт жүз елудей адам-

<sup>4</sup> Жанұзақов Т. Д. Лично-собственные имена в казахском языке. АҚД., 1961. С. 9.

<sup>5</sup> Әбдірахманов А. Қазақстанның жер-су аттары. Алматы, 1959. 46-б.

ның аты, 250-ден аса топоним кездеседі»<sup>1</sup> екен. Ал осы «Абай жолы» эпопеясының жиілік сөздігін жасаған авторлардың айтуынша: «Романдағы антропоним, этноним және топонимдердің жалпы саны 1019 көрінеді»<sup>2</sup>.

Біздің есебіміз бойынша, «Абай жолы» эпопеясындағы антропонимдердің жалпы саны 965 (қазақ, орыс т. б. елдердің антропонимдері), этнонимдер 412, ал топонимдер 400-ден асады.

Романдағы осы топонимдерді тілдік тұрғыдан талдағанымызда: көне түркі тіліне тәні 40, қазақ тіліне қатыстысы 231, араб тілінен енгендері 17, парсы тіліне тәні 10, монгол тілінен келгені 12, орыс тіліне тән топонимдер 50 болса, басқа да Кавказ, Европа, Сібір халықтары тілдеріне қатыстылар саны 40-тан асады екен. Осы атаулармен қатар жүзден аса географиялық терминдердің бары тағы да анықталып отыр.

Халықтық географиялық терминдер мен апеллятивтердің топонимдерді (жер-су аттарын) жасаудағы ролдері айрықша. Олар көбіне біріккен тұлғалы жер-су аттарының сыңарларында келеді де, ол жерлердің *көл, өзен, су, құдық, теңіз, тау, тас, адыр, төбе, дөң, қырат, жота, аңғар, сай, шат* немесе *қоныс, қыстау* я *жайлау* екендігін мезгіл, анық көрсетіп тұрады. Ал ондай терминдер мен есім сөздердің мейлінше жиі қолданылуы сол кездегі елдің тұрмыс тіршілігі, шаруашылық жағдаяты мен тығыз байланысты болып отырған. Мысалы: ауыл сөзі эпопеяда 1726 рет аталса, жер — 1220, болыс — 486, дала — 296, қыстау — 219, қоныс — 158, өзен — 113 рет қолданыс тапқан.

Сондай-ақ, романдағы көптеген топонимдердің жиі қолданылуы, біріншіден, сол жерлерде болған тарихи оқиғалардың сыр-сипат, бет-пердесін айқындап ашып отырса, екіншіден, роман кейіпкерлерінің өмір сүрген ортасы, тұрмыс-жайы мен іс-әрекетінен толық мағлұмат береді.

Автордың кейбір қала аттарын екі немесе үш түрде жарыстыра қатарынан қолдануы, біріншіден, олардың орыс және қазақ тілдеріндегі айтылу әрі қолданылу аясын саралап, анықтап көрсетуді маңсұқ етсе, екіншіден,

<sup>1</sup> Жанпейісов Е. М. Әуезов «Абай жолы» эпопеясының тілі. Алматы, 1976. 25-б.

<sup>2</sup> М. Әуезовтың Абай жолы романының жиілік сөздігі. Алматы, 1979. 12-б.

ол атауларға стильдік рең, мән беріп отырғаны байқалады. Мәселен, Омбы — Омск; Петербор — Петербург — Петергоф — Петербор — Питер; Ресей — Россия, Руссия — Русия — Россейские — Русский; Семей — Семипалат — Семипалатинск — Семипалатинский; Жетісу — Семиреченский т. т.

Роман — эпопеядағы топонимдердің лексикалық құрамы мен мән-мағынасын, сондай-ақ олардың жасалу жолдарын лингвистикалық тұрғыдан талдау, этимологиясын анықтау мәнді де маңызды мәселе екені даусыз.

Эпопеяда макротопонимдерден (ірі қала, көл, өзен, үлкен таулар аттары т. б.) гөрі микротопонимдер (*ауыл, қоныс, қыстау, жайлау, қорық, бастау, бұлақ, дарья, қайнар, құдық, су, төбе, жота, жон, адыр, қыр, қырат, дөң, сай, жыра, жылға, қорық, жазық, ой, ойпат, аттары*) әлдеқайда көп қолданыс тапқан. Мәселен, Қасқабұлақ, Тақырбұлақ, Ортабұлақ, Ашысу, Қарасу, Есболаттың қарасуы, Көлқайнар, Қызылқайнар, Айқұдық, Аққұдық, Бетқұдық, Бозамбай құдығы, Жөкен құдығы, Құнапбай ауылы, Ақылбай ауылы, Ақымбеттің ауылы, Үркімбай ауылы, Қаумен ауылы, Әйгерім қыстауы, Еркежан қыстауы, Байғабыл қыстауы, Бөжей қыстауы, Дөң қонысы, Көшбике қоныс, Аралтөбе, Ақадыр, Жұпар қорығы, Мұсақұл қорығы, Жидебай қорығы т. б.

Жоғарыдағы мысалдар Орта Азия мен Қазақстан топонимдерінің ерте кездердегі пайда болу, даму жайын сөз еткен ғалым А. Ф. Гумбольдтың: «Бұл өлкелердің әу бастағы топонимдері тек, су, бұлақ, бастау, қайнар, көл, төбе, жар, тау, тас деген сияқты жалпы есім сөздер болғанға ұқсайды»<sup>3</sup> деген пікірін растағандай.

Роман — эпопеяда XIX ғасырдың екінші жартысында Семей өңіріндегі ру-тайпалардың көпшелі өмір тұрмысына орай қойылған жер-су аттары көбірек кездеседі. Өйткені мал бағып, жайлы қоныс, шүйгін шөп, шұрайлы жер, мол су, арынды өзен, құрақты көлдерді мекендеп жүрген шаруақор ел сол жерлердің табиғат құбылысына, бет-бедеріне қарай ат қойып, айдар тағып отырған. Бірақ та уақыт, мерзім сарабына сай ол атаулардың көбісі ескіріп ұмыт болғанымен, біразы бүгінгі облыс картасында боз қалпында сақталып отыр. Оны мына төмендегі мысалдардан анық көреміз. *Ақшатау* — қазір Семей

<sup>3</sup> Гумбольд А. Ф. Центральная Азия. М., 1915. Т. 1. С. 215.

облысындағы Шыңғыстаудың солтүстік шығысында, солтүстік батыстан оңтүстік шығысқа қарай созылып жатқан жота, *Абралы* — Шыңғысқа қарай жол бойындағы тау, қазір бұл Қарағанды обл. Қарқаралы ауданының шығысында, оның батысында Жақсы Абралы, Шығысында Жаман Абралы таулары бар. *Ақжол* — қоныс, қазір Семей обл. Көкпекті ауданында өзен және жарма ауданында алтын кені. *Белағаш* — жер аты, қазір Семей обл. Бородулиха ауд. батыс бөлігін алып жатқан орманды дала. *Жидебай қорығы* — (1954 ж.) бұл жерге Абайдың республикалық әдеби — мемориалдық музейі орналасқан. *Кіндік Шолпан* — қыстау, қазір Кіндікті — Семей облысының Ақсуат, Көкпекті аудандары жеріндегі өзен. *Қарауыл биігі* — Семей обл. Абай ауданының орталығы, село. *Суықбұлақ* (жігіттектің Суықбұлағы) Семей облысының Шар ауданындағы қала типіндегі поселке, темір жол станциясы т. б.

Сондай-ақ, сол кездегі *Семей, Семипалатинск, Өскемен, Орал, Алматы, Омбы — Омск, Алтай, Балқаш, Бақанас* тәрізді топонимдер де бұл күнде бәз қалпында айтылуда. Жазушы эпопеяда жер-су аттарын тек оқиға желісіне арқау ретінде ғана пайдаланып қоймай, олардың саяси-әлеуметтік мәні мен халықтық ұғымға лайық мағыналық сырларына да ден қойып, кеңінен назар аударып, сипаттап отырғаны байқалады. Романның көптеген жерінде кейбір жер-су аттарының қойылу сырып, олардың нақты тұрағын, орналасқан шегін түсіндіріп отырғанын да жиі кездестіреміз. Мәселен, *Кандар сайы* — Тобықтының барымташылары асқан тоғайлы, шалғынды ұзын бір сайын «Кандар сайы» деп атаған<sup>4</sup>, *Күйметас* — Арқат тауының құзы, құздың биік басы мен төмені әдейі қырланған күймедей боп біткендіктен «Күйметас» деп аталатын<sup>5</sup>. *Қона* — Күйметастың шығыс жақ баурайындағы кең қоныс. Қона кең шалғынды, мол сулы, мөлдір бұлақты және тауға қараған төрінің көбі тал, терек, жасыл, өсем, жас тоғай<sup>6</sup>. *Тайлақбай* құдығы мол ауылға қоныс болғандай алқабы кең, ойдым-ойдым көгалы көп және суы да құдықтары да жеткілікті қоныс.<sup>7</sup> *Қаршығалы* сияқты қонысты Бөкеншіге жігіттен алып берген.

<sup>4</sup> Әуезов М. Абай жолы. Алматы, 1957. 4-т. 239-б.

<sup>5</sup> Сонда. 269-б.

<sup>6</sup> Сонда.

<sup>7</sup> Сонда. 4-т. 375-б.

Мөлдір сулы өзені бар, шалқия төстiген кең өзен<sup>8</sup>. *Қырғыз шаты* тоғайлы, өзен сулы, үлкен жақпар қия тасты бір терең сай. Осы тұсты «Кіші әулие» дейді<sup>9</sup>. «Қоңыр әулие» дейтін үлкен үңгір, Тасболат деген елдің қыстайтын мекеніндегі үлкен үңгір<sup>10</sup>. Шыңғыс сыртындағы өзен *Бақанас; Көксеңгір* — Шыңғыстың сыртындағы биік тау<sup>11</sup>. Шыңғыс сыртындағы өзен *Байқошқарға* дейін көшіп барыспақ, ол бұл өңірдегі тобықтының үлкен өзені<sup>12</sup>. *Боқай тауы* Өртеңнің күн шығысында, *Тоқымтыққан* — Өртеңнің сарша биігінің күншығысындағы көкшіл қонырқай тау<sup>13</sup>. *Жыланды* — Қызылқайнар тұсында. Ырғызбайдың қонысы<sup>14</sup> т. т.

Эпопеяда сол кездегі саяси-әлеуметтік тарихи жағдайлар, қоғамның әкімшілік құрылысы тереңнен суреттеледі. Бұл жөнінде Л. М. Әуезова: «1868 жылғы ереже бойынша, облыстар уездерге, уездер болыстар мен ауылдарға бөлінеді, бұлар да әкімшілік өлшем бірлігі ретінде алынып қаралды. Басқару үшін орыс облыстық және уездік әкімшілік орындары жүзеге асырды»<sup>15</sup>. Міне, осы жағдаймен байланысты тарихи оқиғаларды суреттеу, баяндау барысында жазушы эпопеяда әкімшілік-саяси терминдер мен сондағы болыстарды кеңінен атап отырған.

Эпопеядағы топонимдердің құрылымын лингвистикалық тұрғыдан жіктеу барысында, бұлардың да дәстүрлі үш жүйеге бөлінетінін көреміз.

#### 1. Бір құрамды топонимдері:

а) бір сөзден жасалған топонимдер: Аба-қала, Бура-Семейтау баурайында, Дөң — қоныс, Қона — қоныс, Сырт — өлке, Хап — биік, Шар — өзен, Шат — жер, Шор — Қарқаралыдағы жер, Машан — тау, Қапал — жер, Шаған — өзен т. б.,

б) туынды тұлғалы топонимдер: Аршалы — болыс, Арқалық-тау, Бөрім-жер, Борлы-тау, Бұғылы-тау, Бақты — жер, Дөғалаң — тау, Жыланды қоныс, Қоныс-жер, Миялы-қыстау, Жымба — жар, Көлдеген — жер, Кіндікті —

<sup>8</sup> Сонда. 1-т. 191-б.

<sup>9</sup> Сонда. 2-т. 242-б.

<sup>10</sup> Сонда. 2-т. 342-б.

<sup>11</sup> Сонда. 4-т. 251-б.

<sup>12</sup> Сонда. 1-т. 181-б.

<sup>13</sup> Сонда. 4-т. 321-б.

<sup>14</sup> Сонда. 1-т. 275-б.

<sup>15</sup> Әуезова Л. М. М. О. Әуезов творчествосында Қазақстан тарихының проблемалары. Алматы, 1977. 106-б.

жатақ, Көкпекті—округ, Қоғалы—жер, Шілікті—тұмсық т. б.

2. Екі құрамды яғни екі сөзден жасалған топонимдер: Ақшатау—жер, Ақжал—қоныс, Ақадыр—жер, Аяғаз, Ақшоқы—жер, Ақирек кең дала, Балтаорақ—жатақ, Белағаш—жер, Жидебай—қорық, Қазбала—қоныс, Қарасу—өзен, Қызылқайнар—қоныс, Қасбұлақ—адыр, Мол сулы қоныс, Найзатас—қоныс, Ойқұдық—дала, Сарыадыр—жота, Сарыкөл—көл, Талдыбұлақ—қонысауыл, Шұбарағаш—жер т. б.

3. Екі немесе үш сөзден яғни сөз тіркестерінен қойылған топонимдер: Бөкенші асуы, Есембай жырасы, Кең қоныс—жер, Ботақан ошағы—қоныс, Кіндік Шолпан—қыстау, Кіші Қасқабұлақ—қоныс, Үлкен Көксеңгір—жайлау, Қаршығалы Қопа—қоныс, Қара Ертіс, Қоңыр аулие—үңгір, Хандар сайы—сай, Тақыр қолтық—жер, Мұсақұл қорығы—қыстау, Есболаттың қара суы, Миялы Байғабыл жатағы, Сақтағалақ жатағы, Сыбайлас Қаршығалы өлкесі, Байқадам Сапақ жатағы т. б.

Эпопеядағы топонимдер құрамында әсіресе түспен байланысты атаулар жиі ұшырайды. Олардың ішінде *ақ, қара, сары, көк, қоңыр, қызыл* сөздерінің қосылуы арқылы жасалған топонимдердің мағыналық сипаттары алуан түрлі<sup>16</sup>. Эпопеяда Ақжал, Ақадыр, Ақшоқы, Ақтомар, Ақирек, Ақшәулі, Аққұдық, Ақтас, Көксеңгір, Көкше, Көкшетау, Қара Ертіс, Қарабиік, Қарабөктер, Қарасу, Қаратау, Қарашоқы, Қарабас; Қоңырқожа, Қоңыртай, Қоңыршәулі, Қоңыркөкше, Байқоңыр; Қызылжар, Қызылқайнар, Қызылтас, Қызылшоқы; Сарыарқа, Сарадыр, Саржазық, Сардала, Саркөл, Саржел, Сарқабак тектес топонимдер тобы бір лек. Бұлардың әрқайсысын жеке талдап, лексикалық мән-мағынасын ашуды мақала көлемі көтермейді.

Алайда кейбір топонимдердің этимологиясы көпшілік қауымды қызықтырары сөзсіз. Жоғарыда аталған *Қоңыр* сөзімен байланысты топонимдер Қазақстанның басқа да облыстарында бары мәлім. Мәселен, Қоңыр, Қоңыршәулі—Семей обл., Қарақоңыр—Шымкент обл. Қызылқұм ауд., Қоңыр және Қоңырөлең—Талдықорған обл.

<sup>16</sup> Бұл жөнінде айтылған ғалымдар пікірлері тілші қауымға көптен белгілі. Қараңыз: Кононов А. Н. О семантике слов Кара и ақ в тюркской географической терминологии//Изв. общественных наук АН ТаджССР. 1954. Вып. 5. С. 58.

Қапал және Панфилов аудандарында, Байқоңыр Жезқазған обл., Үшқоңыр—Алматы обл. Каскелең ауданында сондай-ақ Таулы Алтай автономиялық облысында да Қоңыр—Ат, Қоңыр—ой деген топонимдер кездеседі. Жоғарыда аталған қазақ топонимдерінің сыңарындағы қоңыр сөзін Е. Қойшыбаев: «Ылғанына қарағанда, топоним төркіні түркі немесе түркі-монғол тілдерінде бұрын болған, бірақ беріле жаңғырған өсімдік (от) атымен аталғанға ұқсайды»<sup>17</sup> дегенді айтады.

Қоңыр сөзі *ақ, қара, сары* сөздері сияқты көп мағыналы. 1. Қоңыр-күрең, нағыз қоңыр, қызыл күрең; 2. ауыспалы мағынасы мінез туралы/ жұмсақ, майда, тыныш, жуас. Тілімізде *қойдан қоңыр*—өте сабырлы, *қоңыр дауысты*—баяу үнді деген тіркестер де бар. Демек жер атының Қоңыр, Қоңырадыр, Байқоңыр аталуында белгілі мән бары—ол жерлердің қоңыр күрең немесе қызыл күрең тіптен сарғыш болуымен де байланысты болса керек.

Қарқаралы атауы жайлы да біраз пікір бар. Ш. Уәлиханов халық аңызына сүйеніп: «өзен жағасынан ұстап алған қалмақ қыздарының бас киіміндегі құс қауырсынын қарқара деп атапты қазақтар»<sup>18</sup> десе, Қарағанды облысындағы тау аты Қарқаралы туралы да жергілікті адамдар: «Қарқаралы тауында қыздың бас киімі жоғалып қалады. Ертеңіне осы таудың биік шыңы Жиренсақалға алыстан қараған жігіт қызға: «Шың сенің жоғалған қарқараннан аумайды» депті. Ал ғалымдар пікіріне жүгінсек, В. В. Радлов: 1. Қарқара қазақ, қырғыз тілдерінде құстың бір түрі—цапля. 2. Өзен аты дей отырып, қырғыз тілінде қыздардың бас киімдерінің төбесіне тағылатын қарқара құсының үлпілдек үкісін айтады<sup>19</sup> дейді. Осы пікірге сүйене келе ғалым А. Әбдірахманов Қарқаралы топонимін *қарқара (құс+лы)* туынды сын есім жұрнағы арқылы жасалуы әбден орынды деген болжам айтады.<sup>20</sup>

Е. Қойшыбаев: «Көне түркі қарқар (қар.) тұлғасына

<sup>17</sup> Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. Алматы, 1985. 170-б.

<sup>18</sup> Валиханов Ч. Ч. Собр. соч. Т. 1. Алма-Ата, 1985. С. 250.

<sup>19</sup> Радлов В. В. Опыт словаря тюркских наречий. СПб. Т. 2. Ч. 1. С. 190.

<sup>20</sup> Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. Алматы, 1978. 122-б.

каз.—лы қосымшасы жалғанған атау»<sup>21</sup> деп көрсетеді.

Біздің пікірімізше, Қарқаралы топонимі үш элементтен құралған қар + қара + лы деп қарауымыз керек. Оның бірінші сыңарындағы қар «аппақ қар» деген мағыналы сөз болса, екінші сыңардағы қара ~ *Хыра* сөздері түркі — монғол тілдеріндегі «шың», «тау», «қырат», «биік» деген мағынаны білдіреді. Сонда қарқара «қарлы биік тау» деген мағыналы сөз, оған молдықты, көптікті, жиынтық ұғымды білдеретін сын есімнің лы жұрнағы жалғанып «қары мол, қары көп биік тау» деген толық мағынаны беріп тұр. Қара сөзінің қосылуы арқылы жасалған топонимдер саны эпопеяда оншақты болғанымен Қазақстан жерінде жүз-жүздеп кездеседі. Бұндай атаулар саны Е. Қойшыбаев сөздігінде 130-ға жуық берілген.

Эпопеяда Қара Ертіс атауы бір-ақ рет қолданылыпты. Ертіс өзенінің бас жағы, Шығыс Қазақстанда Қара Ертіс аталатыны көпке аян. Осы тектес Каратау, Карадария, Қарақұм, Қараарша, Қараалаң тәрізді топонимдер де әр жерде кездеседі. Бұлардың бірінші сыңарларындағы қара сөзі «зор», «үлкен», «аса дәу» деген мағыналарды білдіретіні де көпке аян. Тіліміздегі *Қара күш иегі, қара аруақ, қара дәу* сияқты сөз тіркестерінің мағыналары да бұған ұқсас.

Эпопеяда Балқаш, Бақанас, Шығыс, Қалба, Қапал, Ертіс, Қасқабұлақ, Қокан, Омбы, Сарыарқа, Самарқан, Таңсық, Ұшқара т. б. топонимдердің этимологиясын мұқият зерттеу келешекте істелер жұмыстың бір саласы болмақ.

К. РЫСБЕРГЕНОВА

### Оңтүстік топонимдері құрамындағы көне формалар

Қазақстан топонимдері шығу, пайда болуы және дәуірі жағынан бірнеше топқа: көне, ортағасырлық және жаңа дәуірге бөлінеді.

Бұл мақаламызда кейбір топонимдер құрамындағы көне тұлғалы және сол тұлғалар арқылы жасалған то-

<sup>21</sup> Қойшыбаев Е. Аталған еңбек. 162-б.

понимдердің мағыналық жіктерін айқындауды мақсат еттік. Олардың семантикасы күңгірт, грамматикалық (жасалу әдісі) формалары кейде ұқсас келеді. Мысалы, Қарнак, Шорнак, Сығынак, Шұбанак, Ташанак, Жүйнек (Югнак), Шағалак, Ағалак, Қазмолдақ.

Құрылымы жағынан бұл топонимдерді екі компонентке (түбір, жұрнақ) бөлуге болады: Қар+нак, Шор+нак, Сыг(ы)+нак, Жүй+нек, Таша+нак, Шұба+нак, Шаға+лақ, Ал Қазмолдақ топонимі морфологиялық құрамы жағынан аталған топонимдерден ерекшелуі, ол жайлы төменде айтылады.

Бұл атаулардың бәріне ортақ компонент -лақ және варианттары -дақ/-дек, -нақ/неск жұрнақтары болғандықтан, ең алдымен осы жұрнақтардың басын жіктеп, талдауды дұрыс көрдік. -Лақ/-лек -дақ/-дек, -тақ/-тек, -нақ/-нек аффикстері қазіргі заман түркі тілдерінде кездеспейтін, немесе өте сирек кездесетін пассивтік тіл қорындағы өнімсіз жұрнақтар.

Аталмыш жұрнақтар көбіне жер атауларын жасауға қатысқан, қазіргі қазақ тіліндегі (және басқа түркі тілдерінде де) -лы/-лі, -ды/-ді аффикстерінің көне формасы боп есептеліп, сол жерде бір нәрсенің бар екендігін білдіретін жұрнақ.

Қырғыз топонимісі Қ. Қоңқабаев осы аффикске байланысты Э. Севортянның: «Табиғи заттар немесе адам еңбегі арқасында пайда болған заттар бар жер» деген анықтамасын келтіреді де былай дейді: «Бұл аффикс (-лақ) қазіргі қырғыз тілінде қолданылмайды. Бірақ оның варианттары бар, салыстырыңыз: таштақ «каменистый», құмдақ «песчаный».<sup>1</sup>

Қазақ ғалымы да қазіргі қазақ тілінде жоғарыдағы тастақ, құмдақ және саздақ сөздеріндегі -дақ, -тақ формаларының сақталуы да -лы варианты жұрнақтың арғы, көне түрі осы дақ, тақ болғанын дәлелдейтінін көрсетеді.<sup>2</sup> Өзбек топонимісі Л. Каримова біз тілге тиек етіп отырған көне атаулардың бірқатарын зерттеу барысында Шорнак топонимін морфологиялық тұрғыдан келесі компоненттерге бөледі: Чұр+ноқ (л+

<sup>1</sup> Қоңқабаев К. Топонимия Южной Киргизии. Фрунзе, 1980. С. 112.

<sup>2</sup> Абдірахманов А. Топонимика және этимология. Алматы, 1975. 133-б.

ақ). -Л а қ/-л оқ аффиксін өзбек тілінде кем қолданылатын тарихи аффикс деп қарайды да, ч а қ а л о қ, қ и з а л о қ, б у т а л о қ сөздерінің құрамындағы -л о қ аффиксі жоғарыдағы -л а қ/-л о қ аффиксіне омоним болып, еркелеу, кішірейту мағынасын білдіреді,— деген.<sup>3</sup>

Аталған ғалымдардың пікірлері негізінде бір-бірімен ұштасып жатыр десек те болады. -Л а қ жұрнағымен оның варианттарының якут тілінде өте дамығанын көреміз. Зерттеуші К. Ф. Гриценко өз мақаласында<sup>4</sup> якут тіліндегі -л а а х жұрнағы түбірде аталған нәрсенің бар екендігін білдіріп, есімнен сын есім жасайтындығын көрсетеді де якут тіліндегі және басқа түркі тілдеріндегі дауыстылардың үндесу заңымен прогрессивтік ассимиляция ықпалдарымен -л а а х аффиксі өз формасын өзгертіп, бір топ: -л о о х, -л о о х, -л э э х, -т а а х, -т о о х, -т э э х, -д а а х, -д о о х, -д э э х, -н а а х, -н э э х, -н о о х сияқты фонетикалық варианттарын тудыратынын айтады да мысалдар келтіреді: р. Ы л а г а н н а х «ылаған» — суставчатая трава без листьев, р. Х а т ы н г н а х «хатынг» — береза (салыстыр, қаз. «қайыңды»). Л. Каримова -л а қ аффиксінің -н а қ варианты жайлы былай дейді: -н а қ/-н о қ аффиксі қазіргі өзбек тіліндегі -л а қ/-л о қ морфемасының фонетикалық жағынан айырушы варианты болып Л>Н құбылысы нәтижесінде пайда болған, мұнда, л дыбысы н дыбысына айналған (сонор дыбыстар өзара алмаса береді: л э к и н/н э к и н, л а д а н/н а д а н<sup>5</sup>, (салыстыр, қаз. л а г ы н е т/и а ғ ы л е т).

Жоғарыда аталған топонимдер жайлы әлі күнге толық этимологиялық талдаулар жасалмағаны аян. Солардың кейбіреулерін этимологиялық тұрғыдан талдаудың мәні зор екенін ескере отырып, оларға жан-жақты тоқталуды жөн көрдік.

Оңтүстік өңірінің ең көп саналатын атаулардың бірі С ы ғ ы н а қ—Қызылорда облысында Төменарық темір жол станциясынан 8 км, Сырдария өзенінен 20 км қашықтықтағы көне қала орны. Ертеде гүлденген қыпшақтар мәдениетінің ошағы болған.

Сығынақ жайлы тарихи деректер ерте орта ғасыр

<sup>3</sup> Каримова Л. Узбек тилида топонимларининг урганилиши. Тошкент, 1982. 34-б.

<sup>4</sup> Гриценко К. Ф. Якутские топонимы на —лаах// Языки и топонимия Сибири. Томск. 1966. Вып. 1. С. 34—39.

<sup>5</sup> Каримова Л. Аталған еңбек. 69-б.

және орта ғасырларда кездеседі, соның бірі Махмуд Қашғаридың шығармасында: «Сугнак — гуздар еліндегі қала» — деп жазды. Бұл тарихи топонимнің жазылуы мен айтылуы әр кезде әр қалай кездескен: С ы ғ ы н а қ, С ы ғ н а қ, С у г н а қ, С у н а қ. Түрік тілінде с ы ғ ы н м а қ сөзі «жасырыну», с ы ғ ы н а қ «қорғаныс», «жасырылатын жер» дегенді білдіреді, ал азербайжан тілінде с ы ғ ы н а қ, с ы ғ ы н а ч а қ «жасырылатын қорғаныс, тығылатын жер», с ы ғ ы н м а қ «қорғаныс іздеу, тығылу» деген мағынаны білдіреді.

Ғалым А. Әбдірахмановтың пікірі былай: «С ы ғ ы н а қ қаласының аты мынандай бөліктерден тұрады: с ы ғ (сөздің түбірі «жасыру, тығу» деген мағынада М. Қашғарида бар) -ы н (өзіндік етіс жұрнағы «тығылу, жасырыну, қорғаныс ізлеу» деген мағынаны білдіреді), -а қ (етістіктен есімдік жасайтын жұрнақ) -с ы ғ ы н а қ «қорғаныс, бекініс» мәніндегі сөз. Екі қысан дыбыстың ортасындағы «ғ» дыбысы ұ, у дыбысына айналуына байланысты бұл атау С ы ғ ы н а қ (С ы н а қ) С у н а қ түріне айналған».<sup>6</sup>

Өзбек зерттеушісі Л. Каримова осы топонимнің С у в н о қ/С и ғ н о қ формасына этимологиялық талдау жасаған. Ол сөзді екі морфемаға бөліп: С у в—н о қ (-л о қ) деп қарайды. Л. Каримова осы жер атауының этимологиясын с у в, с у ғ сөздерімен байланыстырып, с у в н о қ сөзі түркі тілдерінде «өзен мен көлдердің мол суғару үшін қолайлы болған қолтығы» деген мағынаны білдіреді дейді де ары қарай: «Көне түркі тілдерінде с у в л а сөзі ең алдымен с у в л а қ мағынасында қолданылған. Соған қарағанда — қ аффиксі с у в л а формасына кейінірек жалғанған, қазіргі өзбек тілінде с у в л а сөзі кездеспейді дегенді айтады»<sup>7</sup>.

Сөйтіп топонимнің с у в н о қ вариантын негізге алып, оны кейінгі кезде қалыптасқан форма деп қарайды да этимологиясын с у, с у л а сөздерімен байланыстырады.

А. Әбдірахманов жер атауының көне формасын және фонетикалық деформацияға (өзгеріске) ұшырау процесінің схемасын былайша көрсеткен: С ы ғ ы н а қ<С у ғ н а қ/С у н а қ (мағынасы «қорғаныс, бекініс»). Біз осы пікірге қосыламыз. Қорыта келіп айтарымыз, С ы ғ ы н

<sup>6</sup> Әбдірахманов А. Аталған еңбек. 161-б.

<sup>7</sup> Каримова Л. Аталған еңбек. 72-б.

а қ сөзінің құрамындағы аффикс жоғарыда аталған -н а қ аффиксімен қатар қоюға болмайды, себебі бұл сөз морфологиялық тұрғыдан с ы ғ-ы н-а қ болып бөлінеді, сонда -н а қ жұрнағы топонимнің С ы ғ—н а қ/С у н а қ варианттарының құрамындағы аффикстің С ы ғ-н а қ/С у н а қ омоними болып табылады.

Ш о р н а қ топонимі Түркістан ауданындағы «Ленинизм» колхозының құрамындағы елді мекен. Бұл сөз қазіргі түркі тілдерінде осы қалпында қолданбайды. Құрылым жағынап топоним екі морфемаға бөлінеді: Ш о р (түбір), -н а қ (аффикс). Ш о р сөзі түркі тілінде ч о р «оралған шөп» мағынасында кездесе, Каримова оны қазіргі түрік тілінде «ағаш бұтағы» дегенді білдіреді дей отырып, Ш о р н а қ сөзінің мағынасын «оралған от», «көгал», «жайылым» — деген ұғыммен байланыстырады да және осы жер атауын екі мағынада қарайды: а) Ч ў р н о қ/Ш о р н а қ сөзі жайылым сөзінің синонимдік варианты; б) Ч ў р н о қ/Ш о р н а қ — соры бар, тұзды жер. Ш о р н а қ сөзі «шөп өскен жер» деген мағынаны білдіреді деп қорытындылайды Л. Каримова.<sup>8</sup> Зерттеушінің бұл тұжырымы біздің пікірімізше екі ұштылау. Ш о р — түркімен тілінде «тұзды, соры көп жер» дегенді білдіреді,<sup>9</sup> тіптен монғол тілінде ш о р «тұздылық» деген мағынада қолданылады<sup>10</sup>. Сондықтан, бұл жер атауын Ш о р н а қ/Ш о р л ы «тұзды, соры көп» деген мағынамен байланыстыру жөп сияқты.

Т а ш а н а қ Түркістан ауданы территориясындағы көне арық аты. Ол екі компоненттен құралған: Т а ш а (түбір) -н а қ (аффикс). Т а ш а сөзі түркімен тілінде «қоршау, шарбақ»<sup>11</sup>, монғол тілінде т а ш а л а х «қоршап тастау, қоршау»<sup>12</sup> дегенді білдірсе, қазіргі қазақ тіліндегі т а с а, т а с а л а у (оңаша) мағыналарына жақын.

Оңтүстік Қазақстанда ертеде, орта ғасырларда ирригация, суландыру системаларының орасан зор дамығанын археологиялық зерттеулер дәлелдейді. Әрбір канал, арық, көріз (көне жер асты каналы, Орта Азияда кені-

нен тараған) оазистің өмір арқауы саналған, олардың өз аттары болған.

Т а ш а н а қ атауы осы арықтың табиғи орналасу ерекшелігіне қарай «қоршалған немесе оңаша арық» деген мағыналармен байланысты сияқты.

Қ а р н а қ — Түркістан ауданындағы қазіргі Атабай ауылсоветінің бұрынғы аты. Бұл топоним жайлы тарихи дерек жоқтың қасы, тек М. Қашғари өз шығармасында екі мағынасын көрсеткен:<sup>13</sup>

1. Оғуз қалаларының бірі;
2. Қарны үлкен адам қарнақ (қарынды ер). Морфологиялық тұрғыдан топоним екі морфемаға бөлінеді: Қ а р (түбір) -н а қ (қосымша). Көне түркі сөздігінде қ а р түбірінің бірнеше мағынасы берілген<sup>14</sup>.

1. Қар — қолдың жоғарғы жағы, немесе қолдың нық пен білек арасында.

2. Снег — (атмосферный осадок), яғни қыста жауатын түсі ақ атмосфералық жауын-шашын.

3. Переливаться через край — ернеуінен асып-төгілу.

Өзбек ғалымы Каримова бұл сөзді қ а р (атмосфералық жауын-шашын), қ а р л ы, қ а р ы көп ж е р мағынасымен байланыстырады<sup>15</sup>. Зерттеушінің бұл пікірін жергілікті тұрғындар растайды және табиғи ерекшелігі де дәлелдейді. Және бір айта кететін жай, Л. Каримова жоғарыда аталған Қ а р н а қ, Ш о р н а қ, Ш ұ б а н а қ т. т. топонимдерді өзбек тілінің солтүстік говорының қыпшақ тобына жатқызады.

Зерттеушінің бұл пікірі дау туғызады. Біріншіден, аталған топонимдер көне, жалпы түркілік дәуірде пайда болғаны анық, мысалы, С ы ғ а н а қ қаласы жайлы ең алғашқы тарихи деректі Х ғасырға жатқызуға болады. Бұл жайлы Ә. Марғұлан: «Худуд — Аллем деген авторы белгісіз шығармаға негіздене отырып, профессор Якубовский — С ұ ғ н а қ немесе С ы ғ н а қ қала аттарымен қатар С у н а х а деген қала аты Х ғасырдың өзінде бар екендігін анықтаған»<sup>16</sup>, — дейді.

Сондықтан, бұл атауларды қазақ тілінің немесе өзбек тілінің меншігі деп қарау дұрыс емес. Қ а з м о л д а қ,

<sup>8</sup> Каримова Л. Аталған еңбек. 71-б.

<sup>9</sup> Туркменско-русский словарь. М., 1968. С. 738.

<sup>10</sup> Монголо-русский словарь. М., 1957. С. 657.

<sup>11</sup> Туркменско-русский словарь. М., 1968. С. 738.

<sup>12</sup> Монголо-русский словарь. М., 1957. С. 388.

<sup>13</sup> Қашғари М. Аталған еңбек. 1-т. 399-б.

<sup>14</sup> Древнетюркский словарь. Л., 1969. С. 602.

<sup>15</sup> Каримова Л. Аталған еңбек. 68—70-б.

<sup>16</sup> Марғұлан А. Из истории городов и строительного искусства Казахстана. Алма-Ата, 1950. С. 79.

Шағалақ топонимдерінің семантикасы күдірт, ал Қазмолдақ сөзі морфологиялық құрамы жағынан қиындық туғызады: Қазмолдақ, Қаз-молдақ па, әлде Қаз-мол-дақ па екендігі белгісіз. Біздің болжауымызша, бұл топоним екі түбір сөзден құралған Қаз-молдақ деген өсімдік атымен байланысты сияқты. Себебі қазмойын, қазтандай, қазтабан деген өсімдіктер бар. Ал молдақ компоненті майсау-молдақ деген өсімдік атында кездеседі.

Шағалақ топонимі де өсімдік атынан пайда болған сияқты. Шағалақ өзбек тілінде Чақалок «қалың тоғай, ну орман» деген мағынаны білдіреді.<sup>17</sup>

Сөз соңында айтарымыз, Оңтүстік Қазақстан, оның ішінде Сырдария, Шу, Талас, Арыс өзендері бассейндерінде көне формалы топонимдер көптеп кездеседі. Регионның көне жер атаулары, жалпы топонимикалық системасы жан-жақты комплексті (лексика-семантикалық, этимологиялық тұрғыдан) зерттеуді қажет етеді.

Әсіресе көне Отырар өлкесі мен Қаратау аймағының топонимдері тіл мамандары, тарихшылар мен географтарға құнды материалдар бере алады.

М. ҚОЖАНОВ

#### Манкыстау ауданы топонимдерінің мағынасы мен құрылымдық жүйелері

Манкыстау ауданы — Манкыстау облысының орталық бөлігінде орналасқан әкімшілік аудан. Жер көлемі — 64,3 мың км<sup>2</sup>, 1974 жылғы мәлімет бойынша халқының саны 28,2 мың. Ауданда 7 селолық, 3 поселкелік совет, 7 совхоз бар. Аудан орталығы — Шетпе қала типтес поселке. Осы мақалаға арқау болған ауданның Ақшымырау, Бозашы, Ильич, Комсомол, Куйбышев, Тұшықұдық, Октябрьдің 50 жылдығы атындағы совхоздардың жер-су аттары (топонимдері). Колдағы бар материалдарды (263 топоним) талдағанымызда ол атаулардың құрамында елді мекендер ғана емес, бұлақ, көл, өзен, сор, төбе, шабындық жерлерге тән топонимдер тобы бар

<sup>17</sup> Каримова Л. Аталған еңбек, 73-б.

екенін көреміз. Ол атаулар сол жердің табиғи байлықтары мен шаруашылықтары негізінде, табиғаттың тамаша көріністері мен жердің бет-бедеріне байланысты қойылып отырған. Қазақстан тарихында айтылғандай: «Қазақстанның әртүрлі аудандарын мекендеген тайпалардың материалдық мәдениетінің өзгешеліктері бәрінен де гөрі археологиялық ескерткіштер мен топонимика мәліметтерінен (жер аттарынан) айқынырақ көрінеді».<sup>1</sup> Бұл ретте Маңкыстау ауданы топонимдері де тілдік тұрғыдан зерттеу барысында құнды мағлұматтар берері сөзсіз. Белгілі бір жердің, болмаса өлкенің топонимдерін зерттеудің зор мәні барын ХІХ ғасырдың бірінші жартысында орыс ғалымы Н. И. Надеждин: «Топонимика жер тілі, ал жер — кітап, сол кітапта адамзат тарихы географиялық атауларда жазылып калған»,<sup>2</sup> — деген орынды пікір айтқан-ды.

Біз бұл мақаламызда Маңкыстау облысына тән топонимдерді түгел қамтымай, жоғарыда айтқанымыздай, тек Маңкыстау ауданы топонимдерін ғана сөз етеміз.

Маңкыстау және Маңғышлақ топонимдерінің шығу, пайда болу тарихы мен мән-мағынасы жайлы ғылыми топшылаулар мен азды-көпті деректер тарихи әдебиеттер мен кейбір ғалымдардың мақалаларында біраз сөз болған.

Маңкыстау/Маңғышлақ жайлы алғашқы мағлұмат антик авторлар Геродот пен Страбон және араб ғалымдары мен саяхатшыларының еңбектерінде айтылады. Аль-Истахри, Ибн Русте тәрізді араб географтары бұл Маңғышлақ өңірін *Сиякух* өлкесі деп атаған.<sup>3</sup> Бұл атаудың парсы тіліндегі мағынасы — «қарасу».

Біздің байқауымызша, ертедегі авторлар *Сиякух* атауының жергілікті тілдегі, өзіндік ұғым-мағынасына ғана назар аударған сияқты. Өйткені бұл өңірдегі Қаратау аталатын тау тізбектері Манкыстаудың белортасын ала үстірттің батысынан шығысына қарай көлбей созылып жатыр.

ХІІІ ғ. басында өмір сүрген араб саяхатшысы Якуб өз еңбегінде: «*Сиякух* — Қаратау деген мағынаны білді-

<sup>1</sup> Қазақ ССР тарихы. Алматы, 1957, 1-т. 195-б.

<sup>2</sup> Надеждин Н. И. Опыт исторической географии русского мира: Библиотека для чтения. СПб., 1837, Т. 22, Ч. 2, Отд. 3, С. 28.

<sup>3</sup> Материалы по истории туркмен и Туркмении. VII-XV вв.: Арабские и персидские источники. Т. 1. М.; Л., 1938. С. 150, 169.



реді. Осы Сиякух пен Маңқыстау атауларының көне тұлғасы Маңғышлақ»,<sup>4</sup> — деп жазды.

Маңғышлақ атауы XI ғ. Махмуд Кашғари<sup>5</sup>. XIII—XIV ғасырлардағы араб-парсы ғалымдары Ибн Наджиб, Ибн Аль-Асир,<sup>6</sup> Рашид-ад-дин<sup>7</sup> және Ибн Фадлаллах Аль Омари<sup>8</sup> еңбектерінде және кейінгі дәуірлердегі Орта Азия мен Европа ғалымдары еңбектерінде<sup>9</sup> үнемі кездесіп отырады.

Маңғышлақ/Маңқыстау атауының шығу төркінін зерттеген А. Вамбери оның маң сыңарып мың сөзімен байланыстырып қарайды да, оны Мыңқыстау деген атаудан өзгерген болу керек деп түйеді<sup>10</sup>.

В. Н. Никонов проф. А. Семенов пікіріне сүйеніп, бұл атауды «Манктер қыстауы» (ноғай тайпаларының бірінің аты) деп қараса, Ғ. Мұсабаев *ман* сөзін түркі тілдеріндегі қой сөзімен салыстырады.<sup>11</sup> М. Тұрсынова мен Е. Өмірбеков жоғарыдағы пікірлерді толығымен келе Маңғышлақ атауындағы *ман* сөзі «үлкен, бай қыстау» деген мәнді білдіреді<sup>12</sup> дейді. Жоғарыда аталған пікірлерді пайымдай келе өз тарабымыздан айтарымыз — Маңқыстау атауы Ноғай тайпасы *мангыт* атымен байланысты болса керек. Өйткені Маңғыттағ атауындағы екінші сыңар *тағ* сөзі қазіргі тіліміздегі *тау* сөзінің көне формасы болса, *мангыт* сөзінің соңғы *t* дыбысы *s/sh* дыбыстарымен алмаса берсін. Олай болса маңгыт сөзінің схемасын: *маңгыт > маңгыс > маңгыш* деп танып, Маңгыт/Маңгыстау атаулары өзара байланысты деп білеміз.

<sup>4</sup> Сонда, 424, 435-б.

<sup>5</sup> *Кашғари М.* Дугат-ит-турк. Тошкент, 2-т.

<sup>6</sup> Материалы по истории туркмен и Туркмении. VII—XV вв.: Арабские и персидские источники. Т. 1. М.; Л., 1939. С. 349, 384.

<sup>7</sup> Рашид-ад-дин. Сборник летописей. Т. 1. Кн. 2. М.; Л., 1952. С. 213.

<sup>8</sup> См.: Бартольд В. В. Сведения об Аральском море и низовьях Амударьи с древнейших времен до XVII в. // Изв. Туркестанского отд. ИРГО. Вып. 2. Т. 4. СПб. С. 57.

<sup>9</sup> Материалы по истории туркмен и Туркмении. XVI—XIX вв.: Иранские, Бухарские и Хивинские источники. М.; Л., 1939. Т. 2. С. 159—378.

<sup>10</sup> *Вамбери А.* Путешествие по средней Азии. СПб., 1865. С. 160.

<sup>11</sup> *Мұсабаев Ғ.* «Маңқыстау» сөзінің семантикасы // Изв. АН КазССР. Сер. филол. Вып. 4. № 29, С. 37—38.

<sup>12</sup> *Тұрсынова М.* Қазақ Маңғышлақ во второй половине XIX века (вопросы социально-экономической и политической истории). АКД. Алма-Ата, 1967. С. 3.

Аудан топонимінің 230 атауы құрылысы жағынан алғанда бір сөзден және екі сөзден келеді, ал үш сөзден жасалған топонимдер тіптен жоқ деуге болады.

Бір сөзден қойылған топонимдер сан жағынан алғанда тым аз. Оларды іштей екі жікке бөлеміз.

1. Атау тұлғада келіп жасалған топонимдердің барлық саны — 59. Мысалы: *Уа* — жер аты, *Иір* — жер аты, *қора*. *Бас* — жер аты, *Шаға* — жер аты, *су* аты, *Бәж*, *Кәрі* — жер аттары, *Ұсақ*, *Нар*, *Кумірә*, *Қәді* — жер аттары т. б.

2. Атау тұлғалы формасына жұрнақтардың жалғануы арқылы жасалған топонимдер. Бұндай топонимдер саны — 31. Мысалы *Ағалық* — жер аты. *Емді* — үсті жазық биік тау, *Айрақты* — тау, *Сүлікті* — бұлақ, *Селеулі*, *Жиделі* — жер аттары, *Сазды* — ферма орталығы, *Жыңғылды-пос.*, *с/з* орталығы т. б.

Екі сөзден жасалған топонимдердің бірінші сыңары анықтауыш тұлғалы сөз болады. Бұл топтағы топонимдерді бір-бірімен мынандай жолдармен көрсетуге болады.

1. Негізгі сын есімге географиялық терминнің қосылуы арқылы жасалған топонимдердің барлық саны — 30. Мысалы *Қарасай* — жер аты, *Ақжар* — жер аты, *Қарашымырау* — құдық, *Жырықбұлақ* — бұлақ, *Ақеспе* — өзен, жер аты, *Тұшықұдық* — село, *с/з* орталығы т. б.

2. Зат есімнен соң географиялық терминнің келуі арқылы жасалған топонимдер. Бұлар сан жағынан алғанда аз. Барлығы — 21. Мысалы: *Ауызорна* — жер аты, *Есекжар* — жер аты. *Жыңғылсай* — сай, *Тышқанқұм* — жер аты т. б.

3. Негізгі сапалық сын есімге зат есімнің қосылуы арқылы жасалған топонимдер саны — 31. Мысалы: *Қаранар* — жер аты. *Жаңғызағаш* — су аты, *Сеңгірқұм* — құм аты, *Қарабатыр* — жер аты, *Қарақыз* — жер аты, *Қызылтам* — жер аты т. б.

4. Сан есімге зат есімнің жалғасуы және сын есімге географиялық терминнің қосылуы арқылы жасалған топонимдер материалда өте аз кездеседі. Мысалы: *Үшауыз* — жер аты, *Үшкөң* — жер аты, *Үшмерген* — бұлақ, *Төртқұдық* — құдық, *Бесбұлақ* — бұлақ, *Бесшоқы* — тау, *Бесқұдық* — жер аты, *Жетітөбе* — жер аты, *Мыңкісі* — жер аты т. б.

5. Зат есімге *лы/лі*, *ты/ті* жұрнақтарымен бірге гео-

графиялық жалпы есімдерге қабысуы арқылы жасалған топонимдер. *Шіліктісай* — сай, *Еспелісай* — жер аты, *Көңдіқұдық* — құдық, *Боқтысай* — қора аты, *Сулықалы* — жер аты т. б.

6. Зат есімдердің ілік септікте және тәуелдік жалғауының 3-жағында тұрып тіркесуі арқылы жасалған топонимдер: *Жомарттың жазығы* — жер аты, *Шәкім тақтасы* — жер аты, *Отыншының жары* — жер аты, *Тұздың соры* — сор т. б.

7. Материалда аз да болса, екінші сыңары етістіктен жасалған топонимдер: *Қуманкөмген* — жер аты, *Жоласқан* — құм аты, *Ешкіөлген* — жер аты, *Иткелді* — су, жер аты т. б.

Етістіктен жасалған топонимдер басқа тілдерге қарағанда түркі тілдерінде өте жиі болатын құбылыс екенін Г. И. Донидзе атап көрсетсе,<sup>13</sup> О. А. Султаньяев оның пікірін нақтылай түсіп, етістіктен жасалған топонимдерді ономастикаға тән құбылыс деп қарайды<sup>14</sup>.

Екі құрамды топонимдерде бұлардан басқа зат есім мен зат есім (*Мылтықүй* — жер аты, *Қабырғабауыр* — жер аты, *Күмісана* — жер аты), сын есім мен сын есім (*Көкала* — жер аты), зат есім мен сын есім (*Елбиік* — жер аты, *Құлқара* — жер, су аты) кездеседі.

Екі құрамды топонимдердің жасалу жолдарына қарай топтауда көзге түскен ерекшелік — Қаспий жағалауында орналасқан Гурьев, Маңкыстау облыстарының кейбір аудандарын (Маңкыстау ауданымен) салыстырғанда орыс атаулары өте сирек келетінен байқадық. Сондай-ақ, *құдық* терминіне байланысты қойылған атаулардың тарихы туралы өз пікірлерін білдірген ғалымдардың бірі Маңкыстау облысының халық шаруашылығын зерттеген ғалым Ф. А. Михайлов: «Күмді жердегі әрбір құдық, әрбір адамның жеке семьяның өмір тіршілігінің көрінісі»<sup>15</sup> десе, В. А. Никонов: «Шығыста құдықтар жолаушылар үшін қандай маңызды болса, олардың атаулары да көптеген құпия сырға ие»<sup>16</sup> деп жазды. Үш сөзден

<sup>13</sup> Донидзе Г. И. Глагольные топонимы в тюркских языках// Топонимика Востока. М., 1964. С. 84.

<sup>14</sup> Султаньяев О. А. Из наблюдений над глагольными названиями Кокчетавской области// Филологический сборник. Алма-Ата. 1967. Вып. 6—7. С. 430.

<sup>15</sup> См.: Турсунова М. Из истории казахов Мангышлака в первой половине XIX века// Тр. ин-та истории, археол. и этнографии АН КазССР. Алма-Ата. 1961. Т. 2. С. 175.

<sup>16</sup> Сб.: Микротопонимия. М., 1967. С. 5.

біріккен топонимдер бұл маңайда аз кездеседі. Олар: *Қаражанбас* — жер аты, *Аманқызылит* — жер аты, *Сұратсойған* — жер аты, *Тауасорқоңырдағы* — жер аты.

Жоғарыдағы екі құрамды және үш құрамды топонимдердің құрылысын; зат есімді шартты түрде — А, сан есімді — Б, сын есімді — В, етістікті — Н деп таңбаласақ, онда мынандай модельдер шығады.

Жалпы модель (анықтауыш+географиялық термин)	модель	мысалдар
Ж+А+Т	A+A	Есекежар, Шұқырой, Төбеқұдық т. б.
	A+B	Елбиік, Құлқара
	B+A	Қарасай, Ақорпа, Ақжар т. б.
	B+A	Үшмерген, Бесшоқы, Мыңкісі т. б.
	B+A—H	Сұратсойған
	A+B—A	Аманқызылит
	B+A—A	Қаражанбас

Қазақ халқының Ұлы Октябрь революциясына дейінгі өткен өмір жолына қарасақ, көшпелі болғандығы, әсіресе, мал шаруашылығымен айналысқаны тарихтан белгілі. Олай болса, аудан топонимінде өсімдік, жәндік т. б. әртүрлі жануарларға байланысты атаулардың атымен аталуы кездейсоқ құбылыс емес. Жануарларға байланысты атаулардың Қазақстан топонимдеріндегі орны жөнінде ғалым Н. И. Баяндин: «Бұл атаулардың бәрі кездейсоқ қойылмаған. Олар қазақ халқының көшпелі өмірі, малшаруашылық кәсібі, жалпы халық тарихымен тығыз байланысты»<sup>17</sup>, — деп жазды.

Жоғарыдағы пікірді қуаттай отырып, материалдардағы атауларды мағыналық жақтарынан былайша классификациялауға болады.

1. Адам аттарына байланысты: Барлығы — 25. Мы-

<sup>17</sup> Баяндин Н. И. О некоторых казахских географических названиях Восточного и Центрального Казахстана // Вестник АН КазССР. 1949. № 4 (49). С. 85.

салы *Оразилыбұлақ* — бұлақ, *Сүңгірбұлақ* — бұлақ, *Ниязқожа* — жер аты, *Дәрмен* — құдық т. б.

2. Жануар, жәндік және құс аттарына: Барлығы — 17. Мысалы *Айғыржал* — жер аты, *Түйесу* — жер аты, *Сүлікті* — бұлақ, *Шіліктісай* — сай т. б.

3. Өсімдік, шөпке байланысты қойылған атаулар сан жағынан аз. Олар: *Жыңғылсай* — сай, *Селеулі* — жер аты, *Жыңғылды* — пос., с/з орталығы, *Жиделі* — жер аты, *Шилі* — жер аты, *Қарашағыр* — жер аты, *Долана* — жер аты т. б.

4. Айнала қоршаған ортаның әртүрлі белгілеріне және ландшафт пен рельефке, қазба байлықтарына байланысты қойылған атаулар: Бұлар — 66. Мысалы: *Төбеқұдық* — жер аты, *Ақжар* — жер аты, *Шұқырой* — жер аты, *Қызыл там* — жер аты, *Кеңсай* — сай т. б.

5. Діни ұғымға байланысты атаулар: *Қызылаулие* — жер аты, *Балаәулие* — жер аты т. б.

Қорыта келгенде, Маңқыстау аудан топонимінің құрлысын бір құрамды және екі құрамды деп танып, олардың көпшілігі зат есім, сын есім мен сан есімнен жасалағынын, ал мағыналық жағынан топонимдер тек адамдарға ғана қатысты емес, сонымен қатар географиялық реалдықты да білдіреді.

Аудан топониміндегі еркіндік — *орпа*, *құдық*, *еспе* терминдермен келетін атаулардың, яғни, әрбір совхоз территориясында жиі келуі (Мысалы: *Тасорпа*, *Ақеспе*, *Тасқұдық* ж. т. б.), сондай-ақ зерттеліп отырған ауданда ғана емес, Қазақстанның барлық жерінде кездеседі. Мысалы: *Ақсу*, *Қарасу*, *Қарағайлы* т. б. Жалпы жер-су атауларының қайталануы туралы О. А. Султаньяев мақаласында<sup>18</sup> жан-жақты сөз етілгендіктен, бұл жерде қайталап жатпадық.

Маңқыстау ауданының топонимін тілдік тұрғыда жан-жақты зерттеп, бұдан да гөрі тереңірек толғамдар мен ғылыми теориялық байламдар айту келешектің міндеті деп білеміз.

\* *ЕСКЕРТУ*: Бұл жердегі Тасқұдық атауының беретін мағынасы «тастан өрілген құдық», ал Теңіз ауданындағы ТАСҚҰДЫҚ атауының беретін мағынасы «тайыз».

<sup>18</sup> Султаньяев О. А. Именные конструкции в казахской топонимике Кокчетавской области // Вопросы топонимистики. Свердловск, 1967. № 49. Вып. 3. С. 68.

## II. АНТРОПОНИМИЯ

А. ИБАТОВ

### Кісі аттарының құрылым жүйесі

(XIV ғасырдағы жазба ескерткіштері бойынша)

Орта түркі дәуіріне тән жазба ескерткіштер сан жағынан аса көп емес. Олар жазылған мерзімі жағынан X мен XIV ғасырдың арасын алып жатады. Бұл бес ғасырға тән ескерткіштердің бәрін бірдей қамтып, олардағы кісі аттарын түгел тізбектеп, құрылымы жағына тәптіштеп, талдау жасау шағын мақала көлеміне сыйа-тын іс емес. Сол себепті біз бұл дәуірдегі ескерткіштердің ішінде тек Египет пен Алтын Орда аймағында жазылған ескерткіштер тіліндегі кісі аттарының құрылым жүйесіне талдау жасаймыз.

XIV ғасыр жазба ескерткіштеріндегі кісі аттарының құрылымы басқа да алуан түрлі сөздер сияқты негізгі және туынды сөздер түрінде қолданылған. Мысалы, олардың бір тобы ешқандай қосымшасыз айтылған негіз сөздер болып келсе, бір тобы әртүрлі сөз тудырушы жұрнақтар немесе функциональді-грамматикалық аффикстер арқылы жасалған туынды сөздер (туынды негіздер), немесе біріккен сөздер түрінде күрделеніп айтылған. Сөйтіп сыртқы морфологиялық тұлғаларына қарағанда, іштей жалаң және күрделі болып, екі жікке бөлініп жатады.

Жалаң түрде айтылған кісі аттары: Ахмад, Асан, Баһрам, Иса, Омар, Осман, Давид, Ділшад, Жәмшід, Ибраһім, Йусуф, Қутб, Ләйлі, Мәжүн, Махмуд, Мәлікә, Мәриам, Мухаммад, Нушақван, Низами, Рустам, Сұлғайман, Сікәндәр, Фархад, Тәмір, Хәліл, Хасан, Хурмуз, Хусайн, Хусрау, Шавур, Шәкәр, Шірвіһа, Шірін және Адүгү, Бәкіш, Тоқтамыш сияқты болып келеді. Дегенмен, сырт қарағанда жалпы көрінісі жалаң болып

келсе де, бұл кісі аттары өз арасында ешбір қосымшасыз айтылған есімдер және қосымшалы туынды есімдер болып ажырасады.

Қосымшасыз есімдер **Ахмад, Құтб, Хусрау, Тәмір, Рустам, Шірін Шәкәр**, т. б. сияқты жалаң түрде келсе. Туынды есімдер **Адүгү (Адүгү), Бәкіш (Бәкіш), Тоқтамыш (Тоқтамыш)** сияқты болып, негізгі тұлғаларға әртүрлі аффикстер қосып айту арқылы жасалған аттар түрінде кездеседі.

Күрделі түрде айтылған кісі аттары: **Алтынбоға, Бекбулат, Бекхажы, Бахманчүрі, Саинхан, Тәмірбулат, Гәвһармүлік, Мүһінбану, Тулухожа, Хажыбайрам, Қутлубуға, Тәмірқутлуғ, Турдуқчақберді** сияқты екі сөзден құралған біріккен сөздер түрінде кездеседі. Олар да құрлысы жағынан біркелкі емес. Мысалы: **Алтынбоға (алтын-боға), Бекбулат (бек-булат), Бекхажы (бек-хажы)**, т. б. сияқты есімдер ешбір қосымшасыз айтылған негізгі сөздерден құралса, **Қутлубуға (қут-лу+буға), Тәмірқутлуғ (тәмір-қут+луғ), Турдуқчақберді (тур-ду-чақ+берді)** деген кісі аттарының құрамындағы сөздердің не бірінші компоненті, айталық, **Қутлу (қут-лу)**, не екінші компоненті — **қутлуғ** (Тәмірқутлуғ дегендегі), немесе екі бірдей компоненті **Тур-д-у-ч а қ және Бер-ді** (Турдуқчақберді дегендегі) сияқты қосымшалы туынды сөздер болып келген.

Демек, бұл келтірілген материалдарға қарағанда, XIV ғасыр жазба ескерткіштеріндегі кісі аттары сыртқы түр-түрпаты жағынан жалаң және күрделі болып келуімен қатар, құрылымы жағынан әр алуан болып айтылған. Бұл жерде әсіресе ерекше көзге түсетін есім — **Турдуқчақберді**. Бұл есім — өзінше бір жеке сөйлем.

**Турдуқчақберді** есімі **Турдуқач** және **берді** деген екі сөзден құралған. **Турдуқач** сөзі құрамы жағынан **тур-** деген негізгі морфема мен **-ду және -чақ** деген қосымша морфемалардан құралған. **Берді** сөзі де екі бөлшектен: **бер** түбір етістігі мен **-ді** өткен шақтың функциональді-грамматикалық аффиксінен құралған. **Турдуқач** дегендегі **-ду (тур-ду)** мен **Берді** дегендегі **-ді** — бір жұрнақ. Ал **-ч а қ** қазіргі қазақ тіліндегі көптеген сөздердің құрамында кездеседі.

Қазіргі қазақ тіліндегі кішірейткіш **-шақ, -шек, -шық, -шік; -ша, -ше** жұрнақтарының мағыналық ерекшеліктерін сипаттай келе, профессор К. Жұбанов

**-шақ** жұрнағы жөнінде: «Самым характерным является суффикс уменьшительности **-шақ** (в смягченном оформлении **-шек** с редуцированными гласными **-шық, -шік**, в усеченной форме **-ша, -ше**), наличный в формах: **құлын-шақ** — ласкательная форма от основы **құлын** (жеребенок); **келін-шек** (невестка, молодая женщина) от основы **келін** (невестка, сноха); **қапшық** (мешочек) от **қап** (мешок); **ершік** (седло) от **ер** (седло); **өгіз-ше** (бычок) от **өгіз** (бык); **інген-ше** (молодая верблюдица) от **інген** (самка верблюда); **ата-ша** (молодой верблюд-мерин) от **ата** и (верблюды-мерин) и т. д.

Я не сомневаюсь в том, что суффикс уменьшительности **-шақ** (как и его фонетические разновидности) восходит к слову-имени **шаға** (ребенок, дитя), сохранившемуся в казахском лишь в составе синонимического повтора **балашаға** (детвора), но зато бытующему в значении «дитя» по сей день в южных языках: туркменском, азербайджанском и др.»<sup>1</sup> деген.

Автор өзінің осы айтқан ойына шәлкес келетін нәрсе **шаға** сөзінің соңында а дыбысының артық айтылуы екенін ескерте келе, оның қазақ тіліне тән ерекше фонетикалық заңдылық екенін монғол тіліндегі **аяға** сөзінің қазақ тілінде **аяқ**, **ере** сөзінің **ер** болып айтылуында **а, е** дыбыстарының түсіп қалатынын ескерту арқылы дәлелдейді.

**-шақ** жұрнағы көне түркі жазба нұсқаларының тілінде **-чық, -чік; -чук, -чүк** түрінде: **оғланчық** «мальчѐнка», **бакачук** «лягушонок» (ДТС, 650); орта түркі ескерткіштері тілінде **-ч а қ, -чік, -чүк** түрінде: **балтачақ** (кішкене балта) қолданылады.

**-шақ** аффиксінің шығу тегі жайлы айтылған көптеген пікір бар. Мысалы, Ж. Дени мен Э. В. Севортян оны **чақ** («количество», «время», «возрасть») <sup>2</sup> уақыт, мезгіл, шаманы білдіретін **шақ** сөзімен байланыстырады. А. фон Габеннің <sup>3</sup> айтуынша **-шақ** аффиксы **-ч+ақ** деген екі кішірейткіш жұрнақтан құралады. М. Хаби-

<sup>1</sup> Жұбанов К. Исследования по казахскому языку. Алма-Ата: Наука. 1966. С. 60.

<sup>2</sup> Севортян Э. В. Аффиксы именного словообразования в азербайджанском языке. М., 1966. С. 100—103.

<sup>3</sup> Ogobain A. von. Die Sprache des Codex Cumanicus. «Philologische Turcicae Fundamenta», Tomus Primus. Wiesbaden, MCMZJX. С. 56.

чев бұл аффикстің қарачай-балқар тіліндегі -чакь, -джакь, -чек, -чыкь, -чик, -джик, -чукь, -джук, -чюк, -джюк варианттарын құмық тіліндегі -чак, -чан, -чык, -чек, -чик, -чук; қарайым тіліндегі -чак, -чак, -чык, -чяк, -чек, -чюк, -чек, -чюк, -чык, -цык, -чух, -цук; қырым татарлары тіліндегі -чакь, -джакь, -чек, -чик, -джек, -джыкь, -чикь және орта түркі, көне түркі жазба ескерткіштері тіліндегі -шак аффиксінің фонетикалық варианттарымен салыстыра келіп: «карачаево-балкарские варианты стоят особняком: они соединили в себе черты как куманского, так и булгарского и огузского языков. Ближе стоят к карачаево-балкарскому языку куманский и караимский языки, за ними следуют кумыки, древние тюрки и кыпчаки».<sup>4</sup>

Ал, қазақ тіліндегі -шак жұрнағы жоғарыда аталған түркі тілдері мен жазба ескерткіштері тіліндегі жұрнақтардан -ша, -ше түрінде айтылған қысқарған тұлғаны қолдануы арқылы ерекше тұрады.

-шак жұрнағы сияқты шығу тегі қызғылықты аффикстердің бірі — Тоқтамыш дегендегі -мыш жұрнағы. Бұл жұрнақ қазіргі қазақ тілінде айтылмай, сезілміш тәрізді сөздердің құрамында болмаса, өте сирек қолданылады. Ол жұрнақтың міндетін Өтеген (Өтеген), Төлеген (Төлеген) дегендегі -ген жұрнағы атқарып кеткен. Тіпті Тоқтамыстың өзі қазіргі кезде Тоқтаған (Тоқтаған) деген формамен ауыстырылып, бұрынғы дағдыдан алшақтаған.

Кісі аттарының құрамында кездесетін -лу (Ку-лу), -ду, -ді (Тур-ду, Бер-ді) жұрнақтарының сөздің морфемалық жүйесіндегі алатын орын тәртіптері жағынан ерекше көзге түсетін жәйттері бар. Мысалы, аглютинативті түркі тілдерінің ішкі заңдылығы бойынша сөз құрамындағы негізгі морфемалар (түбірлер мен түбір-негіздер) сөздің бас жағында, одан соң сөз тудырушы жұрнақтар, ары қарай сөз түрлендіруші, сөзді байланыстырушы қосымшалар болып орналасуы қажет. Ал, Турдучак (Тур-ду-чак) деген кісі атында осы жүйенің мүлде басқаша болып құралғанын көреміз. Бұл сөздің құрамында түбір морфемадан кейін сөз тудырушы жұрнақ емес, сөз түрлендіруші -ду жұрнағы орналасқан, ал сөз тудырушы -чак жұрнағы сөздің ең соңына ауысқан.

<sup>4</sup> Хабичев М. Карачаево-балкарское именное словообразование. Черкесск, 1971. С. 152.

Дегенмен, қосымша морфемалардың бұлайша орын ауысып айтылуы түркі тілдеріне, соның ішінде қазақ тіліне жат құбылыс емес. Мұндай қолданыстар қазіргі қазақ тіліндегі алғанша (ал-ған-ша), көргенсіз (көр-ген-сіз), қолдағы (қол-да-ғы) сияқты сөздердің құрылу жүйесінде өте жиі қолданылып жүрген заңдылықтардың алғашқы кездегі көріністерінің бірі болса керек.

Сөз құрамындағы морфемалық бөлшектердің бұлайша орын ауысып айтылуы көне түркі жазба ескерткіштерінде йолтақы (йол-та-қы) «находящийся на дороге» (Мал. 190); евдәкі (ев-дә-кі) «находящийся в доме» (ДТС. 664); алқыш болмағынча (болма-ғын-ча) «так как не было хвалы» (Мал. 189); еліг тутғынча (тут-ғын-ча) «чем позать руку» (ДТС. 653) сияқты болып қолданылған. Бұған қосымша көне түркі ескерткіштері тілінде -тынқы, -тінкі; -дыңқы, -дінкі формалары да айтылған: бастынқы (бас-тың-қы) «передний». «начальный» (ДТС, 665).

Орта түркілік XIV ғасыр жазба ескерткіштерінде бұл қолданыстардан басқа -са жұрнағына байланысты нормадан тыс Ү-ды-м-са, Ү-ды-ң-са, Ү-ды-са; Ү-ың-са; Ү-са-ды, Ү-са-ң-ан, Ү-са-лар, Ү-са-м-ән, Ү-са-быз, Ү-са-мыз сияқты құрылым жүйесінде айтылған сөздер де кездеседі: болдымса (бол-ды-м-са), болсады (бол-са-ды), болсамән (бол-са-мән), т. б.

Сонымен қорыта айтқанда, XIV ғасыр жазба ескерткіштеріндегі кісі аттарының құрамы жалаң (негіз-түбірлер мен туынды негіздер) және күрделі (біріккен сөздер) болып айтылған. Құрамдық бөлшектерінің құрылымдық жүйесі жағынан, негізінде, сөз басында негізгі морфемалар, одан соң қосымша морфемалардың алдымен сөз тудырушы жұрнақтары, одан кейін сөз түрлендіруші жұрнақтары, сонында сөзді байланыстырушы жұрнақтары орналасып айтылған. Кейбір кісі аттарында сөзді түрлендіруші функциональді-грамматикалық жұрнақтар сөз тудырушы жұрнақтардың алдында да айтылған. Осының нәтижесінде кісі аттарының морфемалық бөлшектерінің құрамында екі түрлі жүйе болған: бірі—түбір морфемаға қосымша морфемалардың сөз тудырушы +сөз түрлендіруші+сөз жалғастырушы қосымша болып қосылуы; екіншісі—түбір морфемаға қосымша морфемалардың сөз байланыструшы+сөз тудырушы қосымша жүйесімен қосылуы.

### III. ЭТНОНИМИЯ

Т. ЖАНУЗАҚОВ

#### Қазак этнонимдерінің құрылысы мен сипаттары

Этнонимдер әрбір дәуірдегі қоғамның даму барысын, оның идеологиялық жағдаяттарының тарихи көрінісін, тілдік негізін білдіріп отыратын құнды материал болып табылады. Сондықтан да ол тарих, этнография және лингвистикалық тұрғыдан жан-жақты зерттеуге қатысы бар бай мұра бола алады.

Адамдар өмір сүрген алғашқы қоғам пайда болғаннан бері олардың басын қосып, тұрақты бір топқа ұйыстырған қоғамдық байланыстардың (алғашқы қоғамдағы коллектив, этнографиялық топтар, әлеуметтік таптар т. б.) өмір сүргені ертеден-ақ тарихтан мәлім. Сол бір тарихи кезеңдердегі қоғамдық бірлестіктердің алғашқы формасы ру, тайпа болғанын көреміз. Айтып отырған сол рулық, тайпалық бірлестіктердің таптар пайда болғанға дейін өткені, ал халық пен ұлттың қоғамның өсіп-дамуы нәтижесінде келіп шыққаны бұл күнде басы ашық, айқын мәселе.

Ру, тайпа, тайпалық одақ, халық және ұлттың шығу, қалыптасып даму кезеңдері — теориялық және практикалық мәні ерекше, тарихи-этнографиялық әрі философиялық ірі проблемалар.

Белгілі бір халықтың этникалық құрамын және генезисін анықтау барысында этнонимдерді зерттеудің маңызы аса зор. Біздің эрамыздан бұрын IV ғ. өмір сүрген ұлы ойшыл, дарынды философ Аристотель жалқы есімдерді зерттеу мәселесіне ерекше назар аударған.

Совет ғалымдары этноним жөніндегі зерттеу жұмыстарын марксизм классиктерінің теориялық іліміне сүйене

отырып жүргізуде. Біздің елімізде соңғы он, онбес жыл ішінде этнонимдерді жеке ғылым саласы ретінде зерттеген еңбектер көбейіс түсуде. Ол еңбектердің кейбіреулері жеке мақалалар мен жинақтар болып шықса, кейбірі өз алдына монография ретінде жарық көріп отыр. Олардың материалдарының бір арнасы — ел аузында айтылып, ұрпақтан-ұрпаққа тарап келген шежірелер болса екінші арқауы жазба түрде жарияланып келген деректерге барып тірелуде. Жазба түрдегі деректер мақала, жеке басылым және тарихи зерттеулер нәтижесінде мәлім болып, бізге жетіп, бұл күнде әралуан ғылыми зерттеулерге тиек, қажетті материалдар есебінде кенінен пайдаға асуда.

Ру, тайпа, халық, ұлт өздеріне тән есімге ие. Ол есімдер оларды бір-бірінен ажырату үшін ғана қызмет атқарып қоймайды. Сонымен бірге белгілі бір дәрежеде, олардың тегін, тұрған мекенін, қайда қай кезде өмір сүрген мезгілін де білдіретін көрсеткіш болып есептеледі.

Ф. Энгельс «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы» деген еңбегінде Америкадағы кейбір индеец тайпасын сипаттайтын ерекше белгілер қандай? — деген сұрау қояды да, оған былайша жауап береді: «Олардың өз территориясы мен өзіне бөлек есімі болады. Рудың праволары да ру есімімен тығыз байланысты болады». Тағы да: «Рудың белгілі бір есімдері немесе бірнеше есімдері болады, ол есімдермен бүкіл тайпа ішінде сол рудың өзі ғана пайдалана алады»<sup>1</sup> — деген. Демек, Ф. Энгельстің бұл пікірінен есім — ру мен тайпаның ең басты, негізгі белгісі екенін анық ұғамыз.

Этнонимдер тіл тарихы үшін аса қажетті, құнды материал болып саналады. Этнонимдердің лексикасын және шығу тегіні мен мән-мағынасын, жасалу ерекшеліктері мен грамматикалық, яғни морфологиялық құрылымын зерттеудің ерекше мәні бар. Әсіресе этноним болып отырған сөздердің мағынасын, ол қайсы елдің сөзінен жасалған, қай кезде қойылған деген мәселелердің бетін ашудың өзіндік орны мен мән-жайы ерекше. Тіліміздегі этнонимдердің лексикалық құрамы әртүрлі. Оның ішінде ерте заманда, орта ғасырлық дәуірде шыққандармен қатар кейінгі жана дәуірде пайда болғандар саны да аз

<sup>1</sup> Энгельс Ф. Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы. Алматы, 1967. 100, 104-б.

емес. Ерте заманнан келе жатқан этнонимдердің мағынасын ашуда туыстас немесе басқа топтағы тілдерде кездесетін сәйкестіктермен салыстыра зерттеудің жолын, яғни салыстырмалы-тарихи, тарихи-типологиялық әдістерді қолданудың тиімді болары шүбәсіз. Өйткені қазақ, монғол, қалмақ, тибет және араб, парсы тілдерінің өзара байланысы, бір-біріне тигізген ықпалы, мәдени-тарихи қарым-қатысы осы салыстыра зерттеу нәтижесінде кеп толық айқындалып отырады. Монғол-түркі халықтарындағы әдет-ғұрып, салт-сана, әскери, соғыс істерінің және материалдық, рухани мәдениеттің көне дәуірден бері ортақ екендігі ертеден айтылып келеді. Монғол-түркі халықтарының, оның ішінде қазақ халқының кейбір тайпаларының ерте кезден дәстүрлі байланысы шаруашылық, рухани-материалдық мәдениеттің ортақ дамуына жағдай жасаған еді. Мұндай тарихи қарым-қатынас, тығыз байланыс тунгус-маньчжур тілдес тайпалармен де болған. Әрине, ол байланысты бір дәуірде, бір мезгілде болды деп қарауға болмайды. Біздегі ру мен тайпа, тайпалық одақтар аттарының ішінде сөздік яғни тілдік сипаты жағынан ежелгі заманға қатыстылары да бар. Кейінгі дәуірлердегі есімдермен салыстырғанда олардың семантикасы көмескі, шығу төркіні белгісіз келеді.

Әрбір қоғамдық дәуірде өмір сүрген ру, тайпа, тайпалық одақ, халық, ұлт аттарын арнай зерттейтін ономастиканың бір бөлімі *этнонимика* деп аталады.

Этнонимдерді зерттеу жұмысымен бұл күнде СССР Ғылым академиясының Этнография институтының 1967 ж. құрылған ономастика тобы шұғылданып келеді. Бұл топ этнонимдер мәселесі бойынша тұңғыш рет 1970 жылы «Этнонимы» атты мақалалар жинағын шығарды. Этнонимдерді зерттеуді одақтас республикалар ғалымдары да қолға алды. Қазақстанда Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл білімі институтында 1970 ж. құрылған ономастика бөлімі этнонимдерді зерттеуді қызу қолға алып отыр.

Этнонимдерді лингвистикалық және тарихи-этнографиялық тұрғыдан зерттеуде алға қоятын мақсаттарымыз төмендегідей: Этнонимдердің шығу, пайда болу себебін зерттей отырып, лексикалық құрамын анықтау; осымен бірге олардың лексика-семантикалық табиғатын, жасалу заңдылықтарындағы ерекшеліктердің сырын, тілге тән құбылыстарды тарихи-этнографиялық тұрғыдан жан-

жақты зерттеу; олардың туыстас түркі тілдермен тарихи-мәдени қарым-қатыс, байланыстарын дәлелдеп көрсету болып табылады.

Этнонимика ғылымы топонимика, антропонимика және этнографиямен тікелей тығыз байланысты.

Этнонимдердің өзінде география, этнография, тарих, археология және антропология мен лингвистикаға қыруар мол материал бар. Сондықтан ол көптеген ғылымдармен байланысты келіп, көп салалас, аралас ғылым қатарына қосылады.

Алайда соңғы кездерде этнонимдерді жалқы есімге жатқызуға бола ма, жоқ па? деген екі ұдай пікір таласы болып жүр.

Проф. А. И. Попов және В. А. Никонов этноним ономастиканың бір саласы десе<sup>2</sup>, А. В. Суперанская этнонимдерді жалқы есімге жатқызбайды. А. И. Попов пікірі бойынша: «Этнонимика» термині арқылы ру, тайпа, тайпалық одақ, түрлі этнографиялық топтар, халықтар мен ұлттар және де кейбір облыс, жер, мемлекет аттары туралы мағлұмат беретін — жалпы этникалық сипаттағы атауларды қамтитын тарихи ономастика бөлімін көрсетеміз.»<sup>3</sup>

1967 ж. сентябрь айында Ульяновск қаласында СССР Ғылым академиясының Тіл білімі институты мен Ульяновск пединституты өткізген I-Поволжиялық ономастикалық конференцияда жасалған баяндамаларда да этнонимия ономастиканың бір саласы деген мәселе баса айтылған еді. Ол баяндамалар «Ономастика Поволжья» және «Ономастика» атты жинақтарда жарияланды<sup>4</sup>.

А. В. Суперанская «Жалқы есім теориясы» атты еңбегінде этнонимдерді ономастикаға қатыссыз лексикалық категория дейді де, В. А. Никонов пікіріне қосылмайды. Сондай-ақ М. А. Членов ұсынған псевдоэтноним деген терминнің де дұрыс еместігін өзінше дәлелдейді. А. В. Суперанская пікірімен: «Егер де этнонимдер белгілі бір дәрежеде мән-мағынаға ие деп қарасақ, онда олар-

<sup>2</sup> Попов А. И. Основные проблемы изучения этнонимов СССР // Питания ономастики, Київ, 1965. С. 55; Никонов В. А. Этнонимия // Этнонимы. М., 1970. С. 3, 5, 8, 13, 21.

<sup>3</sup> Попов А. И. Названия народов СССР. Л., 1973. С. 6.

<sup>4</sup> Сб. Ономастика Поволжья. Ульяновск, 1969 // Этнонимы. М., 1970.

дын жалкы есімге енбір қатысы болмайды.»<sup>5</sup> Ғалым этнонимдерге қатысы едницааларға толық тоқтап, сипаттама бергенмен этнонимдердің не себепті жалкы есім категориясына жатпайтынын толық талдап, саралап айтпаған. Дегенмен, этнонимдердің антропоним, топониммен тығыз байланысты екенін дұрыс көрсеткен. Бұл пікір А. И. Поповтың еңбегінде толығырақ, кенінен сипатталады. Онда: «Этнонимика топонимикамен тығыз байланысты болды, өйткені этникалық атаулар географиялық атаулардан жасалса, керісінше, географиялық атаулардың өзі тайпа және халық атауларынан қойылып отырады. Оның үстіне этнонимика антропонимикамен байланысты,»<sup>6</sup> деген пікір бар. Автор осымен қатар ру, тайпа және халық аттарының әрбір қоғамдық формацияға орай өзгеріп, ауысып тұратынын көрсетеді.

Ономастика жайлы еңбектердің басым көпшілігінде этнонимдер жалкы есімінің бір бөлінегі ретінде танылып, лингвистикалық тұрғыдан терен де жап-жақты зерттеліп келеді.

Қазақ және басқа түркі тілдеріндегі этнонимдер материалдары олардың жалкы есімге тән категория екенін толық көрсетеді. Қазіргі қолда бар ономастикалық материалдарға жүгінсек, топонимдер жалкы есім болып есептелді. Олай болса, этнонимдер де сөзсіз жалкы есімге тән. Өйткені бұлардың бәрінің материалдық құрылысы, қайнар көзі бір, бір арна-халықтың сөйлеу тілінен. Олар өзара тығыз бірлік, берік байланыста, ұзын арқау желісі бір.

Осы тұрғыдан қарағанымызда, этнонимдерді жалкы есім ретінде танып, арнайы зерттеудің ерекше мәні зор деп түйеміз.

#### Этнонимдік терминдер

Тіліміздегі этнонимдік терминдердің ерте кезден қалыптасқан дәстүрлі атауларымен бірге қазіргі кезде айтылып жүрген жаңа атауларының саны біразға жетеді. Алдымен этноним және этнонимия, этнонимика деген терминдердің жігін ажыратып, шегін ашып алайық.

*Этноним* — ру, тайпа, халық аттары.

*Этнонимия* — этнонимдердің жалпы, жиынтық атауы.

*Этнонимика* — этнонимдер туралы ғылым.

Этнонимге қатысты терминдер туралы, атап айтқанда: этнос (халық, ұлт, тайпа), этникалық бірлік, этнология, этникалық топ т. б. терминдер туралы Ю. В. Бромлей өз еңбегінде толық талдау жасап, мән-мағынасын жете түсіндірген-ді<sup>7</sup>.

Мына төмендегі этнонимдік терминдер тілімізде жиі қолданылады. Олар: *ру, тайпа, тайпалық, одақ, халық, ұлт, ел, жұрт, арыс, ұлыс, жүз, сүйек, тек, нәсіл, ата, атабаба, жеті ата, бұтақ, үрім бұтақ, баулы, тармақ, ұрық, қабыз, тақта, сой* т. б. Бұлардың ішіндегі *ел, жұрт* деген сөздер бұрыннан «халық» терминінің синонимі, ал *тек, сүйек, нәсіл, ұрық* сөздері *ру* терминінің синонимі болса: *арыс, ұлыс — тайпа* терминінің синонимі, ал *жүз тайпалық одақ — одақ* терминдерінің синонимі ретінде жарыса, қатар қолданылып отырған. Кейбір этнонимдік терминдердің диалектілік формаларда белгілі бір облыс, аудан аймағында ғана айтылу түрін көреміз. Мәселен, *тақта* — ру тарамдары (Маңғыстау ауд. Гурьев обл.), *қабыз — тұқым — ру* (Арал ауд. Қызылорда обл.), *ұрық — ру* (Чу ауд. Жамбыл обл.), *сой — нәсіл, ұрпақ, тұқым* (Орда ауд. Батыс Қазақстан обл.)<sup>8</sup>.

*Ру, ұлыс, ел сүйек* тәрізді терминдер түркі-монғол тілдерінде түрлі формада айтылады. Көне түркі тілдерінде *II* «халық», тайпа», алт. *II* «келісім, одақ» көне монғол тілінде *II* «халық, тайпа» жаңа монғол тілінде *II* «келісім, тыныштық, одақ», көне түркі тілдерінде *улус* «ел, облыс», туваша *улус* «халық, адамдар», ұйғ. *улус* «үлкен тайпа», хакас. *улус* «халық», монғ. ойр. *улус* «халық», қазіргі монғол тілінде *улс* «мемлекет, халық», бурят. *улад* «халық, аламдар», қалмақша *улс* «халық, мемлекет», *сүйек* термині алтайша «соокь», қырғыздарда *сүйек*, хакастарда *соок* «ру» мағынасында айтылады. Ру термині татарларда *урук, руғ*, қырғызша *уруу*, башқұрттарда *ырыу*, якуттарша *үру* «туысқан» деген термин орнына айтылса, ру, халық термині орнына *омық*, ал ұйғырлар *оймақ* деп атайды екен. Ал алтайлықтар руды өз тілдерінде *урен* және *тöгöн*

<sup>5</sup> Сулеранская А. В. Общая теория имени собственного. М., 1973. С. 206.

<sup>6</sup> Попов А. И. Аталған еңбек. 7-б.

<sup>7</sup> Бромлей Ю. В. Этнос и этнография. М., 1973. С. 10—35.

<sup>8</sup> Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігі. Алматы, 1969. 180, 293, 315, 355-б.



десе, монғолдар *уре*<sup>9</sup> деп атайтын көрінсін. Біздің тіліміздегі «өркенін өссін» деген сөздің төркіні сіра осымен байланысты болар (демек үрім-бұтағың, ұрпағың көбейсін, өссін деген сөз).

Түркі сөздерінің көбіне ортақ термин *шежіре* орыс тілінде родословная, ал *ата-баба* — предки деп аталып келген еді. С. Нұрханов сол родословная терминін *рунама*, этногенез терминін *ата-тек*<sup>10</sup> деп алған.

Этнографиялық әдебиеттерде, сонғы кездерде, *ру*, *тайпа*, *халық*, *ұлттардың* жиынтық атауы ретінде *этнос* деген терминді көбірек қолданып жүр.

Этногенез мәселесінің тереңірек зерттеле беруіне байланысты жаңа терминдер туа бермек. Біз өзіміздің зерттеу жұмысымызда этнонимдік терминдердің қазіргі қалыптасқан, жиі қолданылып жүрген түрлерін көңінен қолданамыз.

#### Этнонимдердің лингвистикалық және тарихи-этнографиялық негіздері

Лингвистикалық талдаулар көптеген мәселенің сырын ашып, тарих ғылымына жәрдемін тигізери сөзсіз. Мағынасы да, шығу төркіні де бимәлім кейбір этнонимдерді тілдік тұрғыдан зерттеп, анықтау барысында олардың тұңғық сыры, құпия жайы айқындала түсуі шүбәсіз. Ал әрбір этнонимнің шығу, пайда болу тарихын анықтау барысында да күтпеген жаңалықтарға кездесіп қалуымыз мүмкін. Өйткені әрбір есімді қоятын да, атайтын да халықтың өзі.

Демек, әрбір *ру*, *тайпа* атында, белгілі дәрежеде халық тілінің, мәдениеті мен әдет-ғұрыпының түрлі дәрежеде ізі мен бедер белгісі бар деп білеміз.

*Ру*, *тайпа*, *халық* аттарының шығу, пайда болу себептері халықтың сан ғасырлық тарихымен тікелей байланысты екені көпке мәлім.

Этногенез мәселесі — өте күрделі де, қиын, аса

<sup>9</sup> Будагов Л. Сравнительный словарь. Т. 1, 2. С. 128, 597, 602, 650.

<sup>10</sup> Нұрханов С. Этнография мен этнолингвистиканың өзекті мәселесі. 1969. № 12. 84—87-б.

жауапты, терең зерттеуді талап ететін тарихи ірі проблема. Бұл мәселе жөнінде жемісті еңбек етіп жүрген тарихшы зерттеуші ғалымдарымыздың аттары мен еңбектері тарих ғылымында тиісті орынға ие боп отыр.

Этногенез мәселесі, осымен қатар, тілдің тарихына да тікелей қатысты. Өйткені халық тарихы мен тіл тарихы тығыз байланысты. Бірақ *ру*, *тайпа*, *халық* есімдерін халық тарихымен, халықтың қалыптасу, шығу мәселесімен бара-бар қойып, қатар қарауға болмайды.

Олардың пайда болуының жай-жапсарын жіті аңғарсақ, онда этнонимдердің халық тарихының негізгі даму кезеңдерінен өзіндік айырмашылығы, өзгешеліктері барын байқаймыз.

*Ру*, *тайпа* аттарына лингвистикалық талдау жасау негізінде олардың лексикалық құрамын, жасалудағы тілдік заңдылықтардың сипаттарын, этимологиялық сырларын көре аламыз.

Ал тарихи-стратиграфиялық жолмен зерттеу арқылы этнонимдік қабаттардың сырын, яғни этнонимдердің шығу, пайда болу тегін, белгілі дәуірге тән этнотоптарды айқындау мүмкіншілігі туады.

Қазақ халқы қазіргі Қазақстан жерін ұзақ ғасырлар бойы мекендеген әртүрлі этникалық топтардан құралғаны тарихымыздан белгілі. Оның құрамында біздің дәуірімізден бұрынғы II—I ғасырларда өмір сүрген *үйсін*, *қаңлы*, кейінгі ортағасырлық *дулат*, *алшын*, *арғын*, *қыпшақ*, *найман*, *қоңырат*, *керейт* т. б. тайпалардың, Қараханид дәуірі мен Қарлұқтар заманындағы *ру*, *тайпалардың* және кейбір монғол тайпаларының болғаны тарихи деректерде айтылады. Оны ортағасырлық тарихшылар Рашид-ад-дин, Әбілғазы Бахадур, Мырзахайдар Дулати, Қадырғали Жалаири<sup>11</sup> еңбектерінде атап көрсеткен.

Қытай жылнамаларында жазылған, Орта Азия және Қазақстанда ерте кезде тұрған тайпалар мен рулар туралы синолог Н. Я. Бичурин, А. А. Аристов<sup>12</sup>, Ш. Уәли-

<sup>11</sup> Рашид-ад-дин. Сборник летописей. Т. 1. Кн. 2. М.; Л., 1952 (Кононов А. Н. Родословная туркмен. Соч. Абул-Гази хана хивинского. М.; Л., 1958).

<sup>12</sup> Бичурин Н. Я. (Иакинф). Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Т. 1, 2. 1950; Т. 3. 1953; Аристов Н. А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности // Живая старина. 1896. Вып. 3—4.

ханов еңбектерінде көптеген деректер бар. Бұл аталған еңбектерде *үйсін, қаңлы, дулат, қыпшақ, арғын, найман, алышын* сияқты қазақтың басты тайпаларының тарихы, өмір сүрген дәуірі мен таралу шегі баяндалған. Қазақ ру, тайпаларының тарихы туралы бай мағлұматтар, түптеп келгенде, орта ғасырдан бастап, советтік дәуірге дейінгі авторлар еңбектерінде мол айтылады.

Жоғарыдағы айтылған этнонимдік терминдердің синонимдерін көрсете кету де орынды сияқты. Халық термині ертеде *ел, жұрт* деп те аталса, тайпалық одақ — *одақ, қауым* деген терминдермен, ал тайпа — *арыс* деген терминмен аталған. Ал ру термині кей ретте *сүйек, тек* деп, ата термині *бұтақ, үрім бұтақ, ұрпақ, әулет* деген синонимдермен айтыла берген. Бұл синонимдер — халықтық атаулар ретінде сөйлеу тілде қолданыс тауып жүргенмен, ғылыми терминдер. Халық, тайпалық одақ, тайпа, ру деген терминдер бұл күнде әдеби тілде берік қалыптасып кетті.

Қазақтың ру, тайпаларының шығу тарихы жөнінде және қазақ халқының қалыптасуы жайында тұңғыш қалам тартқан ғалымдардың бірі — Ш. Уәлиханов. Өзінің «Қазақ шежіресі»<sup>13</sup> атты тамаша еңбегінде қазақ халқын құрған ру, тайпалардың өмір сүрген дәуірін, шыққан кезеңдерін, қазақ қауымының шығу мерзімімен тарихын кеңінен талдаған еді. Әсіресе VII—X ғасырларға тән Византия тарихшыларының қыпшақтар, наймандар, жалайырлар мен керейттер туралы деректерін және XIV—XV ғасырларда өмір сүрген шығыс тарихшылары Рашид-ад-дин, Әбілғазы Бахадурдың, қазақ тарихшылары Жалаиридың «жылнамалар жинағы» деген еңбектерін оқып шығып, көптеген мағлұматтар келтірген.

Бұл еңбекте қазақ қауымы мен тарихы, Алтын Орда, монғол үстемдігі және Жошы, Шағатай ұлысындағы қазақ ру, тайпалар тарихы жөнінде бай мағлұматтар мен ғылыми пайымдаулар, құнды пікірлер айтылған.

Қазақ ру, тайпаларының құрамы, даму тарихы туралы толық мағлұматтар, «Қазақ ССР тарихында»<sup>14</sup> және Н. Аристов, А. Харузин, В. В. Бартольд, А. И. Левшин, М. Тынышбаев, В. В. Радлов, С. Аманжолов, Х. М. Әліл-

гереев, Н. Я. Бичурин, М. Ақышжанов, Ә. Марғұлан, В. В. Востров, М. С. Мұқанов, Н. В. Кюннер, С. Г. Кляшторный, Ю. А. Зуев т. б. зерттеушілер еңбектерінде<sup>15</sup> жан-жақты баяндалған. Қазақ халқының этногенезінің яғни ру, тайпа тарихын зерттеу мәселелері, сөз жоқ, халық тілінің даму, өсу жайын анықтауға үлкен септігін тигізеді. Өйткені ертеде әрбір тайпа тілдерінің өздеріне тән ерекшелік, диалектілік сипаттары мол болған. Ол ерекшеліктердің ізі күні бүгінде сақталып, кездесіп отыратынын көрсеміз. Бұларды тілдік тұрғыдан зерттеудің тіл тарихы үшін маңызы ерекше. Демек ру, тайпа тарихын және олардың есімдерін зерттеу — тілдің даму құбылысын байқауда, сондай-ақ ұлт, халық тілдерінің байланысын шешуде орасан зор қызмет атқарары сөзсіз.

Қазақ және қарақалпақ тілінің тарихы туралы Н. А. Баскаков: «Қазақ және қарақалпақ тілдері ноғай ордасы құрамында кейінгі кезеңдерде қалыптасқан. Оған дейін қыпшақтармен, одан арғы кезеңдерде оғуз-иченегтермен, жартылай болғарлармен байланысты болса, көне хорезмдіктер, тәжіктермен де, сондай-ақ Орта Азия тұрғындары оғуздармен де генетикалық жағынан байланысты болған», — деген пікір айтқан»<sup>16</sup>. Ұлыстар мен одақтық тайпалардың құрылуы, түрлі ру-

<sup>15</sup> Бичурин Н. Я. (Иакниф). Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. М., 1950; Т. 1, 2, 3. Аристов Н. А. Опыт выяснения этнического состава киргиз-казахов Большой орды и каракиргизов... //Жизнь старина. Вып. 3—4. СПб., 1894; Харузин А. Киргизы Буксевской орды. Вып. 1. М., 1870; Бартольд В. В. История Туркестана. Ташкент, 1927; Левшин А. И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. СПб., 1832; Тынышбаев М. Материалы к истории киргиз-казахского народа. Ташкент, 1925; Радлов В. В. Этнографический обзор турецких племен Сибири и Монголии. Иркутск, 1929; Аманжолов С. А. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959; Адильгереев Х. М. К истории образования казахского народа //Вестник АН КазССР. 1951. № 1; Марғұлан Ә. Ескі тайпалар және қазақ халқының құрылуы. Лекция. Алматы, 1973; Востров В. В., Мұқанов М. С. Родоплеменной состав и расселение казахов. Алма-Ата, 1968; Кляшторный С. Г. Кангюйская этнотопонимика. М., 1951; Кюннер Н. В. Китайские известия о народах южной Сибири, Центральной Азии и Казахстана. Т. 1, 2. М., 1962, 1963; Зуев Ю. А. К этнической истории усуней //Тр. ин-та археологии и этнографии АН КазССР. Т. 8, 1980; Әбдірахманов А. Қазақстан этнотопонимикасы. Алматы, 1979.

<sup>16</sup> Баскаков Н. А. Введение в изучение тюркских языков. М., 1962. С. 183.

<sup>13</sup> Уәлиханов Ч. Ч. Собрание сочинений. В 5 т. Алма-Ата, 1961. Т. 1. С. 401—402.

<sup>14</sup> Қазақ ССР тарихы. Алматы, 1957. 1-т. 120—127-б.

лар мен тайпалардың бірігуі, яки бөлшектеніп тарауы да тілдің жасалуына ықпалын жасамай отырмады. Бұл жөнінде Н. А. Баскаковтың тағы бір пікіріне назар аударайық: «Тайпалық одақтардың құралуы мен түрлі тайпалар мен рулардың бірігуі немесе олардың ыдырау жайттары да тілдердің бір-біріне әсер, ықпал жасауына апарып соқтырды. Ондай тайпалар мен халық немесе ұлттар тілдерінде белгілі дәрежеде диалект, говор бола тұрса да дәйекті түрде бір тайпа немесе халық, ұлт тіліне бағынышты болды», —<sup>17</sup> деді.

Тайпалардың әрқайсысы өзіне тән және басқа тайпалармен көршілес аймақтарда болғаны, сөйтіп, ортақ шаруашылық, экономикалық, мәдени өміріне сай сөйлеу тілінің біркелкі дамып отырғаны да анық. Мұның басты себебі олардың рухани, мәдени және туыстық, территориялық тұтастығының бірлігінде еді. Кен-байтақ территорияны ең жайлап жатқанмен көшпелі қазақ елі көрші тайпалармен үнемі берік қарым-қатыс жасап, ат ізін суытпай отырған. Осымен байланысты Орта жүз руларының Кіші жүзде сол сияқты Орта жүз тайпаларының аралас жүргені көптеген деректерден мәлім<sup>18</sup>.

Кейбір зерттеушілердің қазақ халқының тұтас бір ел екеніне, оның құрамындағы рулардың өзара туыстас, бауырлас келетініне жаңсақ пікір айтқандары да жоқ емес. И. Георги мен К. Титтердің осы жайлы кәте пікірін сынап келіп, Шоқан Уәлиханов «Ұлы жүз, Орта жүз және Кіші жүз — біртұтас халық»<sup>19</sup> — деген еді.

Қазақ халқының тарихы мен мәдениетін зерттеген А. Левшин және басқа тарихшы зерттеушілер де осыған үндес пікірлер айтты. А. Левшин: «Оралдан Зайсанға дейінгі қазақтардың тұрмыс тіршілігі бірдей, тілдерді де бірдей, көшпелі өмірлері мен жерді пайдалануы да, шауашылығы да біркелкі»<sup>20</sup> — деп жазды.

Кейбір қазақ тайпалары мен ру аттарының басқа

<sup>17</sup> Баскаков Н. А. Указ. соч. С. 107.

<sup>18</sup> Бұл жөнінде Ш. Уәлиханов, А. Аристов, А. Харузин, С. Аманжолов, В. В. Востров, М. Мұқанов еңбектерінде және қазақ шежіресінде айтылған. Біз солардың ішінен шежіредегілер мен А. Аристов еңбегіндегі мысалдарды қайта қарап, сұрыптап, толықтырып беріп отырмыз.

<sup>19</sup> Уәлиханов Ч. Ч. Аталған еңбек. 401—402-б.

<sup>20</sup> Левшин А. Описание киргиз-кайсацких орд и степей. Ч. 1, 2, 3, 1832; Басин В. Я. Россия и казахские ханства в XVI—XVIII вв. Алма-Ата, 1971. С. 6.

туыстас түркі халықтары құрамындағы ру, тайпа аттарымен сөйкес, ұқсас келіп отыратынын байқаймыз<sup>21</sup>. Мәселен, біздегі *үйсін, найман, қыпшақ, қоқырат, жалайыр, керей* сияқты ірі тайпалар мен *ашамайлы, балғалы, тарақты* тәрізді ру аттарын өзбек, қырғыз, татар, башқұрт, ноғай, қарақалпақ халықтары құрамынан кездестіріп отырамыз. Әлбетте, олардың белгілі бір дәуір, заман ағымына сай бірінен-біріне ауысып немесе тұрақтап, қалыптасып отырғаны хақ. *Маңғыттың* хақастарда *лунгат* түрінде, сондай-ақ *арын*, шюс руларының да барын көреміз. Соңғы *шюс*<sup>22</sup> өзбектің *юз* руына, біздің *жуз* деген терминіміз сөйкес келеді. Бұл көрсетілген ру, тайпалардың түркі халықтары құрамында кездесуінің өзіндік тарихы мен түрлі себептерінің ізі бары айқын. Қазақ пен ноғайдың, қырғыз бен қарақалпақтың, башқұрттың ру-тайпаларының байланысы туралы Шоқан Уәлихановтың пікірі орынды айтылған. Өзбек одағында *Маңғыттар* (қарақалпақ) пен *қырғыздар* болғанын, ал *қыпшақтардың* өзбек, қазақ, қырғыз, ноғай, найман, керейттер арасында барын көрсеткен. «Өзбектер одағында *маңғыттар* (қарақалпақтар) мен *қырғыздар*, да болған. Қыпшақтар, өзбектер мен қырғыздар, ноғай, наймандар арасында бар»<sup>23</sup>, — деп жазды. Қазақ пен қырғыз халықтарының этникалық тығыз байланысы жөнінде С. М. Абрамзон мағлұматы да көкейге қонымды. «Қазақтар мен қырғыздар бірдей қатысқан XV—XVII ғасырлардағы саяси жағдайлар олардың арақатысын күшейте түсті. Бұл кездейсоқ жайт емес еді. Өйткені Талас алқабындағы қазақ-қырғыз арасындағы берік байланыс бұның толық айғағы болатын. Саруу тайпасындағы *алакчын* және *қолпаши* руларын қырғыздар өз аңыздарында қазақтан тараған деп көрсетеді. Алайда бұл әлі де дәлелдеуді қажет етеді.»<sup>24</sup> Ақтөбе облысындағы қазақ этнонимдерінің ішінде және жалайырдың аңдас руында *қара*

<sup>21</sup> Баскаков Н. А. Введение... М., 1969; Жданко Т. А. Очерки исторической этнографии каракалпаков. М., 1950; Абрамзон С. М. О параллелиях в этнонимике киргизов и алгайшев. Л., 1969; Кувезов Р. Г. Очерки исторической этнографии башкир. Ч. 1. Уфа, 1957.

<sup>22</sup> Борзюков М. И. Хакасские этнонимы тюркского и нетюркского происхождения // Происхождение абортенов Сибири. Материалы межвузовской конференции. Томск, 1969. С. 9.

<sup>23</sup> Уәлиханов Ч. Ч. Собр. соч. 1961. Т. 2. С. 209.

<sup>24</sup> Абрамзон С. М. Киргизы и их этногенетические и историко-культурные связи. Л., 1971. С. 67.

қыргыз (қыргыздар) деген рудың, ал қыргыз этнонимінде *уйшин, конурат, канды* т. б. тайпалардың болуы, біріншіден, олардың бір кезде қыргыз еліне көшіп барып тұрақтап қалуына байланысты болса, екіншіден, жаугершілік замандарда екі елдің ортақ жауға одақтаса шабуыл жасап, бірігіп күресу кезінде бас қосып, араласып кету жағдайына да байланысты болса керек. Өйткені қыргыз халқының әйгілі Мағас эпосында қазақ батырлары Ер Көкше, Қосай және басқа да рулардың қатысқаны тарихи шындық.

Біздің байқауымызша қыргыздардың құрамындағы қанды, дулат, уйшндер қазақтағы қаңлы, дулат, үйсіндерден сан жағынан мүлде аз, шағын рулар. Олар ірі тайпалардың тұтас өзі емес. Алайда қыргыз халқының құрамына еніп, дәстүр, салт-санасы да, ұлттық тілі де қыргызға тән болып отыр.

Мұндай дәлелдер мен деректерді қарақалпақ, өзбек құрамындағы қаңлы, қонырат, қыпшақ, наймандардан да байқаймыз. Қарақалпақ арасындағы қаңлы қыпшақтың бір руы<sup>25</sup> болып көрсетілсе, оның ХІ ғасырда да қыпшақтың бір руы болғанын М. Қашқаридің сөздігінен<sup>26</sup> кездестіреміз.

Бұл көрсетілген дәлелдерге қарағанда, белгілі ру, тайпалардың бір халық құрамынан, екінші бір халыққа ауысып отырғанын байқаймыз. Ол екі түрлі дәрежеде болған. Оның біріншісі — әр кезде, әртүрлі тарихи себептермен бір халық құрамына, басқа халық арасына барып сініп, араласып кеткен, солардың тілінде сөйлейтін этнотоптар болса, екіншісі — басқа бір халықтың жеріне көшіп барып қоныстанғанмен, өздерінің ұлттық срекшеліктерін, халықтық әдет-ғұрып, салт-сана, дәстүрлерін берік сақтап, туған ана тілінде сөйлейтін этнотоптар. Мәселен, Баян-өлгейде тұратын, ХVІІІ ғасырдағы *керей* мен *наймандардың* ұрпағы саналатын этнотоптар және Қытай республикасының Шыңжаң өлкесіндегі қазақтар, Өзбекстан мен Қарақалпақстанда және Түркменстанда тұратын тайпалардың кейбірі (*қаңлы, қыпшақ, найман, керей* т. б.). Бұлар өздерін қазақ, ұлттық тілін қазақ тілі деп біледі.

<sup>25</sup> *Жданко Т. А.* Аталған еңбек. 84-б.

<sup>26</sup> *Кляшторный С. Г.* К вопросу о кангуйской этнотопонимике // Советская этнография, 1951, № 3, С. 60, 62; *Абрамзон С. М.* Жоғарыдағы аталған еңбек, 41-б.

Қазақ этнонимдері яғни ру, тайпа, ел аттары шығу, пайда болу жолына қарай бірнеше сатыға бөлінеді.

Этнонимдердің ең көне, ескі түрлері «кісі», «адам» деген мағыналы лексемалар екені бұрынғы зерттеулерден белгілі. А. Н. Кононов түркі этнонимі түркі халықтары тіліндегі «кісі», «адам» яғни *tora* «туу» деген мағынадағы сөз деген пікірді айтты<sup>27</sup>. Немістер өздерін *deutseh* «адам», «халық», *neneц* «адам», америка индейцтерінде: мохеган «теңіз жағасындағы халық», омаха «өзен ағысы бойындағы халық»<sup>28</sup> т. б.

Ең алғашқы, бастапқы қоғамдағы ру, тайпа аттарының көне типі сол тайпалар көшіп-қонып жүрген тау, өзен, көл, сай-сала аттарынан қойылған, яғни топонимиялық тип деген пікір де бар.

Алғашқы ру, тайпа аттарының енді бір тобы шығу тегі жағынан тотем мағынасындағы сөздер болған. Бұл құбылыс көптеген халықтар тарихында бар, ортақ жай. Оны Ф. Энгельстің мына сөзінен анық байқаймыз. «Кейбір рулардың аттары хайуандармен де аталатын болған. Сенеке тайпасында *қасқыр, аю, тасбақа, құндыз, бұғы, балықшы, көкқұтан, бүркіт* деген сегіз ру бар екен. Халық аузындағы аңыз бойынша басқа рулар *аю* мен *бұғы* атты рулардан тараған көрінеді»<sup>29</sup>. Бұл хайуан аттары сол кездегі ру басшыларының есімдері ретінде де жұмсалып отырған. Тотем атаулар Оңтүстік Америка, Африка, Австралия және Сібір халықтарының<sup>30</sup> көбінде кездеседі.

Тотемдік ру, тайпа аттарының түркі халықтары тарихында да кеңінен етек алғанын сүбелі зерттеулер мен дәйекті деректерден білеміз. Қыргыз этнонимдерін зерттеген С. М. Абрамзон қыргыздарда *беру, жағалмай, бағыш (сары бағыш, қара бағыш), бугу, тору айгир* тәрізді тотемдік этнонимдер барын көрсетсе<sup>31</sup>, Т. М. Гарипов, П. Р. Кузев банқұрттарға *айыу, бәсәй* (мысық),

<sup>27</sup> *Кононов А. Н.* Опыт анализа термина тюрк // Советская этнография, 1949, № 1, С. 44.

<sup>28</sup> *Никонов В. А.* Этимология // Этнонимы. М., 1970, С. 15; *Суперинская А. В.* Общая теория имени собственного. М., 1973, С. 207.

<sup>29</sup> *Энгельс Ф.* Семьянин, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы. Алматы, 1948, 106—108-б.

<sup>30</sup> *Токарев С. А.* Этнография народов СССР. М., 1957; *Хайтин Д. Е.* Пережитки тотемизма у народов Сибири и Дальнего Востока: Ученые зап. Тадж.ГУ, 1956, Т. 14.

<sup>31</sup> *Абрамзон С. М.* Аталған еңбек. 69-б.

буре (қасқыр), йылан, куян, мышы (бұлан), йомран (суыр) сияқты ру аттары барын айтады. Ал гагауздар атамыз *қасқыр* десе, үйсіндер де шыққан атамыз *бөрі* дейді. С. Аманжолов найман тайпасының құрамын жіктей келе тотемдік атаулардың барына көңіл бөлген еді. «Ондағы көптеген рулар тотемдік атауға немесе таңбалық белгіге ие ерте замандарда қойылған, алғашқы көне түркі рулардың аттарын сілестетеді. Ондай ру аттары: бура, қаратай, ергенекті, терістанбалы»<sup>32</sup>.

Бұл тәрізді тотемдік ру аттары басқа да тайпалар құрамында болған еді. Керей тайпасында Шұбарайғыр, қаракерей руында Төбет, Кіші жүз Әлім руында Байтөбет, Шапырашты руында Тексе, Жетіруда жағалбайлы, Дулаттың жанысында қызылқұрт деген рулар бар. Тексе руы түрікмен мен осман түріктерінде болса, якуттың хәрдык руы өзін текеден таратады<sup>33</sup>. Сондай-ақ өз руларын кей атымен атау түрікмен мен қазақтарға топ ортақ құбылыс. Осымен байланысты түрікмендерде *ак-коюнлу*, *қара-коюнлу*,<sup>34</sup> қазақтарда *ақ қойлы*, *қара қойлы* (дулаттың сиқымында) деген рулар бар. Қошқар мен текені қазақ, қырғыз, түрікмен т. б. түрік халықтары ежелден қастер тұтып, қадірлеген. Бұларға байланысты түрлі ертектердің тууы, халық қолөнерінің, ұлттық өрнектердің кейбір түрлерінің қошқар атымен аталуы (мәселен, қошқар мүйіз, қошқар бас), адамға Қошқарбай, Қошқар жене Текебай деп ат қоюлары тегін емес. Алғашқы қоғамнан қалған жартастардағы түрлі суреттерде қошқар мен текелердің ойып салынған суреттерінің сақталуы да,<sup>35</sup> сайып келгенде, тотемдік сенімнің арғы тегін көрсетеді.

Кейбір түркі халықтары өзінің атасын, шыққан тегін құстан таратады. Мәселен, қырғыздың *жағалмай* руы тотемдік атау. Джағалмай — ұсақ жыртқыштар тұқымына жататын құс аты.<sup>36</sup> Бұл қырғыздарда тек ру аты емес, ол қырғыздардың оң қанатын құрайтын үлкен

<sup>32</sup> Аманжолов С. А. Вопросы диалектологии... Алма-Ата, 1959. С. 46.

<sup>33</sup> Потанин Г. Н. Очерки северо-западной Монголии. СПб. Вып. 4. 1983.

<sup>34</sup> Еремеев Д. Юрки (турешкие кочевники и полукочевники). М., 1969.

<sup>35</sup> Махмұтов А. Жартастағы көне суреттердің сыры. Қазақ эпиграфиясы, 1-шығ. Алматы, 1971.

<sup>36</sup> Юдахин К. К. Киргизско-русский словарь. 1968. С. 210.

ұлыс. Бұғы мен сары бағыш таңбасының да аты екен<sup>37</sup>. Жағалбайлы руының да мағынасы осы құс атымен байланысты болуы ықтимал.

Кейбір түркі халықтарында *буркіт*, *қарға* деген ру аттарының барын көреміз. Мәселен, шорларда *қарға*, якут пен туваларда *хускун* деген рулардың болғаны хақ. Осымен байланысты болса керек, зерттеушілердің кейбірі *керей* (*керейт*) тайпасын қарға сөзімен байланыстырғысы келеді<sup>38</sup>. Бірақ та *керей* атауы «*Керулен* деген өзен жағасын мекендеушілер» деген мағынаны білдіретінін ескергеніміз жөн.

Бөрі, қасқыр, бұғы, ит сияқты аңдармен байланысты тотемдік ру аттары түркі халықтарында кеңінен жайылған. Бізде *бөрі*, *қасқыр* деген ру аттары кездеспей, керісінше, ертеде *қызылқұрт* деген ру атының болуы көңіл аударарлық тосын жайт. Ал *құрт* сөзі кейбір түркі тілдерінде *бөрі*, *қасқыр* сөзінің синонимі.

Көне дәуірдегі аңыз бойынша, Ашпи тайпасының арғы атасын асыраған бөрінің қанжыры екенін, сол бөрі ұрпағының бірі Ашпи көсемнің өзі жеңіске жеткен жерлерінде бөрінің басы бар ту тігіп қояғынын баяндайды<sup>39</sup>. Бөрі мен итке байланысты ескі наным мен салт-сана, түрлі ұғымдар Ш. Уәлиханов, Л. П. Потанин, С. Г. Кляшторный т. б. ғалымдар еңбектерінде<sup>40</sup> жан-жақты айтылған.

Қырғыздардың *бұғы*, *бөрі*, *қызыл тайған*, *итэмген* т. б. тотемдік руларының<sup>41</sup> мән-жайы басқа түркі халықтарымен тікелей байланысты, жұптас болып отырады. Мәселен, қазақта *қызылқұрт*, қырғызда *қызыл тайған* (*қызыл ит*), бізде *итэмген*, қырғызда *итэмген*, бізде *жағалбайлы*, қырғызда *жағалмай* т. б.

Демек, қазақ ру, тайпа аттарының біразының тотемдік ұғымға байланысты қойылуы, олардың шығу тарихының көнелігін, тым ертеден келе жатқанын аңғартады.

<sup>37</sup> Абрамзон С. М. Аталған еңбек. 284-б.

<sup>38</sup> Турсунов Е. Д. Генезис казахской бытовой сказки. Алма-Ата, 1973. С. 53—55.

<sup>39</sup> Бищурич Н. Я. Собр. соч. Т. 1. С. 220—222.

<sup>40</sup> Уәлиханов Ч. Ч. Собр. соч. Алма-Ата. Т. 1. 1959; Потанин Л. П. Волк в старинных народных поверьях и приметах узбеков //КСИЭ. М., 1958. Вып. 30; Кляшторный С. Г. Древнетюркские рунические памятники как источники по истории Средней Азии. М., 1964.

<sup>41</sup> Абрамзон С. М. Аталған еңбек. 275—289-б.

Қазақтың көне тайпалары бұл айтылғандармен ғана шектелмейді. Олардың ішінде біздің жыл санауымыздан бұрынғы II—I ғасырлардан түркі халықтарының тарихында белгілі *үйсін, қаңлы* және жыл санауымыздың V ғасырынан бері мәлім *дулат, найман, қоңырат, қыпшақ, арғын, алышын, албан, суан* сияқты ірі тайпалар мен рулар да бар. Аталып отырған рулар мен тайпалардың тарихы Шығысты зерттеуші ғалымдар еңбегінде бай деректерге сүйене отырып айтылған-ды<sup>42</sup>. Ұлы жүздің *дулат, суан, албан, жаныс, қаңлы, шанышқылы* т. б. рулары мен тайпалары туралы Н. Аристов еңбегінде құнды пікірлер мол. Бұл мәлімет бойынша, *дулу* ертедегі болғар княздарының есімнамасында жазылғанын, оның біздің эрамыздан бұрын өмір сүргені, кейіннен II ғасырдан бастап хундармен бірге қытай шекараларында, қазіргі қазақ жерінде көшіп жүргені, *дулу* көсемі Аттылы Донайдың ар жағындағы болғар патшалығын құрған болғарлардың басшысы болады. Ал V ғасырда Тяньшань мен Алтай арасындағы *Дулу* қытай шежірелерінде *Тулу* деген есіммен аталған болатын<sup>43</sup>.

Шығу тарихы жағынан көне этнонимдердің бір тобы — лақап этнонимдер. Лақап ерте заманда этноним өмірінде де, кісі аты функциясында да кенінен қолдану тапқан. Сондықтан да болар, лақап есімдер ғасырлар бойы халық аузынан бірден-бірге жетіп, күні бүгінге дейін айтылып отыр. Көне заманға тән лақап этнонимдер шежіреде тым аз, санаулы ғана.

Лақап этнонимдердің қойылу, қалыптасу және заманауи дәуір мезгіліне сай қолданылуында алуан түрлі тарихи себептер бар.

Ру, тайпалардың лақаппен аталуының негізгі сыры түрлі әдет-ғұрып, әр қоғамдағы тұрмыстық жағдаяттарға да байланысты болса керек. Олар, біріншіден, тотеммен қатысты боп, екіншіден, табу, эвфемизммен де ұштасып жатады.

Қазақ ру, тайпа аттары, шежіренің материалына және көрнекті зерттеушілердің мәліметіне қарағанда (XVIII—XIX ғасырларда), олардың басым тобы кісі аттарынан жасалып отырған. Ол кісі аттары әуелгі баста

<sup>42</sup> Бичурин Н. Я. (Иакинф). Собр. свед. М., 1950. Т. 1, 2, 3.

<sup>43</sup> Аристов Н. Этнический состав... //Живая старина. 1894. Вып. 3—4. С. 400—410.

ата атына, жеті атадан соң ру аты дәрежесіне не болып отырған.

Ру аты еуропалықтардың фамилия сөзіне (семья), яғни қазіргі фамилияға сәйкес келгенін, сол кезеңде қазақтың фамилиялық көрсеткіш, фамилия функциясын атқарғанын аңғару оншама қиынға соқпаса керек.

Этнонимдер (ру, тайпа аттары) мен антропонимдерден жасалған есімдерді ғылымда *этноантропонимика* деп атайды. Бұл термин ономастиканың бір тармағы болып саналады. Тіліміздегі ру, тайпа, халық аттары мен кісі аттарының өзара байланысы, ауысу процесі тарихи дәуірлермен ұштасып келе жатқан құбылыс. Алайда күні бүгінге дейін ру, тайпа аттары кісі аттарынан қойылған ба, әлде кісі аттары ру, тайпа аттарынан қойылған ба? деген мәселе өз шешімін толық таба алмай келеді.

Бұл жөнінде ғылым дүниесінде әр қилы топшылау пікірлер бар, ал сол пікірлердің бәрінен де марксизм классиктерінің айтқан пікірлері тарихи шындыққа бейім әрі нанымды.

Қазақ этнонимдерін тілдік тұрғыдан жіктеп, талдағанымызда, олардың жасалу негізінде белгілі бір заңдылық бары, семантикалық топқа бөлінетінін байқаймыз. Ал тіліміздегі есімдерге назар аударсақ, олардың басым тобы осы этнонимдік топтардың бәрінен де жасалып отырғанын көру қиын емес. Олардың жасалу тәсілінде, тіл заңына бой ұру байқалады. Мысалы: найман этнониміне бай сөзін қосып, біріккен тұлғалы Найманбай, сол тәрізді Қыпшақбай, Қаңлыбай, Үйсінбай, Арғынбай, Қоңыратбай, Алышынбай, Поғайбай сияқты кісі есімдері жасалған.

Негізінде ру аттарының көне дәуірлерде кісі аттарынан жасалмағанын, бұл құбылыстың кейінгі орта ғасырдан болғанын көптеген материалдар көрсетіп отыр. Қоғамдық құрылыстың өзгеруімен байланысты ру аттарының структурасы да өзгеріп отырады. Қазақ этнонимдеріндегі араб, моңғол сөздерінен жасалғандар осының толық айғағы.

Этнонимдерден жасалған кісі есімдерінің, осының керісінше, кісі есімдерінен жасалған этнонимдердің лингвистикалық әрі тарихи тұрғыдан мәні зор екені даусыз мәселе. Бұндай этнонимдер әсіресе XV—XIX ғасырлардағы деректерде көбірек кездеседі. Тайпа ішінде-

гі рулар атауларынан жасалған кісі аттары кейіннен ру атына қайтадан ауысып, алмасып отырған. Ру аттарынан жасалған кісі аттары материалдарынан сол рудың қай заманда өмір сүргенін білуге болады.

Тілімізде көрші халықтар аттарынан жасалған кісі есімдері мен фамилиялар да бар екенін мына төмендегі мысалдардан анық көреміз. Олар: Орысбаев, Өзбеков, Ноғайбаев, Қырғызбаев, Түрікбаев, Әзербайжан, Ойрат, Мадияр, Малқар т. б. Адамға бұлайша ат қоюдың тарихи-әлеуметтік себептері болса керек. Оның басты себебі — қазақ халқының аты аталып отырған халықтармен ұзақ ғасырлар бойы мәдени байланыс, қарым-қатыс жасап, достық, туыстық ынтымақта болғанында.

*Этноантропонимика* терминіне тереңірек мән беріп, оның тарихи негізіне көз жіберіп, саралап, анықтау барысында байқағанымыз: бастапқы кезеңдердегі ру аттары адам аттарынан жасалмаған, ал кейінгі этаптардағы ру аттары адам аттарынан алынып отырған. Бұл құбылысты шежіре материалдарынан айқын көреміз. Этникалық негізгі басты тұлға тайпа болғанмен, тайпалық одақ одан жоғары сатыда тұрады, яғни ол халық болып қалыптасудың алдындағы саты.

Ал тайпалық — одақ бірнеше тайпаның басын қосатын жиынтық атау, тарихи категория.

#### IV. ЗООНИМИЯ ЖӘНЕ ЭРГОНИМИЯ

А. ЕСЕНҚҰЛОВ

##### Кейбір мекеме және ұйым аттарының жасалу жолдары

Термин мен ұғымның арақатысы туралы әртүрлі көзқарастардың бар екені бәрімізге мәлім. Біреулер терминнің номинативтік (атаулық) қасиетін бірінші орынға қойып, оны затпен байланыстырса, екіншісі терминді тікелей ұғымға теңдіді.

Номенклатураны терминологиядан ажырату үшін терминді ұғыммен байланыстырып қараған жөн. Бірақ, кейде бір терминнің мағынасы ғылымның әр саласында әртүрлі сипатталуы мүмкін. Мысалы, техникалық терминологияда номинативтік мағынасын бірінші қояды. Бір машинаның жүздеген бөлшектеріне берілген меншікті аттары бар. Бұлар — бөлшектердің номенклатуралық атаулары.

Номенклатуралық атауды ғылыми ұғымға жатқызуға болмайды. Өйткені ол ғылыми түсініктің барлық өкілдігін атқара алмайды. Терминология ғылыми атаумен байланысты болса, номенклатуралық атау тек ғана заттың жарнамасы іспеттес. Бұл атаулар атқаратын қызметі жағынан және басқа да ұқсастықтары жағынан кісі аттарына жақындығы көп.

Номенклатуралық атаулар құрама сөз компоненттерінен құралса да барлығы бір ғана ұғымның атын білдіреді.

Қазіргі кезде ғылым мен техниканың қауырт дамуына байланысты, әсіресе, орыс тілі арқылы жекелеген сөздермен қатар күрделі атаулар аударма арқылы тілімізге еніп, көпшілікке игілікті қызметін көрсетуде. Сонымен қатар жаңа заттар мен түсініктерді қабылдау-

мен бірге, олардың нақ сырын ашатын жаңа терминдер мен күрделі ойды білдіретін атаулар тілдік қорымызға қосылды. Мұның бәрі тіліміздегі терминологияның қоғамдық қызметінің өрісін кеңейтіп отырған құбылыстар. Бұлар бір сала әңгіме де, ал зерттеу нысанамыз болып отырған министрліктер, кәсіпорындар, ғылыми-зерттеу мекемелер аттары сөз де болса өзіндік ерекшелігі бар тілдік материал болып саналады. Мысалы, *Ақтөбе сырт киім трикотаж фабрикасы* — Актюбинская фабрика верхнего трикотажа. Бұл кәсіпорынның аты орысшасында төрт сөзбен, ал қазақшасында бес сөзбен беріліп тұр. Қазақша аудармасындағы басы артық болып тұрған «киім» сөзі, орысшасында «трикотаж» сөзінің аясында тұр. «Трикотаж» сөзінің дәл мағынасы-жүннен тоқылған киім. Орысшасы ықшамды, құрылысы күрделі қалыптасқан термин. Қазақшасында аударма еркіндігі байқалады. Термин мұндай шұбаланқылықты көтермейді. *Ақтөбе сырт трикотаж фабрикасы* деп аударсақ, дағдылана келе «трикотаж» сөзінің аясында «киім» деген ұғымның қосақтала жүретінін білеміз.

Басқа тілдің үлгісімен сөз жасау, көбінесе аударма арқылы болатын құбылыс. *Актюбинская фабрика верхнего трикотажа* құрама атауында бір ғана сөз (верхний) таза орыс тілінде, ал фабрика трикотаж сөздері басқа тілдерден кірген сөздер. Бірақ басқа тілдерден енген сөздер (фабрика, трикотаж, Ақтөбе) орыс тілінің де, аударма ретінде қазақ тілінің де грамматикалық нормаларына бағынып тұр. Мұндай жолмен жасалған мекеме аттары көп-ақ. Мысалы, *СССР мемлекеттік банкісінің қазақ республикалық конторы* — Казахская республиканская контора госбанка СССР. Мұнда бір ғана мемлекет сөзі қазақшаланған. Бұл атаудың құрамындағы алты сөз — бәрі бірдей терминдік (СССР, мемлекет, банк, казак, республика, контор) атауға жатады.

Олар жеке-жеке тұрғанда бір-ақ атаулық ұғымды білдіреді. Ал тілдің грамматикалық категориялары арқылы бірімен-бірі қиысып, жанасып яғни грамматикалық байланыста болып, атаулық ұғымды білдіретін күрделі атаулық мағынаға ие болған.

*Қазақ ССР Тұтыну қоғамдар одағының ауылшаруашылық өнімдері мен шикізат дайындау бас басқармасы* — Главное управление заготовок сельскохозяйствен-

ных продуктов и сырья Казпотребсоюза; Қазақ су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты — Казахский научно-исследовательский институт водного хозяйства; Республикалық бал арасы шаруашылығы тәжірибе станциясы — Республиканская опытная станция пчеловодства деген мысалдарды қарайық.

Бұл көп компонентті күрделі атаулардың құрамында термин мәніндегі сөздерден гөрі қарапайым лексемалар көбірек. Жоғарыдағы мысалдан ерекшелігі де сонда. Яғни көп компонентті күрделі атаулардың бір-екісі ғана термин, ал қалғандары орысшасының дәл аудармасы.

Сүйгіп құрамында бірер ғана жай сөз, қалғандары терминдерден тұратын күрделі атаулармен қатар, керісінше құрылған, яғни көпшілігі қарапайым сөздер, ішінде бірді-скілі термин ұғымындағы күрделі атаулардың да түрлері кездеседі екен. Ал «пчеловодства» деген терминнің аудармасын «бал арасы шаруашылығы» деп дәл мағынасын ашуды көздеп түсіндірме іспеттес шұбаланқылау болып кеткен. Бұл, әрине терминге қойылатын талапқа сай емес. Алғашында құлаққа тосын естілсе де, мұны бал арасы деп қосақтамай-ақ «арашаруашылығы» деп алған жөп сияқты.

Кейде халықаралық және орыс тіліне тән күрделі терминдер, әсіресе мекеме аттары құрамында аралас қолданыла береді. Кейбір ойланатын жайлар бекітілген терминдер қатарынан да шығып қалады. Мысалы, *Алматы сувенир және сыйлық бұйымдарының «Сувенир» фабрикасы* — «Алма-Атинская фабрика сувенирных и подарочных изделий «Сувенир». Мұнда орысша және қазақша аудармасында да «Сувенир» сөзінің мағынасы екі реттен қайталанып тұр. Өйткені күрделі атау құрамында орысша «подарка» қазақша «сыйлық» сөзінің баламасын «сувенир» термині атқарып тұр. Егер «Алматы сыйлық бұйымдарының «Сувенир» фабрикасы» десек әрі түсінікті, әрі ықшамды болар еді.

*Еңбек Қызыл Ту орденді Казак мемлекеттік ауылшаруашылық институты* — Казахский государственный орден Трудового Красного Знамени сельскохозяйственный институт; *К. А. Тимирязев атындағы Ленин және Еңбек Қызыл Ту орденді Москва ауылшаруашылық академиясы* — Московская Ордена Ленина и Трудового Красного Знамени Сельскохозяйственная академия им. К. А. Тими-



ряева, Мұндағы құрама сөз тізбектеріндегі негізгі ойдың иесі де, қазығы да, анықталатын сөзде де «институт» пен «академия». Оларды (институтті) «Еңбек Қызыл Ту орденді», «Қазақ мемлекеттік ауылшаруашылық» тәрізді құранды сөз тізбектерінен болған үйірлі айқындауыштар анықтап тұр. Сондай-ақ «академия» сөзін «К. А. Тимирязев атындағы», «Ленин және Еңбек Қызыл Ту орденді» «Москва ауылшаруашылық» сияқты сөз тіркестерінен құралған үйірлі айқындауыштарды анықтауда. Сонда құрама сөз тізбектерінен жасалған атауларда жетекші және бірнеше жетекші яғни айқындауыш сөздер болады екен. Яғни «Айқындауыштың өзінің айқындауышы, ол айқындауыштың тағы айқындауышы... бола беруі мүмкін»<sup>1</sup>.

Осындай құрама сөз тіркестерінің жасалу жолдарына зер салайық. Жоғарғы мысалдағы бастапқы атауы «Ауылшаруашылық академиясы» одан кейін «Москва» сөзі қосылып, оған «К. А. Тимирязев атындағы» содан кейін «Ленин» және «Еңбек Қызыл Ту» ордендерімен наградталғаннан кейін олар келіп қосылған. Осындағы алдыңғы айқындауыш сөз тізбектері еркін байланыста тұр. Егер орнын ауыстырса, ұғымға ешқандай нұқсан келмейді.

Сондай-ақ құрама сөз тізбектеріндегі үйірлі айқындауыштар өздерінің номинативтік тұтастығын сақтай отырып, жетекші<sup>2</sup> сөзді жан-жақты анықтайды және барлығы бір ғана атауды білдіреді. Сонымен қатар, күрделі сөздер өзара байланысуда да, әрбір сөздердің орын тәртібі де әр тілдің грамматикалық заңдарына сәйкестенеді. Яғни орыс тілінде көптік формасында келетін сөз тіркестері қазақ тілінде де көпше түрінде беріледі. Мысалы, *Совет Министров Казахской ССР* — Қазақ ССР *Министрлер Советі*.

Сондай-ақ, сөз тіркестеріндегі сөздердің орын тәртібі әр тілдің грамматикалық ерекшеліктеріне сәйкес ыңғайласады. Мысалы, Президиум Верховного Совета СССР — СССР Жоғарғы Советінің Президиумі. Бұл күрделі сөз тіркестерінен құралған атаулар, жүйесіз топтасқан сөз-

<sup>1</sup> Жұбанов К. Қазақ тілі жөнінде зерттеулер. Алматы, 1966.

<sup>2</sup> Жұбанов К. Аталған еңбек. Алматы, 1982. 148-б. («Жетекші», «Жетекші» терминдерін осы сөзбен пайдаланып отормыз).

дердің жинағы емес, белгілі грамматикалық заңдылыққа негізделген, нақтылы ұғымның өзі.

Кейбір мекеме, кәсіпорын атаулары Мемтерминком бекіткенге дейін «Қазақтың қаракөл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты», «Қазақтың машина жасау — сынау станциясы», «Ақтөбенің мемлекеттік облыстық ауылшаруашылық тәжірибе станциясы» болып жазылып мемтерминком бекіткеннен кейін «Қазақтың», «Ақтөбенің» деген сөздерді ілік септігін түсіріп (ілік жалғауы жасырын тұр) жазатын болды. Сүйтіп «Қазақ азаматтық авиация басқармасы», «Қазақ өсімдік қорғау ғылыми-зерттеу институты» сияқты атаулар калыптасты.

Қазірде айтуға жеңіл, жазуға ықшамды күрделі сөз тіркестерінен сәтті жасалған атаулар көпшілікке мүлтіксіз қызмет етуде.

Жетпісінші жылдарға дейін әртүрлі жазылып жүрген «Қазақтың мемлекеттік С. М. Киров атындағы Еңбек Қызыл Ту орденді университеті», «Қазақтың В. И. Ленин атындағы политехникалық институты» немесе «Қазақтың мемлекеттік Абай атындағы Ленин орденді академиялық опера және балет театры» сияқты атаулары тұрақтандырылды. Атап айтқанда, «Қазақтың мемлекеттік» сөз тіркесі жетекші сөздің (университет) негізгі айқындауышы ретінде алдына жылжыды да енді «Қазақ мемлекеттік университеті» болып нақтылы атаудың атын айқын көрсетіп тұр. Сүйтіп «Қазақ мемлекеттік университетін» «Еңбек Қызыл Ту орденді», ал «Еңбек Қызыл Ту ордендіні» «С. М. Киров атындағы» сөз тіркестері айқындап тұр. Жоғарғы мысалдар да осы тәсілмен өңдеуге тұсті.

Қазіргі қазақ тілінде терминдік сөздерді жасау жолдары сан алуан. Солардың бірі — жұрнақтар арқылы іске асады. Терминдік тіркестерді жасаудалық жұрнағы арқылы жасалған жаңа сөздер сөздік қорымыздан лайықты орын алып келеді. Мысалы, *Колхозаралық құрылыс ұйымдарының Қазақ республикалық советі, СССР Мемлекеттік банкінің қазақ республикалық, конторы, Отан соғысы мүгедектерінің Республикалық клиникалық госпиталы* тәрізді номенклатуралық атауларды жасауда сөз тіркестерінің әрқайсысында екі сөзге *-лық* жұрнағы «*колхозаралық*», «*республикалық*», «*мемлекеттік*», «*клиникалық*») жалғану арқылы жасалып тұр. Бұл жұр-

нақтар жалғану арқылы жасалған сөздер тілімізде бір-неше мағынаны білдіреді. Ал жоғарыдағы *-лық* жұрнағы арқылы жасалған сөздер бір заттың басқа бір нәрсеге тәндігін білдіреді.

Кейбір сөз тудыратын жұрнақтар өз орнын таба бермей, мөлшерден артық, ретсіз қолданылады. Осы олқылықты да мемлекеттік терминология комиссиясының 1973 жылы 20 марттағы мәжілісінде түпкілікті шешті<sup>3</sup>. Мысалы, Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын — Абай атындағы Қазақ педагогика институты; Мәншүк Мәметова атындағы Қызылорда қазақ педагогикалық қыздар училищесін — Мәншүк Мәметова атындағы Қызылорда қазақ педагогика қыздар училищесі деп жазуды бекітті.

Сөз тіркестерінен жасалған атауларды орысшадан қазақшаға аударғанда сөздердің орын тәртібі әр тілдің грамматикалық нормаларына сәйкес орналасады. Мысалы, *Ботанический сад Академии наук Казахской ССР* — Қазақ ССР Ғылым академиясының *Ботаника бағы; Восточное отделение* Всесоюзной академии сельскохозяйственных наук им. В. И. Ленина. В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық ғылым академиясының *шығыс бөлімі*.

Орысшасында «Ботанический сад», «Восточное отделение» негізгі ой қазығы, жетекші сөз тіркесі сөз басында тұр да оны анықтаушы компоненттері одан кейін орналасқан. Ал қазақшасында, керісінше, анықтаушы сөз тіркестері (Қазақ ССР Ғылым академиясының В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық Ауылшаруашылық Ғылым академиясының) анықталушы сөздерден бұрын (Ботаника бағы, Шығыс бөлімі) орналасқан. Номенклатуралық атауларды орысшадан аударғанда сөз тіркестерінің орын тәртібі қазақ тілінің нормасына сәйкес болуы қажет. Қазақ ССР Министрлер Советі жанындағы мемлекеттік терминология комиссиясында қысқа уақыттың ішінде игілікті көп жұмыстар істелді. Дегенмен бекітілген терминдер мен номенклатуралық атаулардың ішінде әлі де болса қайта қарауды, іздестіруді, жөндеуді ойластыруды керек ететін терминдер мен атаулар әзірге баршылық. Мысалы, Государственный комитет Совета

<sup>3</sup> Бекітілген терминдер мен атаулар. Алматы, 1974; Аталған еңбек. 1976.

Министров Казахской ССР — по надзору за безопасным ведением работ в промышленности и горному надзору — Қазақ ССР Министрлер Советінің өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді *қадағалау* және кен *қадағалау* жөніндегі мемлекеттік Комитеті дегенде аударма шұбалаңқы, *қадағалау* екі рет қайталанып ұйымның аты айқын, дәл тұжырымды берілмеген. Сондай-ақ Уполномоченный Совета по делам религий при Совете Министров по Казахской ССР — СССР Министрлер Советі жанындағы *Дін істері жөніндегі Советтің Қазақ ССР-ындағы уәкілі*.

Мерзімді баспасөздерде де, аудандық, қалалық, облыстық атқару комитеттерінің маңдайшаларында да *«Халық депутаттары Шелек аудандық Советі атқару комитеті»*, *«Халық депутаттары Алматы қалалық Советі атқару комитеті»*, *«Халық депутаттары Семей облыстық Советі атқару комитеті»* деп жазылып жүр. Дұрысында «Халықтар депутаттарының советі» емес пе? Сонда «Шелек аудандық халық депутаттары Советінің атқару комитеті», «Алматы қалалық халық депутаттары Советінің атқару комитеті», «Семей облыстық халық депутаттары Советінің атқару комитеті» деп берілсе негізгі мекеменің аты ерекшеленіп түсінуге жеңіл, айтуға оңай болар еді. Оны түзетіп, өзгерту енгізу де Мемтерминкомның келешекте істелетін жұмыстарының бірі.

Қорыта келгенде, көп компонентті күрделі сөз тіркестерінен жасалған атаулардың сөйлемнен айырмашылығы — номинативтік қызмет атқаруында. Олар бір-бірімен еркін байланыса келіп, бір ғана атауды білдіреді.

Атау бір сөзден де күрделі сөз тіркестерінен де тұрады. Екеуінде де белгілі бір номенклатуралық қызмет атқарады. Олай болса, бір тұтас грамматикалық байланыста болған күрделі сөз тіркестері ғана атаулық ұғымға ие болады. Ал күрделі сөз тіркестерінен жасалған атаулар синтаксистік байланыста болса да сөйлем бола алмайды, тек атаулық ұғымды ғана білдіреді.

Күрделі сөз тіркестері арқылы жасалатын термин ыңғайындағы атаулардың аудармасы және кейбір жасалу ерекшеліктері туралы мәселе әлі де зерттеле беруге тиіс.

## Қазақша мал атаулары

Мал атаулары да басқа заттардың атаулары сияқты тұрмыстың қажетіне байланысты шыққан.

Қазақ халқы мал атауларына өте бай. Себебі, олар көне заманнан көшпелі тұрмыс құрып, негізгі тіршілік тірегі төрт түлік малға байланысты болды. Қазақта төрт түлікті жеке-жеке түйе, жылқы, қой, ешкі, сиыр малы деп атады. Әрі бұлардың сақтаушы несі бар деп ұғып, оларды *ойсылқара, қамбар ата, жылқышы ата, шопан ата, шекшек ата, зеңгі баба* деген. Халық төрт түлік малға байланысты толып жатқан аңыз-өңгімелер, мақал-мәтелдер, қанатты сөздер шығарды, ақын-жазушылар өлең, әңгімелер жазды. Мәселен, Абай «Аттың сыны» өлеңінде сәйгүліктің дене бітімін, мүшелерінің сымбаттылығын айшықты тілмен шебер кестелесе, Илияс Жансүгіров «Құлагер» поэмасында адамның жылқыға сүйіспеншілігін, тұлпардың жүйріктігі мен ұшқырлығын керемет суреттейді. Қазақ халқы әсіресе жылқыны ерекше құрметтеген. Бұл, әрине, түсінікті де. Өйткені жылқы түлігі олардың мінсе көлігі, сүті сусын, еті дәмді тағамы болды. Жаугершілік заманда ержүрек батырлар сәйгүлік мініп елін, жерін басқыншы жаулардан қорғады. Атпен аңшылық, саятшылық құрды. «Ат адамның қанаты», «алып андан туады, ат биенен туады», — деп дәріптеді.

Біз қазақтың мал атауларына байланысты Қазақстанның бірқатар аудандарында экспедициялық зерттеу жұмыстарын жүргіздік. Бұл зерттеулерде өзіміз жинаған 2343 атауға қоса Т. Жанұзақовтың еңбегін де пайдаландық<sup>1</sup>.

Соның ішінде жылқы малына қойылатын атаудың басым көпшілігі түсіне байланысты екені байқалады. Мұндай атаулар бір сөзден де (*Сары, Қоңыр, Боз, Ала* т. б.), екі немесе үш сөзден де (*Құлагер, Алқаракер, Құлажирен* т. б.) жасалып отырған.

I. Біз зерттеген 250-дей жылқы атауының көпшілігі ақ түске (26) байланысты болды. Мәселен: *Ақжал, Аққұйрық, Дәуақ, Ақшап, Аққұлақ, Ақбоз, Ақсұр* т. б.;

<sup>1</sup> Жанұзақов А. Очерк казахской ономастики. Алма-Ата, 1982. С. 85—88.

екіншісі, көк түске (23) — *Тіккөк, Сынықкөк, Дәукөк, Көктай, Асаукөк* т. б.; үшіншісі, қара түске (21) — *Жаманқара, Шолаққара, Қаратаңба, Найзақара* т. б.; төртіншісі, сары түске (17) — *Сарытай, Сарытебеген, Сарыбие* т. б.; бесіншісі, қоныр түске (10) — *Сұлуқоңыр, Дәуқоңыр, Кішіқоңыр, Телқоңыр, Қоңыртөбел* т. б.; алтыншысы — ала түске (8) — *Алаешек, Алакөз, Бозала, Торыала* т. б. қойылған. Ал *қызыл, сұр, иұбар, кер, боз* т. б. түстер бір-бірден ғана кездесті.

T. Жанұзақовтың пікірінше, «ақ, сары, көк, боз түстері күрделі жеке атауларда көптік мағынаны білдіреді. Ал *қара* сөзі кейбір жағдайда белгілі бір түске байланысты бастапқы мәнін жойып, басқа ұғымды білдіруі де мүмкін (мәселен, мүйізді ірі қара)»<sup>2</sup>.

Біздің келтірген мысалдарымыздан қазақ арасында *ақ, көк, қара, сары* түстердің көбірек қолданылатыны байқалады. Ал, малдың түсіне байланысты қазақ арасында айтылып жүрген атауларды зоотехнияда қабылданған атаулармен салыстырғанымызда бірқатар айырмашылық аңғарылды. Мәселен, зоотехнияда малдың ақ түсті атауы жоқ, оның орнына ақшыл сұр деп алынған, ал қазақ тілінде ақ түске байланысты бірнеше атау бар (*ақ, ақбоз, боз-боз*). Зоотехнияда қабылданған *сұр* түс қазақша *көк* немесе *қызыл* баламасымен айтылады, *қызыл түс* жөнінде шопандар мынандай түсінік береді: жаңа туған құлынның жалпы түсі сұр болғанмен, кейбіреуінің арқасы қызыл түкті келеді. Кейіннен ол жабағы, тай болғанда түлеп, арқасындағы қызыл түгі түседі де, бірыңғай сұр түкке айналады. Алайда жылқышылар оны құлын кезіндегі түсі бойынша *қызыл ат* деп атайды. Сары түске байланысты бірнеше атаулар (*сар, сары, құла-сары, жиренсары* т. б.). Бұл сөздердің барлығы сары реңді айыру үшін пайдаланылады.

II. Жылқының мінез-құлқына, жүріс-тұрысына байланысты толып жатқан атаулар бар: *Байпаң, Жуас, Тебеген, Жалқау, Қашаған, Үркек, Тұсалған* (барлығы 50-ге жуық).

III. Кейбір жылқы малының тұқымына, жүре келе пайда болған кемістігіне қарай да ат қойып отырған. Мәселен, тез арықтайтынын *босаң* не *ашаң бие*, ет алмайтын, әрі сүтсіз, әрі суыққа төзімсізін *жасық бие*, ал десе

<sup>2</sup> Сонда. 86-б.

бітіміне, кемістігіне қарай *Ақсақ, Соқыр, Ешкібас, Қайқы бел, Кекілді, Шолақ құйрық, Төбел* (барлығы 40-қа жуық) деп атаған.

IV. Әсіресе *қасқа* тіркесіне байланысты атаулар жиі ұшырасады: *Айқасқа, Қасқа құлын, Көк қасқа, Қызыл қасқа* т. б. (барлығы 11).

V. Мал тұлғасының үлкен-кішілігіне қарай *Тәштек, Жуан, Дәуқарын, Ұзынсирақ* т. б. (барлығы 35) ат қойған.

VI. Қазақ ертегілері мен аңыз-өңгімелерінде жүйрік аттардың лақап аты болған. Мысалы: Ертөстіктің аты Шалқұйрық, Көрұғлының Құраты, Алпамыстың Байшұбары, Қобыландының Тайбурылы, Қамбардың Қарақасқасы, Ертарғынның Тарланы, Төлегеннің Көкбозы, Көбіктінің Ақмоншағы, Қараманның Сандалкөгі, Иса-тайдың Ақтабаны, Кендебайдың Керкұласы т. б.

VII. Кейде жылқы атаулары мал несіне байланыстырыла қойылады. Мәселен, Шығыс Қазақстан облысының «Урылский» совхозында мал дәрігерінің мініп жүрген аты *Доқтырбуырыл*, ал бас зоотехниктің аты *Сабырторы* деп аталады.

VIII. Бәйгеге қатысып, жүлделі орын алған сәйгүліктерді *Бәйгекүрең, Бәйгеторы, Бәйгежирен* т. б. атап кетеді.

IX. Жылқы атауына байланысты тағы бір басты ерекшелікті атап кеткен жөн. Қазақтар жылқының жасын айырғанда бір жаста, екі жаста, үш жаста, төрт жаста, бес жаста... деп атамайды. Әр жасқа лайық арнайы ат қойылады: құлын — жылқының бір жасқа дейінгі, жабағы жүні көтерілгенге дейінгі төлі; жабағы — жылқының бір жасқа толмағаны, құлын жүні түспеген, тай шықпаған кезі, тай — жылқының екі жасары; құнан — үш жастағысы; дөнен төрт жастағысы; бесті — бес жастағысы.

X. Жылқы заводтарында айғыр мен биеге арнайы зоотехникалық ат қойғанда, көбінесе кісі аттарын қою кездеседі: *Ляз, Артық, Ағын, Әсия, Сәуле, Ботагөз, Қарлығаш, Дина, Зәуре* т. б.

XI. Малдың сұлу, әдемілігін көрсететін атаулар: *Салтанат, Әдемі, Арман, Сұлу, Асыл, Сүлікқара, Сүмбілторы* т. б.

XII. Адамның малды еркелете атауына байланысты: *Сұлукөл, Аққуша, Ақлағым* т. б.

XIII. Табиғат құбылыстарына қарай: *Нажағай, Жаңбыр, Сарықар* т. б.

XIV. Егістік сөздерден қойылған мал атаулары ерекше топ құрайды: *Айтпақ, Суішкен, Қалқимыз, Тастаған, Тайған, Аршу, Арту, Айту, Алу* т. б.

XV. Зат есім, сан есім, сын есім, есімдік, үстеулерден қойылған атаулар: *Анау, Аргы, Анда, Алға, Алғы, Алыс, Қосемшек, Бесемшек, Алтыемшек* т. б. *Қаттыемшек, Итемшек, Майдаемшек, Тасемшек, Бүйенемшек* т. б.

XVI. Басқа да себептермен қойылған мал атаулары: а) дене мүшелеріне байланысты аттар: *Мүйіз, Құйрық, Қанат* т. б. б) басқа тұстармен байланысты: *Ақемшек, Алаемшек, Көкемшек, Қоңыремшек* т. б.

Сиырларда мүйіз сөзін қолдану арқылы жасалатын атаулар жиі кездеседі: *Сынықмүйіз, Өткірмүйіз, Тікмүйіз* т. б.

Құс атауларын қолдану он екі рет кездесті: *Қарға, Сандуғаш, Бұлбұл, Торғай, Сұңқар, Қарлығаш, Бүркіт, Тоған, Лашын, Бөдене, Балапан, Аққұс*.

Үй хайуандарының ішінде итке байланысты атаулар да ерекше орын алады. Ерте заманнан бері ит адамның досы және қорғаушысы болған.

Сырттан иттер қойшыларға қой жаюға көмектескен, үйлерін күзеткен. Сондықтан иттерге атауларды әрқалай беріп отырған.

1) түріне байланысты: *Ақтөс, Ақмойын, Аққұлақ, Алааяқ, Ақмойнақ* т. б.

2) мінезіне байланысты: *Саққұлақ, Таймас, Сырттан,*

3) иесінің тілегіне байланысты: *Құттыаяқ, Құттыжол,*

4) аңшы иттерге де ерекше атаулар берілген: *Құмай, Қыран, Ұшар* т. б.;

5) тағы аңдар атауларымен байланысы: *Жолбарыс, Барыс, Арыстан, Аю* т. б.;

Қазақстанның әртүрлі аудандарындағы мал атауларын салыстырғанда бірқатар жергілікті ерекшеліктер байқалады. Мәселен, Талдықорған облысында («Бірлік» совхозы) *үлкен* дегенді *дәу* сөзімен алмастыру жиі байқалады: *Дәүкөк, Дәубас, Дәуқарын, Дәуқабак* т. б. Ал, Жамбыл облысының Мерке ауданында жеке сөздерде шын орнына *ч* әрпінің қолданылуы көбірек кездеседі. *Алчак, Ақчолак, Чүнақ, Чүйкетай* т. б.

Мал атауларын морфологиялық құрылымы бойынша қарастырғанда, оларды біз жоғарыда атап өткендей,

жай және күрделі сөздерге бөлеміз. Екі және үш сыңарлы сөздерден мынандай өзгешеліктер байқалады.

1. Екі зат есімнен жасалған атаулар: *Қыз-Жібек, Тасемшек, Ешкібас, Шошқатіс* т. б.

2. Сын есім мен зат есімнен жасалған атаулар: *Дәу-көк, Сарықарын, Аққұлақ, Шубараяқ* т. б.

3. Зат есім мен сын есімнен жасалған атаулар: *Аюқара, Шолаққара, Найзақара, Бәйгеторы* т. б.

4. Сын есім мен етістіктен жасалған атаулар: *Қарақашаған, Сарытебеген, Құлақыршаңқы* т. б.

5. Екі сын есімнен жасалған атаулар: *Құлакер, Қаракер, Ақбоз, Асаукөк, Қарақұла* т. б.

6. Сан есім мен зат есімнен: *Косемшек, Үшемшек, Бесемшек* т. б.

Зат есім мен етістіктен құралған бірде бір мал атауы кездеспеді.

Қазақ мал атауларының ішінде басқа тілдерден қойылған атаулар да кездеседі.

Қазіргі кезде қазақ зоонимикасында қазақ зоонимдерінің орыс аффиксы арқылы, ал орыс зоонимдерінің қазақ аффиксы арқылы жасалу құбылысы бар.

Орыс тілінен жасалғандар: *Советхан, Дмитра, Доқтырға, Андатар* т. б.

Төмендегі мысалдар орыс сөздерінің қатысымен жасалғаны көрінеді.

1. Қысқартылған атаулар: *Ондатра — Ондатр, Чинара — Чинар, Касторка — Кастор, Лопата — Лопат, Амазонка — Амазон.*

2. Жалғаулар арқылы өзгеріп айтумен байланысты атаулар: *Дмитрий — Дмитра, Букег — Букетка, Валет — Валетка, Вольер — Вольера.*

3. Қазақ аффикстерін орыс сөздері түбіріне қосу арқылы: *Советхан, Наташакөл, Востокхан.*

4. Орыс аффикстерін қазақ сөздеріне қосу арқылы: *Тышканчик* (еркелету-кішірейту жұрнағы, сал: мальчик, пальчик) *Тулпарчик, Гульнарка* (еркелету — кішірейту жұрнағы, сал: Машка, Ванька), *Сәулешка.*

5. Орыс сөздері түбіріне барыс септік жалғауын жалғау арқылы: *Дохтырға* (ср. рус. Доктор — к доктору)

Қазақша мал атауларынан қазақ тілінің сөз байлығын байқаймыз. Бір сөзбен айтылған кейбір мал атаулары басқа тілдерге аударуға келмейді: *Айну, Алқым, Аза, Араз, Мирас, Мерей, Разы* т. б.

Мал атауларында ертедегі түркі және араб тілінен алынған сөздер де кездеседі. *Сандуғаш* (түркі тілдерінде) — *Бұлбұл* (араб), *Арыстан* (түркі) — *Хайдар* (араб).

Қазақ зоонимдері ежелгі көшпелі қазақ елінің әркілі өмірін көрсетіп қана қоймай, олардың әдет-ғұрып, мәдени дамуында да орын алғанын байқатады.

Үй хайуандарының аттары айтыла келе олардың құлағына сіңіп, дағдыға айналып, кейде малдың «психиялық және физиологиялық» күй-жайына әсер етеді. Жылқы мен сиыр және басқа малдар үнемі қолда болғандықтан адамдарға үйір келеді. Олар үнемі мәлепел, атын атап шақырғанға дағдыланады, бара-бара ұдайы көндігіп, адамға жақын боп, үйір болады. Егер сиырды сылап-сипап күтіп, жақсы жағдай жасаса сүтті көп береді. Міне сол себептен де мал шаруашылығында, әсіресе қолда күтімде тұратын малға ат қойып, айдар тағудың маңызы ерекше зор.

К. ЕСБАЕВА

#### Қазақ ономастикасы жайлы әдебиеттер

Қазақ ономастикасын зерттеумен Тіл білімі институтындағы ғалымдар ғана шұғылданып қоймай, республикадағы жоғары оқу орындарының оқытушылары, сондай-ақ жазушылар мен әдебиетшілер, журналистер мен тарихшылар т. б. мамандықтағы азаматтар шұғылданып, газет, журнал беттерінде ауық-ауық мақалалар жариялап отырды. Қазақ ономастикасына шетел ғалымдары да назар аударып, мақалалар жариялап тұрды.

Олардың бәрін мақала көлемі көтермегендіктен, бұл көрсеткіште көрсетуге мүмкіншілік болмағанын ескертеміз. Олардың бәрі де келешекте біздің қолымыздағы баспаға дайындап жатқан «Қазақ ономастикасының библиографиялық көрсеткішіне» толық еңбек.

Бұл көрсеткіштегі материалдар авторлардың фамилиясы бойынша қатан тәртіппен беріліп, олардың жұмыстары хронологиялық ретімен көрсетілді.

Материалды пайдаланғандарға жеңіл болу үшін қазақ және орыс тілдеріндегі еңбектер екі салаға бөлінді. Материалдарды көрсетуде библиографиялық көрсеткіштерде қолданылып жүрген ғылыми негізге сүйенген біркелкі принцип мұхият басшылыққа алынды.

Қазақстан ономастикасы бойынша жарық көрген топонимдік және антропонимдік еңбектер мен сөздіктердің қалың көпшілік үшін пайдасы зор. Оны зерттеуші ғалымдар ғана жазып қоймай, әр түрлі мамандықтағылардың да ат салысып, пікір айтып жүргендері көп. Жыл сайын жүздеп шығып жатқан ондай еңбектерді жұрттың бәрі біле бермейді.

Өйткені, күні бүгінге дейін ономастикалық еңбектердің арнайы библиографиялық көрсеткіші жасалған жоқ. Соның салдарынан қажетті кітаптарды тауып оқу көп реттерде мамандарға, курстық және дипломдық жұмыстар жазатын студенттерге қиындық туғызып жүр.

Олай болса қазақ ономастикасы жайлы шыққан еңбектерді оңай тауып оқитын библиографиялық көрсеткіш өте қажет-ақ. Біз бұл көрсеткіште Қазақстанда немесе басқа республикада жарияланған кітаптарға толық тоқталмасак та, олардың ішіндегі ең негізгі, басты дегендерін ғана қамтып, қысқаша болса да ономастикалық библиография көрсеткішін жасауды мақұл көрдік. Көрсетілген әдебиеттерден басқа да мерзімді баспасөз беттеріндегі авторефераттар мен түрлі журналдар, соңғы жылдары жарияланған мақалалар да мүмкіндігінше толық қамтылды.

Библиографиялық көрсеткішке барлығы 194 ғылыми-зерттеу жұмысы еніп отыр. Оның ішінде жеке кітаптар мен монографиялар, сөздіктер, 8 автореферат, 182 газеттер мен журналдарда жарияланған мақалалар қамтылды.

### Қазақ тіліндегі материалдар

- Ақынжанов М. Қазақ халық есімі жайлы //Қазақ әдебиеті 1967. 6 янв.
- Алдабергенов Ж. Сөздеріміздің төркіні //Қазақстан мектебі. 1966. № 4. 77-б. (Қантағы, Ащысай топонимдерінің төркіні жөнінде).
- Аманжолов С. Географиялық атаулар //Пионер. 1941. № 3.
- Аманжолов С. Советтік тіл ғылымының даму негіздері //Халық мұғалімі. 1948. № 10 (Қазақ есімдерін семантикалық топқа бөлген).
- Аманшин Б. Атың кім, айпалайың //Мәдениет және тұрмыс, 1975. № 6. 18—19-б.
- Әбдіхалықов Ж. Қандай есім жарасты? //Лениншіл жас. 1974. 15 окт.
- Әбдірахманов А. Гурьев қаласы жайында//Қазақстан пионері. 1955. 11 окт.
- Әбдірахманов А. Қазақстан жер-су аттарының дұрыс жазылуы мен транскрипциясының кейбір мәселесі жайында//Коммунизм туы. 1955. 25 сент.
- Әбдірахманов А. Жер-су атауларына зер салсақ// Қазақстан пионері. 1956. 31 окт.
- Әбдірахманов А. Ақмола қаласы жайында// Қазақстан пионері. 1956. 7 янв. (Ақмола атауының шығуы туралы).
- Әбдірахманов А. Кейбір этнография этимологиясы жөнінде// Қазақстан мектебі. № 10. 1971. 88—91-б.
- Әбдірахманов А. Қазақ сөзінің шығу төркіні //Қазақ әдебиеті, 1968. 3 фев.
- Әбдірахманов А. — М. Қашқари және ономастика мәселелері// Қазақстан мектебі. № 10. 1971. 88—91-б.
- Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. 1975. 204-б.
- Әбдірахманов А. Қазақстан этнопонимикасы. Алматы, 1979.
- Әбдірахманов А. Топонимика жаңа ғылым саласы// Қазақстан мектебі. 1978. № 2. 83—86-б.
- Әбдірахманов А. Қазақстан этнопонимикасы//Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысы. 1978. № 1. (Резюме орыс тілінде).
- Әлімбаева О. Ономастика («Абай жолы» эпопеясындағы адам аттары //Білім және еңбек. 1968. № 12. 30—31-б.

Әлімжанов Б. Кейіпкерлерге ат қоя білу де шеберлік// Қазақ әдебиеті, 1979, 4 май.

Әміров Р. Фольклордағы кейбір персонаждар және олардың аттары //Қазақстан мектебі. 1973. № 12. 82—84-б.

Балақаев М. Тіл мәдениеті. Алматы, 1975 (кісі аттары туралы материалдар бар).

Балақаев М. Кейбір газеттердің тіл өрескелдігі туралы// Социалистік Қазақстан. 1958. 21 сент. (кейбір кісі аттары мен фамилиялардың жазылуы туралы пікір бар).

Баяндин Н. Жер атаулары// Білім және еңбек. 1962. № 5.

Баяндин Н. Сарыарқа// Білім және еңбек. 1984. № 1 (289). 8-б.

Бернштам А. Н. «Қазақ» сөзінің этимологиясы және қазақ халқының этногенезі мәселесі// Қазақстан мектебі. 1967. № 6. 81—86-б.

Бірмағамбетов Ә. Бұлай деп неге айтамыз? (Қызықты географиялық атаулар). Алматы, 1971. 64-б.

Есбаева К. Есімдер — дәуір рухы// Қазақстан әйелдері. 1984. № 1. 15—16-б. (Т. Жанұзақовпен бірігіп).

Есбаева К. С. М. Әуезов шығармаларындағы есімдердің мағынасы// Жұлдыз. 1984. № 7. 200—202-б.

Жанұзақов Т. Кісі аттарының жазылуы туралы// Қазақстан мұғалімі. 1957. 27 июнь.

Жанұзақов Т. Сөзін есімің// Лениншіл жас. 1958. 21 янв. (кісі аттарының шығу тегі жайлы).

Жанұзақов Т. Кісі аттарының құрылыстары мен сипаттары //Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары. Филология сериясы. 1959. 1—2 шығуы. 177—188-б. (резюме орыс тілінде).

Жанұзақов Т. Қазақ ономастикасының кейбір мәселелері// Қазақ тілі тарихы мен диалектология мәселелері. Алматы, 1960. 3-шығ. 179—215-б.

Жанұзақов Т. Қазақ есімдері тарихынан //Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысы. 1960. № 9. 41—44-б.

Жанұзақов Т. Кейбір адам есімдерінің жазылуы туралы //Лениншіл жас. 1961. 13 авг.

Жанұзақов Т. Венгр ғалымының ономастика жайлы еңбектері //Қазақ және ұйғыр тіл білімінің мәселелері. Алматы, 1963. 220—222-б.

Жанұзақов Т. Кісі аттарының орфографиясы. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Алматы, 1963. 527—557-б.

Жанұзақов Т. Қазақ тіліндегі жалқы есімдір. Университет пен педагогтік институттар студенттеріне арналған оқу құралы. Алматы, 1965. 147-б.

Жанұзақов Т. Ономастикадағы жергілікті тіл ерекшеліктері //Қазақ диалектологиясы. Алматы, 1965. 1-шығ. 193—200-б.

Жанұзақов Т. Ономастика жинау программасы. Алматы, 1966. 9-б. (А. Әбдірахмановпен бірігіп).

Жанұзақов Т. Қандай есімді ұнатасыз. Алматы, 1968. 116-б.

Жанұзақов Т. В. И. Лениннің бүркеншік есімдері //Социалистік Қазақстан. 1969. 16 дек.

Жанұзақов Т. Сан есімдерден жасалған жалқы есімдер //Исследования по тюркологии. Алма-Ата, 1969.

Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы. (Лингвистикалық және тарихи-этнографиялық талдау). Алматы, 1971. 215-б.

Жанұзақов Т. Атыңызды қалай жазасыз?// Қазақ әдебиеті, 1971. 11 июнь.

Жанұзақов Т. Есімдер сыры. Тайны имен. Алматы. 1974. 132-б.  
Жанұзақов Т. Этнонимдердегі көптік жалғау формалары// Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары. 1975. № 1. 9—19-б. (резюме орыс тілінде).

Жанұзақов Т. Жалқы есімдердің емлесіндегі кейбір алалықтар //Өрелі өнер (Тіл мәдениеті туралы мақалалар жинағы). Алматы, 1976. 46—49-б.

Жанұзақов Т. Космонимдердің лексика-семантикалық ерекшеліктері //Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысы. 1978. № 6. 51—62-б. (резюме орыс тілінде).

Жанұзақов Т. «Қазақ» деген сөз қайдан шыққан? //Жұлдыз. 1983. № 3. 194—198-б.

Жанұзақов Т. Есбаева К. Есімдер — дәуір рухы //Қазақстан әйелдері. 1984. № 1. 15—16-б.

Жер-су аттары қайдан шыққан? //Қазақстан мектебі. 1966. № 4. 91—93-б.

Кендібаев Ф. Есім сыры (мифологиялық этюд) //Қазақ әдебиеті. 1980. 15 фев. (Сыпыра жырау есімінің түп-төркіні туралы).

Кенжебаев Б. Қазақ //Қазақ әдебиеті. 1966. 23 сент.

Кенжебаев Б. Тарғытай //Қазақ әдебиеті. 1969. 23 авг.

Кеңесбаев І. Кісі аттары мен фамилиялары //Еңбек майданы. 1939.

Керімбаев Е. Атаулар сыры. Алматы. 1984. 109-б.  
Қойшыбаев Е. «Боралдай» сөзі қайдан шыққан? //Қазақстан мұғалімі. 1962. 27 сент.

Қойшыбаев Е. Алып таулар тарихы. //Мәдениет және тұрмыс. 1963. № 8. (Тяньшань, Күнгей Алатау, Теріскей Алатау топонимдеріне талдау жасалған).

Қойшыбаев Е. «Алматы» және «ты» қосымшасы жайлы //Қазақстан мектебі. 1963. № 8.

Қойшыбаев Е. Жетісу сөзінің этимологиясы //Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. 1973. № 6. 42—46-б. (резюме орыс тілінде).

Қойшыбаев Е. «Сарыарқа» сөзінің этимологиясына //Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабаршысы. 1974. № 12. 70—72-б. (резюме орыс тілінде).

Қоңыратбаев Ә. «Қазақ» деген сөз қайдан шыққан? //Лениншіл жас. 1969. 31 янв.

Қоңқаибаев Ф. Кейбір географиялық атаулар жайында //Лениншіл жас. 1969. 31 янв.

Қоңқаибаев Ф. Кейбір аңдарға байланысты Қазақстан жеріндегі географиялық атаулар. Вопросы географии Казахстана. 1960. Вып. 7.

Қоңқаибаев Ф. «Алматы» тектес атаулар //Қазақстан мектебі. 1971. № 2. 94—96-б.

Қоңыратбаев Ә. «Қазақ» деген сөз қайдан шыққан? //Ленин жолы. 1967. 7 сент.

Мүсәбаев Ф. Қазақ тілі мен грамматикасы тарихынан. 1-бөлім. Алматы, 1966 (кейбір этнонимдердің мағынасы, шығу тегі айтылған).

Мүсәбекова Ф. Жалқы есімдердің қолданылуындағы стильдік ерекшеліктер //Қазақ тілі мен әдебиеті (Қазақтың Еңбек Қызыл Ту орденді С. М. Киров атындағы мемлекеттік университеті). 2-шығуы. Алматы, 1973. 95—103-б.

Нұрқанов С. Этнолингвистикалық этюд (Торы этнонимі мен Торғай топонимінің төркіні туралы) //Қазақстан мектебі. 1967. № 1. 74—76-б.

Нұрмағамбетов Ә. «Адай» этнонимі туралы //Қазақстан мектебі. 1967. № 7. 79—80-б.

Нұрмұқанов Х. Кісі аттарының эмоционалды және экспрессивті ыңғайда жұмсалуды //Қазақ тілі мен әдебиет мәселелері. Аспиранттар мен ізденушілердің жинағы. 1968. 5-шығ. 127—147-б.

Омарбеков С. Амудария мен Сырдария атаулары қайдан шыққан? //Қазақстан пионері. 1961. 8 июль.

Омарбеков С. «Шәуілдір» топонимінің шығу төркіні жөнінде //Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары. Филология мен өнертану сериясы. 1962. 2-(21) шығ.

Өмірәлиев Қ. Сөздердің тарихынан //Қазақстан мектебі. 1963. № 3. (Маңқыстау атауының этимологиясы).

Өмірәлиев Қ. «Қазықұрт» және оған қатысы бар топонимдер жайлы (этнолингвистикалық очерк) //Қазақстан мектебі. 1967. № 4. 78—84-б.

Рашев М. Ат қоюдың әлегі //Терек пен тікенек (фельстон). Өлеңдер жинағы. Алматы, 1958.

Республикалық және жергілікті жерге бағыпатын мемлекеттік объектілерге, сондай-ақ колхоздар мен кооперативтік ұйымдарға ат қою және олардың аттарын өзгерту тәртібі туралы Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулысы. Алматы, 1970. 25 май. № 342.

Сұлтанояев О. «Арықбалық» топонимінің этимологиясы туралы //Қазақстан мектебі. 1969. № 11. 79—80-б.

Бісқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. Алматы, 1964. 230—233-б. (жалқы есімдер және олардың қосымшалары туралы айтылған).

## ОРЫС ТІЛІНДЕГІ МАТЕРИАЛДАР МАТЕРИАЛЫ НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ

Абдрахманов А. Некоторые вопросы казахской топонимики: Автореф. дис... канд. филол. наук. Алма-Ата, 1955. 18 с.

Абдрахманов А. О топонимах Казахстана в словаре русской транскрипции географических названий //Вопросы истории и диалектологии каз. языка. Алма-Ата, 1958. Вып. 1. Рец.: Волостнов М. Б. Словарь русской транскрипции географических названий //М. 1955. Ч. 1.

Абдрахманов А., Базарбаев К. Создать словарь географических названий //Учитель Казахстана. 1959. № 40. 10 октября.

Абдрахманов А. А. Вопросы топонимики Казахстана //Совещание по топонимике Востока: Тезисы. М., 1961. С. 36—37.

Абдрахманов А. Этимологические изыскания — основная задача топонимике //Друга Республіканська онамастична нарада: (Тезисы). Київ, 1962. С. 69—71.

Абдрахманов А. Вопросы топонимики Казахстана //Топонимика Востока. М., 1962. С. 46—53.

Абдрахманов А. Отражение этнонимов в топонимике Казахстана //Мат-лы Всесоюз. конф. по топонимике СССР. 28 января — 2 февраля 1965 г.: Тез. докл. и сообщ. Ленинград, 1965. С. 187—189.

Абдрахманов А. А., Койчубаев Е. К. Ономастика в Казахстане //Развитие казахского советского языкознания. Алма-Ата, 1980. С. 67—70.

Абдрахманов А. А. Историческая близость тюркских народностей Сибири и казахов на основе этнонимики и топонимики //Мат-лы межвузовской конференции: Происхождение аборигенов Сибири и их языков: Тезисы, Томск, 1969.

Абдрахманов А. Диалектология и топонимика //Мат-лы VII региональной конференции по диалектологии тюркских языков (15—17 мая 1973 г.): Маловские чтения (18 мая 1973 г.): Тезисы. Алма-Ата, 1973. С. 67—69.

Абдрахманов А. Этнотопонимы Казахстана, связанные с Алтаем //Язык и топонимия Алтая: Тез. докл. к конференции. Барнаул, 1979. С. 24—27.

Абдрахманов А. А. К вопросу о методах этимологического ис-



- следования топонимов Казахстана //Тюркская ономастика. Алма-Ата, 1984. С. 120—130.
- Алекторов А. Е. Имена киргизов //Оренбургский листок. 1868.
- Алиев С. Географические названия Казахстана //География в школе. 1939. № 4.
- Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959.
- Аристов А. Опыт выяснения этнического состава киргиз-казахов большой орды и кара-киргизов //Живая старина. Вып. 3—4. 1894.
- Бакенов М. М. Топонимика — на службу геологии //Вестник АН КазССР. 1968. № 8. С. 25—29.
- Баяндин Н. О некоторых географических названиях Восточного и Центрального Казахстана //Вестник АН КазССР. 1949. № 4.
- Битанова А. С. Казахская топонимика Кустанайской области //Друга Республіканська ономастичка нарада: Тезиси. Київ, 1962. С. 40—41.
- Битанова А. С. Глагольные конструкции в казахской топонимике Кустанайской области //Питання ономастики. Київ, 1965. С. 234—236.
- Валиханов Ч. Ч. О космогонических понятиях казахского народа //Собр. соч. Алма-Ата, 1961. Т. 1.
- Водчак Т. В., Попова В. Н. Отражение растительного мира в топонимах Казахстана //Тюркская ономастика. Алма-Ата. 1984. С. 172—181.
- Географический указатель: Уральский округ и его районы. Уральск, 1930. Вып. 2: Краткий словарь географических названий Уральской области.
- Джанузаков Т. Из истории развития ономастики казахского языка //Друга П Респуб. ономастична нарада: Тезиси. Київ, 1962. С. 200—203.
- Джанузаков Т. Из истории ономастики казахского языка //Питання ономастики. Київ, 1965. С. 295—299.
- Джанузаков Т. Историко-этнографическая связь ономастики и топонимии Казахстана //Мат-лы Всесоюз. конф. по топонимике СССР: Тезиси. Д., 1965. С. 189—191.
- Джанузаков Т. Роль русско-интернациональных заимствований в обогащении казахской антропонимии //Мат-лы IV Респуб. ономастической конференции: Тезиси. Киев, 1969. С. 126—129.
- Джанузаков Т. О проблемах антропонимии //Изв. АН КазССР. Сер. общественная, 1969. № 3. С. 72—75. (На казах. яз.).
- Джанузаков Т. Социально-бытовые мотивы в казахской антропонимии //Личные имена в прошлом, настоящем и будущем. М., 1970. С. 194—200.
- Джанузаков Т. Основные типы и состав тюркской ономастики V—VIII вв. //Изв. АН КазССР. Сер. общественная. 1971. № 1. С. 61—65.
- Джанузаков Т. Обычай и традиции в казахской антропонимии //Этнография имен. М., 1971. С. 100—103.
- Джанузаков Т. Элементы диалектизмов в антропонимии //Мат-лы VII региональной конференции по диалектологии тюркских языков: Маловские чтения: Тезиси. Алма-Ата, 1973. С. 62—64.
- Джанузаков Т. (В соавторстве с акад. С. К. Кенесбаевым).

- О лексических пластах ономастики казахского языка //Советская тюркология. 1976. № 3. С. 78—88.
- Джанузаков Т. Вопросы русско-казахского антропонимического взаимодействия //Питання сучасної ономастики. Київ, 1976. С. 156—159.
- Джанузаков Т. Д. Основные проблемы ономастики казахского языка: Автореф. дис. на соискание уч. степени доктора филол. наук. Алма-Ата, 1976. 130 с.
- Джанузаков Т. Собственные имена в эпосе «Путь Абая» М. Ауэзова //Nomina appellative et nomina propria: XIII International Congress of Onomastic Sciences. XIII Международный конгресс по ономастике: (Резюме рефератов). Cracow, 1978, August, 21—25. 62 p.
- Джанузаков Т. Этюды о казахских этнонимах //Ономастика Средней Азии. Фрунзе, 1980. Ч. 2. С. 16—24.
- Джанузаков Т. Состояние и перспективы развития казахской ономастики //Языкознание: Тез. докл. и сообщ. III Всесоюз. тюркологической конференции. 10—12 сентября 1970 г. Ташкент, 1980. С. 205—206.
- Джанузаков Т. Очерк казахской ономастики. Алма-Ата: Наука, 1982. 176 с.
- Джанузаков Т., Саттаров Г. Ф. Татар исемире сузлери //Советская тюркология. 1982. № 4.
- Джанузаков Т. Д. (В соавтор. с акад. Кайдаровым А. Т.). Состояние и перспективы развития казахской ономастики //Вестник АН КазССР. 1983. № 1. С. 44—49.
- Джанузаков Т. Д. Развитие тюркской ономастики в СССР //Тюркская ономастика. Алма-Ата: Наука, 1984. С. 13—33.
- Джанузаков Т. Древняя топонимия Казахстана //Resümées der Vorträge und Mitteilungen. XV International Congress of Onomastic Sciences. XV Международный конгресс по ономастике. Karl-Marx-universität. Leipzig, 1984, 13—17 August. 50 p.
- Еспаева К. С. О семантике антропонимов в эпосе «Путь Абая» М. Ауэзова: Научное сообщение //Мат-лы респ. научно-практической конференции молодых ученых и специалистов по общественным наукам. Алма-Ата, 1983. 29—30 ноября.
- Еспаева К. С. Лексико-семантические типы антропонимов в эпосе «Путь Абая» М. Ауэзова: Сб. Тюркская ономастика. Алма-Ата, 1984. С. 229—234.
- Еспаева К. С. Литературно-стилистические функции антропонимов в исторических романах М. Ауэзова //Мат-лы конференции «Ономастика Узбекистана»: Тезиси докладов. Джизак, 1984.
- Жубанов Х. Исследования по казахскому языку: (Имеются материалы о синтаксисе личных имен казахов). Алма-Ата, 1966.
- Исебаев Т. А., Кажибекоев Е. З. Некоторые предварительные результаты сопоставления анализа названий родоплеменных групп адай и суйиндик //Тюркская ономастика. Алма-Ата, 1984. С. 96—111.
- Кайдаров А. Т., Койчубаев Е. К. К лингвистическому объяснению этнонима «казак» //Вестник АН КазССР. 1971. № 2. С. 47—51 (Резюме на казахском языке.).
- Кайдаров А. Т., Джанузаков Т. Д. Состояние и перспективы развития казахской ономастики //Вестник АН КазССР. Алма-Ата. 1983. № 1. С. 44—49.